	<p>Алтын уақыттарыңызды бөліп, сабаққа қатысқандарыңыз үшін алғысымды білдіремін. Сіздерге шығармашылық табыс тілеймін.</p>	



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР, САЛТ – ДӘСТҮРЛЕР

Ахметжанова Гульмира Улатаевна

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Меркі ауданының білім бөлімінің «Оқушылар «Үміт» сарайы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Зерек» қазақ тілі үйірмесінің қосымша білім беру педагогі

Әр ұлттың өзіне тән құндылығы, сан ғасырлар бойы сақталып келе жатқан тамаша әдет – ғұрышы мен салт – дәстүрі болады. Қаймағы бұзылмаған қазақ халқының да көнеден бері көзінің қарашығындай қарап, ерекше қастер тұтатын қасиеттері жетіп артылады.

Салт – дәстүрдің қай түрін алып қарасақ та, тұнып тұрған тәрбие, тағылымды ой мен тамаша тұрмыстық қажеттіліктерді аңғарамыз. Адам баласы шыр етіп дүние есігін ашқан сәттен бастап, жарық дүниемен қош айтысатын кезеңге дейін ерекше сәттермен көмкеріліп, өзіне тән жөн – жоралғысын жүзеге асырады.

Ұрпаққа адамгершілік пен жақсылықты дәріптейтін, адалдықтан аттамай, адамдықты сақтауға жол ашатын дәстүр қашан да өзінің қадір – қасиетін жоғалтпауы тиіс. Біз қолдағы қазынаны күнделікті дәріптегенде ғана оны келер ұрпаққа тұтасынан аманаттап, қолданыстан шықпауына негіз боламыз. Қазіргі таңда ұмытылып кеткен көптеген салт – дәстүріміз бар екені жасырын емес. Тағылымды тарих беттерін парақтай отыра, оларға терең зерттеу жүргізіп, қайта жаңғырту, қазіргі заманға қолданса енгізу аса үлкен қажеттілік. Біз ата – бабамыздың даналығын, бойларындағы білімнің ұшқыны мен қарым – қабілеттерін қалдырған асыл дәстүрлерінен айқын аңғарамыз. Қазіргідей техниканың кең дамымаған заманында, инновациялық серпілістің көмегісіз – ақ олар жақсылыққа бастайтын игі істерді жан – жақты біліп, оны жүзеге асыруға тырысқан. Мәселен, «Бесікке салу» дәстүрін ғана алып қарайтын болсақ, оның көптеген тамаша қырлары бар екендігін аңғара аламыз. Ол ең алдымен нәрестенің тыныш ұйқысын қамтамасыз етіп, ерте кезден тазалыққа баулиды. Қол – аяқтың түзу қалыптасуына негіз болып, жүйке жүйесінің бірқалыпты дамуына негіз болмақ. Ананың әлдиімен қалың ұйқыға кететін бүлдіршіннің болашақта өнерге, мәдениетке деген құрметі басым болып, мінез салмақтылығы, жақсылыққа қарай жүрегі бұрып тұратындығы айдан анық. Ал, бұл бесіктің артықшылықтарын дана қазақ ерте кезден аңғарып, оны асқан шеберлікпен дайындап, әр бөлшегіне дейін ойлап табуы, оны күнделікті тұрмыста шебер қолдана алуы расымен үлкен мақтауға лайық!

Сол секілді, алыстан ат арбалап, ауыл – аймаққа түскен адамға жасы сексеннен асса да ақсақалдардың өзі келіп, арнайы сәлем беріп кететін болған. Бұл қонаққа деген құрмет, кез – келген адамға деген шынайы ықылас пен жас ерекшелігіне қарамай, келген адамды бауырға тартып, татулық пен бірліктің тамаша үлгісін өскелең ұрпаққа көрсету болған.

Үйленіп, ордалы отау тігу барысында да көптеген салт – дәстүр, тағылымды тәрбиені көзіміз шалады. Оның үзгі әлі күнге сақталып, әсіресе той – томалақта өзінің тамаша көрінісін байқатады. Дегенмен, сол тағылымды тәрбиені теріске шығарып, қоғамда оны ойынға айналдырып, жақсылыққа қарай емес, жалқылыққа алмастырып бара жатқаны үлкен өкініш тудырады. Мәселен, бүгінгі таңда әлеуметтік желінің тілімен айтсақ трендке айналған, «Maйn» мәселесі екі жақты пікір тудырып, біреулердің қалтасын қағып жатса, бай – қуатты адамдар үшін бәсекеге айналған. Жылтыраған жалған дүниеге алданған жастар өзгелермен өз өмірлерін салыстырып, тойға дейін тағдырларын екі айырып, тіл табыса алмай, туысқандарды әуреге салып, енді ғана тіккелі отырған ордаларын ортасына түсіріп жатқаны жасырын емес. Сондықтан, әр дәстүрдің өзіне тән тазалығын, қадір – қасиетін сақтап, сол бәз қалпында келер ұрпаққа аманаттай алу біздің алдымызда тұрған міндет.

Кез – келген мерекеде болсын, қызық – қуанышта қазақ халқының салт – дәстүрінің өз салмағы, іске асыратын үрдістері бар. Әсіресе, талай жыл тойлануға тыйым салынып, озбыр саясаттың ықпалымен дәріптелмей келген «Наурыз мерекесі» өз алдына дербес ел атанып, тәуелсіздіктің уығын биік қадаған сәттен бастап қайта қолға алына бастағаны көңілге қуаныш ұялатады. Аталмыш мереке қарсаңында қазіргі таңда жыл артқан сайын жаңаша бағдарламалар енгізіліп, жалпыхалықтық тойлау дәстүрі, әдет – ғұрыптың әдебін көрсетуге деген құлшыныс, адамдардың аталмыш айға деген көзқарастарын өзгертіп, қуана күтетін, қызыға тойлайтын мерекеге айналған. Жыл артқан сайын қазақша жаңа жылды қарсы алу үрдісі кең қарқында жүзеге асырылып, салт – дәстүрдің сан түрін көрсетуге деген ықылас – ниет артып келеді. Бұл әрине, жас буын өкілдеріне тамаша үлгі болуда. Олар қазірден бастап бұл дағдыны бойларына сіңіріп, ұлтымызға тән ұлылықпен танысып, ұлтына қазмет етуге дайын болары анық.

Жалпы, тек наурыз айында ғана емес, күнделікті тұрмыс – тіршілікте ұлтымызға тән ұлылықты одан әрі асқақтатуға әр адам үлес қосуы тиіс. Себебі, салт – дәстүрдің қай түрін алып қарасақ та мөп – мөддір тазалық пен тамаша көріністің куәсі боламыз.

«Әр елдің салты басқа» деген қазақтың тамаша мақалы бар. Расымен, жер бетін мекен ететін түрлі ұлттың өзіне тән ұрпағына аманаттайтын ерекшелігі бар. Қазақ халқының дәстүрі адамның толықтай кемелденуіне, береке – бірлікте өмір сүріп, жақсылыққа сенуіне, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге ізетті болуға баулиды.

Ұлтымызға тән ұлылық жетіп артылады. Ұлттық ойын түрлері, халықтық педагогика, кестелі сөз өнері және тек біздің жұртымызға ғана тән жүректі жылытатын, жанарға жылу ұялатып, жарқын болашаққа мол сеніммен көз жүгіртуге мүмкіндік беретін жайттар расымен өзінің өзектілігін аңғартады. Олай болса, ұрпақтан ұрпаққа талай ғасырдан бері аманат болып келе жатқан ұлтымызға тән ұлы құндылықты дәріптеу, салт – дәстүрді сақтау аса үлкен қажеттілік.



«ТЕАТР – ӨМІРДІҢ МАҢЫЗДЫ ҚҰРАЛЫ» (Артикуляция жаттығулары)

Байназаров Бақытжан Берикханович

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Меркі ауданының білім бөлімінің «Оқушылар «Үміт» сарайы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Жайдарман» үйірмесінің қосымша білім беру педагогі

Мақсаты: Анық та нақты сөйлеуге дағдыландыру, дыбысты дұрыс айту үшін сөйлеу аппаратын дұрыс қозғалысқа келтіру және тілді белгілі бір қалыпта ұстауға бағыттау.

Міндеті:

- Тіл дыбыстарын және олардың артикуляциялық жақтарын түсіну
- Сөйлеу мүшелері мен олардың әрқайсысының қызметі туралы түсіндіру
- Артикуляциялық жаттығулар жасауға үйрету.

Түрі: Шебер сынып

Әдісі: Артикуляциялық жаттығулар, жаңылтпаштар.

Құрал-жабдықтар: Суреттер, қаламсаптар, интерактивті тақта.

Жұмыс барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Бүгінгі семинар қатысушылары біз артикуляциялық мүшелермен танысамыз. Оларға (ерің, тіл, таңдай, тіс, альвеола жатады). Жаттығулар орындауға дайындық жұмысын жасау.

II. Негізгі бөлім:

Кіріспе сөз:

Штефан Ланге деген неміс журналисі Германияда таңғы бағдарламаларды радиода жүргізетін болған. Дүкендерге барғанда “Мына заттың бағасы қанша? деп сұраса бірден барлығы елең етіп бұрылып, бұрылған заматта тани кетеді. Ең керемет баға да сол емес пе? Яғни, сенің түріңмен, есімінмен тану емес, басты құжат- дауысыңмен тану. Адамнан шығатын сөз дауыспен сүйемелденеді, яғни сіздің кез келген адаммен тілдесіп отырған шағыңыз тарихи оқиға. Тілдескен адамның ақылына сөз-ақпарат әсер етсе, дауыс көңіліне төте өтеді.

Дауыс-сөздің реңі , бояуы, ал дикция –сол сөздің тыңдаушыға мазмұнды жетуі. Дикция сөзді оюлайды, мүсіндейді. Дауыс пен дикцияны өзгертуге болады, олар қатар дамығанда ғана сіз әдемі сөйлей аласыз. Бұл басты қару, сенімді инструмент. Себебі анық дауыс, таза дикция арқылы аудиторияны сөзіңізге сендіріп, өтімді болуына жол ашасыз.

Сөзді анық та нақты сөйлеу үшін, бәріміз қазақ тілі пәнінен оқыған, дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айта білуіміз керек. Сөйлеуге қызмет ететін аппарат арқылы әртүрлі дыбыстау қозғалыс орнын артикуляция дейміз.

Диафрагмалық тыныс алуда (ішпен дем алу) дем сыртқа шығады, сол сәтте әрбір дыбыстың өз қимылы, артикуляциясы болады. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды дәл айтсақ, дұрыс дем алуды үйренесіз.

Практикалық кезең

Даусыңыз жақсы болу үшін бірнеше артикуляциялық ерін жаттығуларын назарыңызға ұсынамын:

1. Ерінді алға шығарып, қайта жинаңыз
2. Сүйірлеп шығарып, жоғары-төмен қозғалтыңыз
3. Алға шыққан ерінді оңға-солға қозғалтыңыз
4. Сүйірленген ерінді сағат тілімен айналдырыңыз

Сондай-ақ, тілге арналған жаттығулар да бар:

1. Тілді босату — а, ә, е, о дыбыстарын шығарыңыз
2. Тілді таңдайға апарыңыз, р дыбысын бірнеше рет салмақсыз айтыңыз
3. Ауыз ішінде тілді оңға-солға қозғалтыңыз.

Артикуляциялық жаттығуларды да жаңылтпаштар айту арқылы толықтыруға болады. Қысқа жаңылтпаштар диафрагмалық деммен, ал ұзын жаңылтпаштар тілдің нығайып, ыңғайға тез көнуіне көмегі тиеді.

Жаңылтпаштың екі түрі бар:

1. Миға арналған. Айтылуы оңай, бірақ адамды қатты жаңылдырады
2. Тілге арналған. Айтылуы қиын, белгілі бір әріптерді айта алмайтындар үшін.

Жаңылтпашты бірден тез айтуға тырыспаңыз. Алдымен жай темппен, буындарға бөліп оқыңыз кейін орташа темппен, одан соң жылдам темппен. Және әртүрлі интонациямен, қозғалыста айту нәтижелі болады. Жаңылтпаш әрбір дыбыстың анық шығуына орасан зор пайдасын тигізеді.

Қорытынды:

- Жаңылтпаш жаттау арқылы, тіл жаттықтырып, дұрыс сөйлеуді үйренеді.
- Сөйлеу мүшелері мен олардың әрқайсысының қызметі туралы түсінеді
- Артикуляциялық жаттығулар жасауға үйренеді



ЖАСӨСПІРІМНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Зауре Турбековна Бейсенбаева

Жамбыл облысы әкімдігінің
білім басқармасы
Меркі ауданының білім бөлімінің
«Оқушылар «Үміт» сарайы» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің
мекемесінің директоры

Жасөспірімдік кезеңнің біраз бөлігі орта мектептің жоғары сыныбына сәйкес келеді және жеке тұлғаның қалыптасу процесінде айтарлықтай маңызды рөл атқарады.

Бұл жаста /15-17 жаста/ адамның тұлғалық жағынан пісіп-жетілу кезеңі аяқталады, оның өмірге көзқарасының негізгі сипаттары қалыптасады- үлкен өмір алдындағы ең алғашқы рет өз бетімен шешім қабылдап, болашақ кәсібін таңдау міндеті жүзеге асырылады. Қоғамда балалық шақтан жастық шаққа өту кезеңі тек қана оның тұлғалық жағынан пісіп-жетілуінің ғана белгісі емес, сонымен бірге мәдениетке ұмтылу, белгілі бір деңгейіндегі білім, нормалары мен дағды жүйесін игеруі, сол арқылы жеке тұлға еңбек етіп, қоғамдық қызметтер атқара алады және әлеуметтік жауапкершілікті сезінеді.

Жасөспірімдердің әлеуметтік есеюін дамыту болашақ өмірге даярлау үшін қоғамдық тұрғыдан қажет. Мұның өзі күрделі процесс, уақытты талап етеді және жасөспірім ересектерге арналған нормалар мен талаптар жүйесінде өмір сүре бастаса мүмкін болады. Ал бұл дербестік қажетті әр міндетті түрде міндеттер мен құқықтарды ұлғайтумен байланысты. Тек осындай жағдайда ғана жасөспірімдер ересектерге іс - әрекет етуге, ойлауға алуан түрлі міндетті орындауға, адаммен қарым-қатынас жасауға үйрене алады.

Ст. Холл ең алғаш бірнеше негізгі қарама – қайшылықтарды бөліп көрсете отырып, жасөспірім мінезіндегі амби-валенттілік пен пародаксальдылықты сипаттаған. Жасөспірімдерде шектен тыс белсенділік - аяқ шалысқа шектен тыс көңілділік - уайым, өзіне сенімділік - ұялшақтық пен қорқыныш жоғары деңгейдегі адамгершілік талпыныстарының күрт төмендеуі ашық қарым – қатынастық, өте нәзік сезімталдық апатияға, өткір құштарлық – бірбеткейлікке оқуға деген ынта белгісіздікке, бақылау мен әуестілік сияқты талқылаулар болады. Ол бұл кезеңді «Боран мен тегеурін» кезең деп атайды. Ст. Холл жасөспірім кезеңнің мазмұнын «өзіндік сана – сезім» кризисі деп сипаттайды. Тек осыны басынан өткеріп ғана жеке даралы сезіміне ие болады.

Келесі жасөспірім шақты зерттеуші неміс философы мен психологы Э. Шпрангер болды. Ол 1924 жылы жасөспірім кезең психологиясы деген еңбекті басылымға берді. Ол еңбегі бүгінге дейін қолданылып келеді. Э. Шпрангер жасөспірім кезеңін толық қарастыра отырып, жас кезеңді қыз балаларды 13 –19 жас, ұл балаларды 14 – 21 жас деп қарастырды. Ол тәуелділік - еркіндік мазмұны болып табылатын «кризиспен» сипатталады.

Э. Шпрангер жасөспірім кезеңнің мәдени – психологиялық концепциясын жасады. Э. Шпрангер бойынша жасөспірімдік кезең мәдениет деңгейіне өсу жасы. Ол психикалық даму жеке даралық психиканың осы дәуірде объективті және нормативті рухқа өсуі деп жазады.

Психологияның ең негізгі міндеті «тұлғаның ішкі әлемін тану» деген қағиданы ескерсек, оның мәдениетпен және тарихпен тығыз байланысты екенін айтып кеткен жөн болар.

Әлеуметтік дамыған тұлғаны тек қоғамда қабылданған нормаларды ұстанумен ғана емес, сонымен қоса белгілі бір топтарға, ұжымдық және қоғамдық құндылықтарға бағытталғанымен ерекшеленеді. Құндылықтар объект жайлы біліммен және оған деген қатынастан тұрады. Психологиялық тұрғыда өзіндік анықталған тұлға - бұл өзінің нені қажет ететіндігін (мақсаты, өмірлік жоспары, идеясы) саналы бағалаушылық жеке бас және денелік қасиеттері, қолынан не келетінін субъект. Аталған элементтердің тұлғаның

өзімен байланыстыруы оның нақты қылықтары мен мінез – құлқының реттеушісі болып, оның іс - әрекетінің дәрежесін, бағыттылығын, интенсивтілігін, мазмұнын анықтайды. Өз мүмкіндіктерін ашу процесі, қоғам, топ талаптарын саналы бағалау ұжым шеңберінде белсенді іс - әрекет етеді. Осы себептен өзіндік анықталған тұлғаның көрсеткіші ретінде тек субъектіні қабылдау әлеуметтік маңызды іс - әрекет жасауға даярлықтың, қатынасты жаңғыртуға ғана емес, сонымен қоса шынайы іс - әрекеттің көрсеткіші болып табылады. Э. Шпрангер, өзіндік – сана сезімді, құнды бағыт бағдарлықты жасөспірімдердің дүниетанымын зерттеуге бастауы деп санады .

Э. Штерн жасөспірімдік кезеңді жеке тұлғаның қалыптасуының бір кезеңі деп қарастырды. Психологияның қай бағыты болмасын, барлығының орталық мәселесі, оның ойынша адам тұлғасының мәселесі болу керек.

Өтпелі кезең тек ғана ой мен сезімдерден талпыныс пен идеялардан ғана емес, сонымен қатар әрекеттің ерекше бейнесімен сипатталу қажет дейді.

Жасөспірім кезеңнің негізгі ерекшелігі – дамудың бар жақтарын өзгерту. Осы кезеңде адамның өз беттілігі өмірге деген дайындығымен анықталады. Мұнда жасөспірімнің дүниетанымы, кәсіби іс - әрекетті таңдауы және тұлғаның азаматтылық маңыздылығын нақтылау аяқталады. Факторлар әсерінен тұлғаның қоршаған адамдармен қатынас жүйесі және өзіне деген қатынас өзгереді. Осы әлеуметтік позицияның әсерінен оның қоғамдық пайдалы іс - әрекетке, оқуға деген қатынасы өзгереді. Белгілі бір болашақ мамандыққа деген байланыс қалыптасады. Берілген кезең жасөспірімнің үлкендермен мінез – құлықтың барлық аймақтарында тәуелсіздігін көрсетеді.

Жасөспірімнің өз көзқарасы бар, жасөспірімдер үнемі өз жетістіктерін өсіріп, кемшіліктерін азайтып отырады. Өз құрдастарының арасында болуға ұмтылыс, оларды белсенді түрде үлкендер арасынан өзі соған ұқсағысы келетін адам іздейді. Бұл жерде идентификация туындайды.

Жасөспірім тұлғасының индивидуалды дамуы мен қалыптасуы бірінше кезекте белсенді өзара әрекет, яғни қоршаған ортамен әрекеттесу нәтижесінің арқасында болады. Жас есейе келе адам психологиялық дамуында әлеуметтік фактордың әсері күшейе түседі

Психологиялық-педагогикалық диагностика – бұл оқу-тәрбие үдерісін оңтайландыру мақсатында дербес-психологиялық сипаттамаларын зерделеуге бағытталған бағалау практикасы.

«Психологиялық диагностика» терминін алғаш рет ХХғ. 20 жылдарында пайда болып алғашқыда медициналық ғылымда (психатрияда: Г. Роршах «Психологиялық диагностика», 1921ж), содан кейін индивидтің немесе кіші топтың психологиялық күйін анықтауды сипаттайтын психологиялық түсінік ретінде қолданыла бастады.

Дәлірек айтқанда, Психодиагностика (психо... және diagnostikos - айырып тануға қабілетті) - адамның психикалық қасиеті мен күйін ғылыми дәлелді тәсілдер арқылы сандық сипатта бағалайтын және нақты сапалық тұрғыдан талдайтын, сөйтіп адам психологиясының көрінісі туралы дұрыс болжамдық мәлімет беретін ізденіс аумағы.

Психологиялық диагностика тек қана жалпы заңдылықтарды бекітіп, сипаттап қоймай, жағымсыз сәттерді жоюға да нақты көмек көрсетеді. Психологиялық диагностика адам психикасының ерекшеліктері туралы информация жинақтауға бағытталған.

Диагностика – дидактикалық процестің нәтижесін анықтау үшін қолданылады. Сондықтан да педагогикалық диагностиканың мазмұнына келсек. «Диагностика» түсінігінің мәні «білім, ептілік және дағдыларды тексеру» түсінігімен салыстырғанда едәуір тереңдеу әрі кең. «Тексеру» нәтиженің тек көрсеткіштерін ғана аңдатады, не себептен болғаны жөнінде дерек бермейді.

Диагностикалау кезінде нәтиже өзіне қол жеткізген әдіс-тәсілдермен бірге қарастырылады, дидактикалық процестің бағдар-бағытын, ілгерлі не кері қозғалысы анықталады.

Педагогикалық диагностика – педагогикалық мақсатты жетілдіру үшін алынған зерттеу қорытындысының талдауы негізінде жаңа ақпарат алу, білім берудің (оқу, тәрбие) сапасын жақсартуға және оқушы тұлғасын дамытуға бағытталған процесс.

Педагогикалық процесте диагностика келесі функцияларды орындай алады:

1. Констатациялау - белгілеу (ақпараттық).
2. Болжау.
3. Құндылық - бағдарлану (бағалау).
4. Өзіндік оқып-үйрену, өзіндік даму.
5. Дамытушылық (тәрбиелеуші).

6. Конструктивті.

Психологиялық диагностика тек қана жалпы заңдылықтарды бекітіп, сипаттап қоймай, жағымсыз сәттерді жоюға да нақты көмек көрсетеді. Психологиялық диагностика адам психикасының ерекшеліктері туралы информация жинақтауға бағытталған.

Диагностика – зерттеу процесі немесе объект туралы толық ақпарат алудың жалпы тәсілі. Диагностика әлеуметтік технологияның маңызды компоненті болып табылады (мақсат - диагноз - болжам -бағдарлама - енгізу және талдау). Осыған байланысты әлеуметтік қызметтің практикасында әртүрлі зерттеу әдістерінің принциптері, алгоритм процедуралары және тексеру тәсілдерін қосатын өзіндік диагностикалық технология қалыптасады.

Ал, педагогикалық диагностикада әрбір сараптама, әрине, мүмкіндігінше мынандай көзқарастар тұрғысында қарастырылуы тиіс:

а) оқушылардың берілетін тәрбие мен оқыту мақсаттарын, баланың жеке басының даму деңгейі жайлы салыстырылған мәліметтерден (қалыпты деңгейде);

ә) осы жастағы балалардың дамуындағы жеке айырмашылықтар жайлы мәліметтерден;

б) алдыңғы жас кезеңдеріндегі дамуы жайлы мәліметтерден;

в) болашақтағы дамуы жайлы мәліметтерден: дамуы үшін қажет ететін нәрселерді, балалардың ары қарай жақсы дамуына қолайлы жағдайларды анықтау (өзгерістер жағынан).

Психологиялық-педагогикалық диагностикалау келесі төменде көрсетілген тесттермен анықталады. Диагностиканың нәтижесі оқытушыларға оқушының психологиялық-педагогикалық портретін алуға, оқытудың әдістерімен тәсілдерін дұрыс анықтауға мүмкіндік береді.

Тест №1. Кеңістікті елестету қабілеті

Тест № 2. Еске сақтау қабілеті

Тест №3 Көру есі

Тест № 4 Логикалық ойлау

Тест №5 Сөздік қор

Тест №6 Математикалық ойлау

Тест №7 Көзбен өлшеу

Тест №8 Елестету қабілеті

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Бабаев С.Б, Оңалбек Ж.К. «Жалпы педагогика» Алматы 2006.

2. С.Ш. Әбенбаев, А.М. Құдиярова, Ж.Ә. Әбиев «Педагогика» Астана 2003.

3. Ж. Әбиев, А.М. Құдиярова, С. Бабаев «Педагогика» Алматы 2004.

4. Бержанов К.Б., Мусин С.М., Педагогика тарихы. Алматы-2004.

5. Дүйсембекова Ш.Д. Педагогика. Семей 2004 ж.

6. Борытко Н.М. Методология и методы психолого-педагогических исследований: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2008.–320 с.

7. Вайсман Р.С., Развитие мотивационной сферы человека в старшем возрасте: М.,1976

8. Головей Л.А. Психология становления субъекта деятельности в периоды юности и взрослости.СП.,1996



STEM ТЕХНОЛОГИЯСЫ БАСТАУЫШ СЫНЫПТЫҢ МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА

№5 Ақарал жалпы орта білім беретін
мектеп-гимназиясы,
Меркі ауданы, Жамбыл облысы,
Бекасилова Молдир Амантаевна
Педагог-шебер

Аннотация: Бастауыш сыныпта математика пәнін оқытуда STEM технологиясының элементтерін қолдануды енгізу мектептің білім беру жүйесін жетілдіру ретінде маңыздылығы зор. STEM – білім беру оқушыларда XXI ғасырдың негізгі дағдыларын дамытуға ықпал етеді: коммуникация, кооперация, сыни ойлау, креативтілік. STEM білім беру саласындағы зерттеушілер математика сабақтарында STEM технологияны қолдану - оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыруға, мотивациясын арттыруға және ақпараттық кеңістікте өз бетінше шарлау, өз пікірлерін білдіру дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететінін атап өтті. STEM технологиясының элементтерін қолдана отырып, есепті шешудің жолдары сипаттап, жалпы білім беретін мектепте STEM-оқытуды енгізудің негізгі бағыттары белгіленді: оқушылардың ойлауын қалыптастыру және дамыту, оқу және зерттеу іс-әрекетінің тәжірибесін алу, жаратылыстану саласындағы жаңа технологиялармен танысу және оларды нақты мәселелерді шешу үшін қолдану мүмкіндіктері, қоршаған шындықты тану құралы ретінде математиканы игеру.

Түйін сөздер: математиканы оқыту, STEM тәсілі, STEM технологиялары, STEM білім беру, пәнаралық құзыреттіліктер, интеграция, мүмкіндіктер.

Кез – келген мұғалім кез - келген технологияны, әдіс - тәсілді пайдаланғанда бала үшін тиімдісін іздейді. Бастауыш сыныпта оқушы жаратылыстану, математика, дүниетану т. б сабақтардан білімін жетілдіру үшін теорияны оқиды. Біреу жақсы түсінсе, біреу өз шамасына қарай түсінеді. Бірақ, осы білімді қалай? қайда? қолданамын деп ойлайды. Бізден сұрайды, біз ертең үлкен болғанда, маман болғанда қолданасың деп айтамыз. Оқушы оны түсінбейді, сол арқылы ол теорияға қызықпайды, теория қиын секілді көрінеді. Оқушы алған білімін, теорияны, формуланы, ережені есінде қанша уақыт сақтай алады? Сондықтан бастауыш сатыдағы бала қолымен ұстап, көзімен көріп жасаған дүниесі ешқашан ұмытылмайды.

Білім саласы бір орында тұрмайды. STEM Дүниежүзілік білім саласындағы жаңа тренд. STEM қазіргі заман талабына сай инновациялық жобалардың зертханасы деп айтуға болады. Өйткені, STEM қазіргі елімізде қарқынды дамып келе жатыр. Ол дамыған сайын, бәсекеге қабілетті ұрпақ та дамып отыр. Қазақстанда да бәсекеге қабілетті ұрпақты тәрбиелеу әрбір ұстаздың міндеті. Сол арқылы, ғылымға деген қызығушылығын арттыруды көздейді.



STEM ерекшелігі - бұл пәнаралық байланыс принципі, яғни бірнеше пәнді біріктіре отырып, бірнеше пәндерден алған білімді қоса отырып, жаңа бір қолданбалы зат жасап шығарады.

Яғни, сол затты жасап шығарғанда мысалы; ол кішкентай бір конструктор болсын соны жасағанда жаратылыстану, дүниетану, математиканы қолданып есептей алған білімдерін біріктіре отырып жасайды. Сол арқылы оқушы ойлайды, мен білімді қолданып жатырмын деп. Міне осылай, STEM техникасында жұмыс жасау, оны өмірде қолдана алу бала үшін өте маңызды. Бала өзінің жасаған бұйымын, өнімін көру, жасау арқылы мотивациясы артады. Ал егер алған білімін қолданып, бір өнім жасай алмаса, оны не істейді? Ал, STEM әрбір оқушыға алған білімінің нәтижесін көрсетеді. Мыс: математика пәні бойынша математикалық сауаттылық, сауат ашу пәні бойынша оқу сауаттылығы дамиды. Мақсаты - сабақта алған білімін өмірде қолдана алу. Бірақ алған білімін басқа пәндермен байланыстырып, бірнеше бағыт бойынша жүреді. Олар: ғылым, технология, инженерия және математиканың (science, technology, engineering and mathematics) бірлескен түрі.

STEM арқылы оқушы не үйренеді:

- Мотивация алады.
- Теорияға деген қызығушылығы артады, оның маңызын түсінеді.
- Сабаққа деген қызығушылығы артады.
- Жоба жасай алады.
- Идея ойлап табады алады.
- Жан - жақты болады.
- Дарынды оқушы анықталады.
- Бәсекеге қабілетті болады.
- Сын тұрғысынан ойлай алады.

Қазіргі заманауи мұғалім оқушыларды оқыта отырып, мектеп қабырғасында алған білімдері өзгермелі әлемге бейімделе алуына көмектесетініне сенімді болуы керек. Себебі ертеңгі күнгі жұмыс орны шығармашылық пен инновацияны талап етеді. Әрине, STEM - білім беру бағдарламасының жүзеге асыру қаржылай мәселелерге алып келеді. Бірақ, білімге салынған инвестиция, ең тиімді инвестиция. Бұл бағдарлама әрбір баланың өсіп, өнуіне өз септігін тигізеді.

Біздің мақсатымыз – STEM технологиясының элементтерін математика сабағында қолданып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру және шығармашылыққа баулу. Оқушылар тікбұрышты параллелепипедтің ені мен ұзындығын табуды біледі, ауданын есептей алады. Мысалы мектеп тұрғызу үшін немесе аспалы көпір, жер төселімдерін жасау үшін балалар қанша текшенің қажет екенін есептеп, нәтижесін жаза алады. 1 сынып математика сабағында күнделікті өмірде пайдаланатын салқын тісбасарларға арналған таяқшаларды пайдалану арқылы түрлі кеңістік фигураларын жасауға болады. Мысалы: түзу, сәуле, кесінді, бұрыш, үшбұрыш, төртбұрыш. Демек, бұл технологияны шексіз пайдалануға болады деген сөз. (1 сурет)

Қазіргі заманауи мұғалім балаларды оқыта отырып, мектеп қабырғасында алған білімдері өзгермелі әлемге бейімделе алуына көмектесетініне сенімді болуы керек. Себебі ертеңгі күнгі жұмыс орны шығармашылық пен инновацияны талап етеді. Демек, STEM-білім беру балаларға мәселені шешу, өзара қарым-қатынас жасау, шығармашылық амал-тәсілдерді қолдану мен сын тұрғысында ойлау сияқты XXI ғасырдың жасампаз дағдыларын меңгеруге көмектеседі. Бұл дағдылар барлық оқу кезеңінде кез келген пәннен үлгеру үшін қажет болады. Болжамдар бойынша STEM сегментіндегі жұмыс орындары жұмыспен қамтудың басқа секторларымен салыстырғанда, алдағы он жылдықта екі есе қарқынмен өсуі мүмкін. Бұл дағдыларды бүгіннен бастап үйрету балалардың болашақ кәсіби қызметке дайын болуына көмектеседі.

Оқыту үдерісін жаңаша ұйымдастыру оқытушының өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдай жасай отырып, оның шығармашылық қабілетінің артуына септігін тигізеді. Сондықтан, ғылыми техникалық прогрестен қалмай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу әрбір ұстаздың негізгі міндеті.

Математика – мектепте оқытылатын ең маңызды пәндердің бірі болғандықтан, өзін сабақ беретін мектеп-гимназиясында бастауыш сыныптың математика сабағында оқушылардың ой-өрісін кеңейту, білімдерін тереңдету, сондай-ақ балалардың белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру бойынша жұмыстар жүзеге асырылуда.



1 сурет



2 сурет

Балаларды қосу және азайту амалдарымен таныстыру, заттарды салыстыруға және сұрыптауға үйрету – оларды белгілі бір белгілер бойынша (түсі, пішіні және өлшемі бойынша, үлкенінен кішісіне дейін және т.б.) орналастырып, тақты табу. Осы мақсатта әртүрлі үлестірмелі материалдар, геометриялық фигуралар жиыны, көлемді геометриялық денелер, логикалық блоктар мен басқатырғыштар, сұрыптау құрылғылары, математикалық конструкторлар және т.б. жасау арқылы білім алушылардың алған білімдерін есте сақтап, өмірде қолдану. (2 сурет)

STEM білім беруде математика ерекше орын алады, өйткені оның әдістері әртүрлі салалардағы заманауи жобаларда сұранысқа ие. Сонымен қатар, пәнаралық байланыс мектеп математикасының пайдалығы мен қолдану мүмкіндігін түсінудің негізгі аспектілерінің бірі болып табылады. Материалдардың мазмұнын жасаңды байланыссыз, табиғи және дұрыс таңдалуын қамтамасыз ету қажет. Математика, басқа жағынан, нақты өмірлік жағдайларды модельдеудің, сондай-ақ сипаттау мен бағалаудың жан-жақты құралын ұсынады. Әрбір математика мұғалімі басқа ғылымдардан алынған білім мен ақпаратты тиісті мотивация ретінде қабылдап, математиканың «маңыздылығын» атап көрсетуі керек екендігі даусыз. Математика оқулықтарында өмірден алынған қысқа есептер әдетте белгілі бір құбылыстар мен жағдайлар туралы контекстен тыс ақпарат береді. Сондықтан мұндай тапсырмалар мұғалімдердің де, білім алушылардың де арасында өте танымал емес, сондықтан көбінесе мүлдем қабылданбайды. Пәнаралық қызмет барлық жаратылыстану ғылымдарын оқуға мотивация бола алады. Сондықтан оқу материалдарын дайындау қажет, Оқушылардың математикаға деген қызығушылығы математиканы тиісті дәрежеде түсіне алмағандықтан төмендейді. STEM білім беру – білімнің басқа салаларына қызығушылықтарын пайдалана отырып, оқушылардың назарын математика пәніне қосу мүмкіндігі. Бастауыш сынап оқушылары математиканы дәстүрлі әдістерге қарағанда практикалық, интерактивті немесе технологияға негізделген сабақтар арқылы үйренгенді жөн көреді. Бұл біріктірілген STEM тәсілімен жақсы үйлеседі. Бұл тәсіл арқылы оқушылар өздерінің жоғары деңгейлі ойлау қабілеттерімен өмірде және кез келген мансапта көмектесетін 21 ғасыр құзыреттерін дамыта алады. Балала үнемі математикалық түсініктерге нақты мән беретін және олардың санасына ықпал ететін санау, өлшеу, салыстыру, пішіні мен мөлшерін анықтау қажеттілігі туындайды. Топтық жұмыс үшін оқушыларға шешу барысында пәнаралық байланыстар бекітілетін жобалық-зерттеушілік сипаттағы күрделі тапсырмалар ұсынылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Г.Ногайбаева, С.Жумажанова «Развитие STEM – образования в мире и Казахстане» \ \ «Білімді ел – Образованная страна» №20 (57) 25.10.2016ж
2. Н.Ә.Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауы 10.01.2018
3. Г.Ахметова, А.Мурзалинова. «Преимущества и перспективы STEM-образования» \ \ «Білімді ел - Образованная страна» №41 (102) 7 ноября 2017
4. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. - // Қазақстан мектебі №4, 2008



ТАРИХ САБАҒЫНДА ЖҮЙЕЛІ- ӘРЕКЕТТІК ТӘСІЛДЕР АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМДЕРІНДЕГІ ОЛҚЫЛЫҚТАРДЫҢ ОРНЫН ТОЛТЫРУ

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Меркі ауданының білім бөлімінің «Оқушылар «Үміт» сарайы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Шежере» тарих үйірмесінің қосымша білім беру педагогі Касымов Гани Сарсембаевич

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау және жою жұмысы әрбір мұғалім қызметінің құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл жұмыстың уақытылы және тиянақты жүргізілуі оқытудың жоғары нәтижелерінің кепілі болып табылады.

Практикалық ұстаз бұл жұмыстың қаншалықты қиын және маңызды екенін біледі. Егер сіз бұл мәселеге мұқият назар аудармасаңыз, онда көп ұзамай тіпті қабілетті оқушылар қателіктерге бой алдырады. Сіз рөлді төмендете алмайсыз және бұл жұмыс, олар айтқандай, жағдайдан жағдайға көшуіне мүмкіндік береді. Білімдегі олқылықтарды анықтау және жою шараларын жүйелі түрде жүргізу қажет.

Педагогикалық іс-әрекеттің бұл түрін біртұтас үдерістен – барлығы өзара байланысты оқу процесінен оқшаулау қиын.

Оқушылардың біліміндегі кемшіліктер мен олқылықтарды анықтау және жою бойынша жүйелі жұмыс – білім сапасын арттырудың басты шарттарының бірі. Оқытушы жалпы қабылданған формаларды қолдануы және ойлап табуы, өз бақылау құралдарын жүзеге асыруы керек, оны шебер меңгеру артта қалуды болдырмайды, әр оқушының белсенді жұмысын қамтамасыз етеді.

Жұмыстың мақсаттары:

- тиянақты білімді қалыптастыру;
- өзін-өзі бақылау әдістеріне үйрету;
- өзін-өзі бақылау қажеттілігін қалыптастыру;
- орындалған жұмысқа жауапкершілікке тәрбиелеу;
- оқушылардың жеке шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Жұмыс барысында шешілетін тапсырмалар

Бақылау. Оқушылардың білім, білік дағдыларының жағдайын, олардың психикалық даму деңгейін анықтау, танымдық іс-әрекет әдістерін, ұтымды тәрбие жұмысының дағдыларын меңгеру дәрежесін зерттеу. Жоспарланған нәтижені нақты нәтижемен салыстыру, қолданылатын оқыту әдістерінің, формалары мен құралдарының тиімділігін белгілеу.

Тәрбиелік. Білім, білік дағдыларын жетілдіру, оларды жалпылау және жүйелеу. Оқушылар зерттелетін материалдағы негізгі нәрсені, басты нәрсені бөліп көрсетуге үйренеді. Тексерілген білім мен дағдылар анық және дәлірек болады.

Диагностикалық. Білім мен дағдылардағы қателер мен олқылықтар және олардың себептері туралы ақпарат алу. Диагностикалық тексерулердің нәтижелері оқытудың неғұрлым қарқынды әдістемесін таңдауға көмектеседі, сонымен қатар оқыту әдістері мен құралдарын одан әрі жетілдіру бағытын нақтылайды.

Болжамдық. Жетілдірілген ақпаратты алу: оқу материалының келесі бөлігін меңгеру үшін нақты білімдер, дағдылар мен дағдылар жеткілікті түрде қалыптасқан ба. Болжаудың нәтижелері бүгінгі таңда осы типтегі қателіктерге жол беретін немесе танымдық іс-әрекет техникасы жүйесінде белгілі бір кемшіліктері бар оқушының одан әрі мінез-құлқының үлгісін құру үшін пайдаланылады.

Даму. Оқушылардың танымдық белсенділігін ынталандыру. Олардың сөйлеу, есте сақтау, зейінін, қиялын, ерік-жігерін, ойлауын дамыту.

Бағдарлау. Жеке оқушының және жалпы сыныптың оқу мақсатына жету дәрежесі

туралы ақпарат алу. Оқушылардың қиындықтары мен жетістіктеріне бағыт-бағдар беру. Олқылықтарды, қателер мен кемшіліктерді ашып, білім мен біліктілікті арттыру үшін күштерді қолдану бағыттарын көрсету.

Тәрбиелеу. Оқушыларды оқуға жауапкершілікпен қарауға, тәртіптілікке, адалдыққа, табандылыққа, жүйелі жұмыс істеу әдетіне, өзін-өзі бақылауға тәрбиелеу.

Білімдегі олқылықтарды анықтау және жою жұмыстарын ұйымдастыруды кезеңдерге бөлемін: қателерді анықтау; қателерді түзету; жіберілген қателіктерді талдау; кемшіліктерді жою бойынша жұмысты жоспарлау; ЗУН-дағы олқылықтарды жою; алдын алу шаралары.

I кезең. Қатені анықтау

Жазбаша жұмыстарды тексеру, ауызша жауап беру, өзін-өзі және өзара бақылау кезінде жүзеге асырылады. Мен орындаудың тәуелсіздігін қатаң сақтаймын. Жазбаша жұмыстың ең тиімді (қателерді анықтау үшін) түрлерін қарастырамын:

- оқу жылының басында және соңында – деректер матрицасын кейіннен құрастыра отырып тестілеу (әрбір жеке тұлғаның және жалпы сыныптың қателері анық көрінетін (әрқайсысына осындай матрицалардың көшірмелерін беремін. қателерді талдау бойынша жеке өзіндік жұмыс кестесі) ;

- оқу жылы ішінде – дәстүрлі бақылау және олардың алдындағы өзіндік жұмыс, теориялық материалды жазбаша сұрау;

- «тар» тақырыпты бақылауды меңгеру: тарихи диктанттар («Сөз тіркесін аяқта», «Бос орындарды толтыр», «Сұрақ құрастыр», «Ойлан, жауабын жаз»), «Тізбектер» (тест үшін). білімдерді күндер мен оқиғалармен ассимиляциялау), мини-тесттер («Мен мәлімдемемен келісемін – «+», әйтпесе «-»»). Бұл түрдегі тапсырмалар оқытылатын тақырып бойынша білімдегі олқылықтарды тез және ең бастысы дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді, бұл мұғалімге де, оқушыға да пайдалы.

ЗУН-ның ауызша тесті белгілі бір тақырыптағы типтік қателерді және жалпы білім беру дағдыларын анықтауға бағытталған. Білімді қабылдаудың мәнділігін анықтауға және оны қолданудың саналылығына бағытталса, оқушылардың дербестігі мен шығармашылық белсенділігін оятса, тиімді болады. Сұрақтардың сапасы оқушылардың сұраққа жауап беру кезінде жасайтын психикалық әрекеттерінің сипатымен анықталады. Соңдықтан тест тапсырмаларының ішінен есте сақтауды (зерттелгенді жаңғырту үшін), ойлауды (салыстыру, дәлелдеу, жалпылау), сөйлеуді белсендіретін сұрақтарды бөліп аламын. Алынған білімді практикалық қызметте қолдануды қажет ететін проблемалық мәселелердің маңызы зор. Ауызша емтиханның сапасы сұрақтардың таңдалуына және олардың қойылу ретіне байланысты. Әрбір сұрақ логикалық тұрғыдан толық, өте қысқа және нақты болуы керек. Білімді сапалы анықтаудың екі шартын бөліп көрсетемін:

- оқушыға ешкім кедергі жасамайды (жауап кейінірек түсіндіріледі);

- Оқушы сұраққа жауап бермей, жағына ауытқыса ғана оның сөзін бөлуге болады.

Ауызша тексеру әдістерін сабақтың әртүрлі кезеңдерінде қолданамын.

Оқушыларға өзін-өзі бақылау дағдылары мен дағдыларын үйрету олардың өз қателерін табуға мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен қатар тәрбиелік, психологиялық және педагогикалық тұрғыдан да тиімді. Пішіндері: «Қатені тауып түсіндір» (өз қатесін, сыныптасы жасаған, мұғалім жоспарлаған), «Жауапты тексеріп, қатені түсін», «Жауабыңды бағала».

Мектеп оқушыларының оқу іс-әрекетінің сапасы мен тиімділігін өзара бақылау мұғалімге оқушылардың білімін тексеруге көмектесіп, адалдық пен әділдік, ұжымшылдық сияқты тұлғалық қасиеттердің қалыптасуына ықпал етеді. «Сұрақ қою», «Шешімінің саңылауын тауып, сұрақ қою» (жауап берушінің қатені өзі табуға көмектесу үшін), «Жауапқа шолу жасау», «Досыңызға пікіріңізді түсіндіріңіз», өзара тексеру. үй тапсырмалары мен тексеру қағаздары, анықтамалар – бұл өзара бақылаудың барлық түрлерінен алыс. Өзара тексеруді сабақтан кейін де жүргізуге болатыны да оң. Білімді өзара тексеру оқушылардың белсенділігін белсендіреді, білімге деген қызығушылықтарын арттырады және оларға ұнайды. Өзара бақылау барысында оқушылардың жеке ерекшеліктері ашылып, білімге деген қызығушылықтары артады. Балаларға процестің өзі ұнайды, олардың жолдастарымен қарым-қатынасы нығаяды.

Бұл кезеңде оқу материалын қабылдау мен түсінудің дұрыстығы талданады, білімдегі әлсіздіктер ашылады, оқушылардың жұмысы мен жауаптарындағы кемшіліктер, олқылықтар, қателер ашылады. Бұл мұғалімге оларды жеңу және жою шараларын дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді.

II кезең. қателерді түзету

Қателерді түзету оларды анықтаумен қатар жүреді, бірақ классикалық тізбектен кейін де әрбір оқушы материалды меңгеріп, күшті дағдыларды дамыта алмайды: мұғалім көрсетті - оқушы өзі шешті - мұғалім қателерді көрсетті - оқушы жұмысты орындады. қателер бойынша. Жаңа тақырыпты оқуға кірісе отырып, оқушы өткен материалдың көп бөлігін ұмытып қалады. Әрбір оқушы өзінің «проблемалық» тақырыптарын қайталап, ұзақ, кезеңді түрде қайталап, білім тізбегінің «әлсіз» буынына оралғанда ғана оқу нәтижесіне қол жеткізуге болады. Тізім түрінде қателерді қатаң есепке алу керек, онымен жүйелі түрде жұмыс істеу керек: өзгертулер енгізу, ассимиляция сапасына берік сенім болғанша қатені бақылауда ұстау керек. Бұл тапсырма оңай емес, шыдамдылық пен уақытты қажет етеді. Бірақ мақсат құралдарды ақтайды. Ал бұл жолдан өткен адам шәкірттерінің оқу жетістіктерімен марапатталады. Менің ойымша, қателерді түзетудің ұтымды формалары мыналар:

- Деректер матрицасы – тест нәтижелері енгізілген кесте. Ол жалпы сынып бойынша және әрбір оқушы үшін жеке «қолдану» суретін көруге мүмкіндік береді (1-кесте).

- Қателерді есепке алу кітапшасы (оны электронды түрде жасауға болады) сынып тізімі мен барлық жазба жұмыстарымен «өңдеу» мониторингін қамтиды. Әрбір оқушы үшін жеке парақ (немесе оның бір бөлігі) жасалады, онда нақты қателер туралы ақпарат енгізіледі және білімдерді меңгеру жазылады. Кімде қандай мәселе бар, кім неден өтпегені анық байқалады (2-кесте).

- Сабақ барысында үй тапсырмасын орындау кезінде мен оқушыларға бір нәрсені бірден түсіне алмаса, кейінірек ойлануы немесе көмектесуі үшін шетке («?» сияқты) ескертпелер қоюды ұсынамын. мұғалім, сыныптасы. Мен оқушылардың «түсініксіз» жерлерін назарсыз қалдырмауды мақсат етемін.

III кезең. Жіберілген қателерді талдау

Жіберілген қателерді талдау әр жұмыс түрінен кейін ауызша немесе жазбаша түрде мұғалімнің немесе оқушының әрекет түріне қарай жүргізеді. Сандық және сапалық талдау жүргізіледі. Мұқият талдау жекелеген оқушылардың олқылықтары мен жетістіктерін терең зерттеуге, оқушылардың типтік қателері мен негізгі қиындықтарын анықтауға, олардың пайда болу себептерін зерттеуге және оларды жою жолдарын белгілеуге мүмкіндік береді.

IV кезең. Білімдегі кемшіліктерді жою бойынша жұмысты жоспарлау

Бұл жұмыс талдау негізінде құрастырылған, оның нәтижесі оқушыларға жеткізіледі.

- Мұғалім қашан, кімнен, қандай мақсатта сұрау керектігін және ол үшін нені қолдану керектігін белгілейді.

- Қателер бойынша жұмыс әр жазбаша жұмыстан кейін, қанағаттанарлықсыз бағадан кейін қайта тестілеу жүргізіледі.

- Әрбір оқушының барлық бақылау және сынақ жұмыстарын орындауын қамтамасыз ету үшін (тіпті ол жіберіп алса да) қатаң бақылау жүргізіледі.

V кезең. Білімдегі олқылықтарды жою

- Сыныптағы жұмысты талдау.

- Нәтиже туралы сыныптың пікірін білу.

- Қателер бойынша жұмыс, жеке және фронтальды, кейіннен міндетті жазбаша шолумен (оң баға алғанға дейін).

- Фронтальды зерттеу кезінде және жеке қайталауға арналған тапсырмалар (оң баға алғанға дейін).

VI кезең. Алдын алу шаралары

Төмендегі алдын алу шаралары оларды азайтуға ықпал етеді.

- Жазбаша тапсырмалардың мәтіндері түсінікті болуы керек: жақсы тұжырымдалған, жақсы оқылған.

- Жаңа материалды түсіндіру кезінде қатені болжау және ұғымды дұрыс меңгеру үшін тапсырмалар жүйесін таңдау. Әрбір элементке назар аудару, әртүрлі типтегі тапсырмаларды орындау қатені минимумға дейін азайтады.

- Қызығушылықты оятатын, тұрақты зейінді қалыптастыратын тапсырмаларды таңдау.

- Күшті ассимиляция (демек, қателердің болмауы) есте сақтау оңай ережелермен, анық алгоритмдермен қамтамасыз етіледі, содан кейін сіз көздеген мақсатқа жетесіз.



СЦЕНАРИЙ КУЛИНАРНО- ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОГО ШОУ «ПРАВИЛЬНОЕ ПИТАНИЕ-ОСНОВА ЗДОРОВЬЯ».

Мамедова Ирада Рустамовна, педагог
дополнительного образования, методист
КГУ «Дворец школьников «Үміт»» отдела
образования
Меркенского района управления
образования акимата
Жамбылской области

Кружок трехязычия «Полиглот»

Цель: обобщить знания обучающихся детей о здоровом питании как составной части здорового образа жизни;

- корректировать представления детей о питании;
- приобщить к культуре приготовления пищи, воспитывать интерес к самостоятельной деятельности по приготовлению блюд.

Педагог: Здравствуйте, дорогие друзья!

Кәусар : Сәлем, достар!

Мирас: Hello, dear friends!

Ернар: Барлықтарына сәлем!

Педагог: Сегодня мы впервые проводим кулинарное шоу. Я уверена, что будет очень интересно! У нас в программе будет интеллектуальная викторина, много полезной информации о правильном питании вы сегодня будете готовить блюда, экспериментировать с ингредиентами и создавать свои собственные рецепты.

Кәусар: Викторина? О это легко, ведь мы проходили эти темы на занятиях.

Мирас: Мен де қуана-қуана ойнаймын, менің де көмегім қажет болуы мүмкін. өйткені мен шет тілдерін үйренуді жақсы көремін. Мысалы, дәрумен сөзі латын тілінен аударғанда «тіршілік» деген мағынаны білдіреді.

Педагог: Вот и здорово, мы проверим свои знания и с пользой проведем время.

Ернар: Ондай болса, шоуға қатысушыларды қарсы алайық.

Бірінші топ «Витаминки» командасы

(олар атарың , ұрандарын айтады)

Ернар: келесі «Денсаулық» тобы (олар атарың , ұрандарын айтады)

Педагог: Давайте поприветствуем команды и пожелаем им удачи.

Мирас: I wish all participants good luck

Кәусар: Сәттілік, достар!

I викторина «Знатоки правильного питания»

Педагог: Итак, если команды готовы, начнем викторину. Условие: ответы не выкрикивать. Думает вся команда, но ответ дает только капитан команды. Каждой команде я заранее раздам 10 жетонов это ваши баллы, если кто –то из команды нарушает правила, я забираю жетон и ваши баллы уменьшаются, а если ответ правильный, то я к вашим жетонам добавляю еще один и увеличиваю ваши баллы. Вам все понятно?

<https://youtube.com/watch?v=CXzVQ8JukC4&feature=shared>

Подсчет баллов

II «Салт дәстүр сөйлейді»

Айсұлтан, Айлана, Кәусар, Элионора

Каждая команда приготовила информацию на казахском языке о традициях казахского народа по отношению к пище и его приему.

Участники, выразительно рассказывают о традициях и приносят своей команде дополнительный балл.

Подсчет баллов

III «Угадай, что я говорю»
(по 2 участника из каждой команды)

Одному участнику показывают слово – другому надевают наушники с включенной музыкой. Первый игрок называет слово, второй-должен отгадать его и назвать на трех языках.

Подсчет баллов

IV «Вкусно и полезно»

Ну, а сейчас главный конкурс. Каждая команда должна приготовить салат, сделать его рекламу. Салаты будут оценены:

- по внешнему виду, то есть красоте оформления;
- составу полезных продуктов;
- вкусовым качествам.

Подсчет баллов.

Завершение.

Притча.

Задача: содействовать осознанию личной ответственности за своё здоровье

«В одном селении жили два умных человека, один был добр и справедлив, и его уважали, к нему шли за советом и разрешением конфликтов, другой был хитер, зол и расчетлив, люди, несмотря на его ум, не шли к нему за помощью. Злобный старец решил всем доказать несовершенство доброго мудреца таким способом: он поймал бабочку, собрал жителей, позвал мудреца и спросил, что он сам держит в руках. Добрый старец ответил – бабочку. «Живая она или мертвая?» - был следующий вопрос. И старец ответил: «Сейчас все зависит только от тебя: захочешь, распахнешь ладони, и она живая полетит, а захочешь, сожмешь, и она умрет. Все в твоих руках!».

Мораль такова: ваша жизнь и ваше здоровье в ваших руках. Педагоги, врачи могут повлиять, помочь информацией, но решение принимать вам. Очень хочется, чтобы вы понимали, как здорово быть свободным и здоровым, чтобы вы ценили свое тело и заботились о нём. Вы уже в том возрасте, когда способны думать о том, как жить сегодня, чтобы у вас было хорошее завтра.



Подведение итогов, подсчет баллов. Вручение шоколадных медальонов.

Угощение всех участников.

<https://www.instagram.com/reel/C2o6lC6MFGh/?igsh=MWpva2d2aGE4ZzJ6Ng==>



КӨРУ МҮШЕСІ. КӨЗДІҢ ҚҰРЛЫСЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Меркі ауданының білім бөлімінің «Оқушылар «Үміт» сарайы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Биология кереметтері» үйірмесінің қосымша білім беру педагогі

Мамырханова Мадина Садуахасовна

Сабақтың тақырыбы: Көру мүшесі. Көздің құрлысы мен қызметі.

Сабақтың мақсаты: Көруді қабылдаудың ерекшеліктерін зерттеу және көру гигиенасы ережесін сипаттау.




1. Көздің құрлысы мен қызметі туралы ақпарат алу
2. Өз бетінше жұмыс ізденуге дағыландыру.
3. Отансүйгіштікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Сабақтың пәнаралық байланысы: Химия

Сабақтың әдісі: әңгімелеу, сұрақ-жауап.

Көрнекілік: Стенд материалдары.

Сабақ кезеңдері	Педагогтің іс-әрекеті	Білім алушының іс-әрекеті
Ұйымдастыру 2(мин)	Психологиялық ахуал. Білім алушыларды фигуралар бойынша топтарға бөлу.	Білім алушылардың психологиялық ахуал көтеру бір-біріне тілек айту. Топтарға бөлінеді.
Білім 3-8(мин)	Вегетативті жүйке жүйесі нешеге бөлінеді? 2. Вегетативті жүйке жүйесі адам ағзасының жеке мүшелер қызметіне қалай әсер етеді? 3.Парасимпатикалық ядролар қайда орналасады?	Бір білім алушы сыныпқа 10 сұрақ қояды.Оған жауап иә не жоқ деп беріледі. Ойын «Он сұрақ!»
Түсіну 9-19(мин)	Бейнеролик пен тренинг арқылы тақырыпты ашуға ой тастау. 1.Көрсетілген бейнероликтен не көрдіңдер? 2.Бүгінгі тақырып қай сезім мүшесіне арналады деп ойлайсыңдар?	Ортаңғы қабығы - қантамырларына бай тамырлы қабық. Бұл қабықта қантамырлары көп болғандықтан, көзді коректік заттармен қамтамасыз етеді. Тамырлы қабықтың алдыңғы жағы нұрлы (бояулары түрлі түсті) қабыққа айналған. Нұрлы қабықтың дәл ортасындағы тесік - қарашық деп аталады. Қарашық арқылы көздің ішіне жарық өтеді. Көз қарашығы бірде ұлғайып, бірде кішірейіп көзге жарықтың өтуін реттейді. Жарық мол түссе, қарашық кішірейеді, аз түскенде ұлғаяды. Қарашықтың кішірейіп немесе ұлғаюы нұрлы қабықта болатын бұлшықеттердің жиырылып босаңсуына байланысты. Мөлдір қабық пен нұрлы қабық арасында көздің алдыңғы. қуысы орналасқан. Нұрлы қабық пен көз бұршағының арасында көздің артқы қуысы бар. Көз қуыстарындағы сұйықтық көздің ішкі қысымын реттейді.

	<p>Адам сыртқы ортада болып жатқан түрлі ақпа-раттпрдың 80-90%-дан астамын көзбен көріп біледі. Көру мүшесі көз алмасы мен қосымша мүшелерден тұрады. Көз алмасы 3 түрлі қабықтан тұратын шар тәрізді мүше. Сыртқы қабығы - қалың, тығыз, дәнекер ұлпасынан тұратын ақ қабық. Бұл қабық көз алмасының алдыңғы және артқы бөліктерін қаптап тұрады. Ақ қабықтың алдыңғы жағы мөлдір әрі дөңес қасаң қабыққа айналады. Ақ қабық көз алмасына пішін береді, қасаң қабықша жарық сәулесін өткізеді.</p> 	<p>Мөлдір қабық пен нұрлы қабық арасында көздің алдыңғы. қуысы орналасқан. Нұрлы қабық пен көз бұршағының арасында көздің артқы қуысы бар. Көз қуыстарындағы сұйықтық көздің ішкі қысымын реттейді.</p> <p>Нұрлы қабық пигментке (бояғыш зат) бай. Пигменті аздау көз - көк немесе боз түсті. Қара көз бен қой көзде (қоңырқай) пигменттер жеткілікті болады. Пигментсіз болса, қызыл, тағы басқадай түсті болады. Қара пигментті жасушалар жарық сәулесін жақсы сіңіреді. Қарашықтың артқы жағында пішіні екі жағы да дөңес линзаға ұқсаған мөлдір дене - көз бұршағы (хрусталик) жатады. Ол күн сәулесін торлы қабыққа шоғырландырады (жинайды). Көз алмасының ішін мөлдір шыны тәрізді іркілдек дене толтырып тұрады.</p> <p>Көздің ішкі қабығы - торлы қабықтың құрылысы күрделірек. Көз алмасының түп жағында шар тәрізді ақ дақ (соқыр дақ), оның жанында сары дақ болады. Торлы қабықта жарықты сезетін жасушалар өте тығыз орналасқан. Бұл жасушалардың пішіндері таяқша, колба тәрізді (химиялық ыдыс) болып келеді. Сары дақ колба тәрізді жасушалардың жиынтығынан түзілген, жарықты жақсы сезеді. Соқыр дақта жарықты сезетін жасушалар болмайды, жарық сәулесін қабылдамайды. Сондықтан оны соқыр дақ дейді, соқыр дақ - көру жүйкесінің көз алмасынан шығатын жері.</p>
<p>Қолдану 20-28(мин)</p>	<p>«Постер қорғау» арқылы жаңа тақырыпты меңгеру 1-тапсырма. I топ: Көздің құрылысы мен қызметі. II топ: Көру анализаторлары. Көру гигиенасы. Дескриптор Білім алушы 1. Көздің құрылысы мен қызметін анықтайды. 2. Көру анализаторы мен көру гигиенасын түсінеді. 3-жаттығу. Орнымыздан тұрып, алыстағы бір затқа қараңыз, одан кейін көзді мұрын ұшына бағыттаңыз, қайтадан алыстағы затқа қараңыз. Бірнеше рет қайталаңыз.</p> 	

	<p>2-тапсырма. (Ж) « Суреттен сөйлем, сөйлемнен мәтін» әдісі Керу қызметінің бұзылу себептерін түсіндіріңіз.</p> <p>Дескриптор Білім алушы 1. Көз қызметінің бұзылу себебін сипаттай алады 2. Көздің құрылысын ажырата алады. 3. Қызметін сәйкестіндіреді</p>				
Талдау 28-32(мин)	<p>Тест 1. Қарашықтың артқы бөлігінде А. Су екі жағы дөңес линза тәрізді В. Құтыша денешік- С. Таяқшалар 2. Көзбұршақ қисықтығының Д. Көзбұршақ ұлғаюы- Е. Аккомодация 3. Шыны тәрізді денеде болады- 4. Жарық пен түсті қабылдайтын рецептор- 5. Қараңғыда жарықты қабылдайтын рецептор- Тесттің жауабы: 1-Д 2-Е 3-А 4-В 5-С</p>	Білім алушылар тестке жауап береді.			
32-40(мин) Жинақтау синтез		<p>Бекіту</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Көз гигиенасы қалай жүргізеді? 2. Көздің құрлысы? 3. Жас безі дегеніміз не, қызметі? 4. Көз алмасында қанша қабық бар? <p>Рефлексия</p> <table border="1"> <tr> <td>білемін</td> <td>білдім</td> <td>Білім келеді</td> </tr> </table>	білемін	білдім	Білім келеді
білемін	білдім	Білім келеді			

ECOLOGY AND ECOLOGICAL PROBLEMS

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Меркі ауданының білім бөлімінің «Оқушылар «Үміт» сарайы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Достық-2» ағылшын тілі үйірмесінің педагогы

Отарбаева Гульнур Аликовна




LESSON: Ecology and ecological problems	School: "Dostyk-2" English club	
Date: the 7th of December	Teacher name: Otarbaeva G.A	
Grade: 2nd Group	Number present:	absent:

The main aims that this lesson is contributing to Сабақтың мақсаты:	8.1.9 – Use Earth to express thoughts, ideas, experiences and feelings. 8.2.2- Understand specific information in unsupported extend talk on a wide range of general and curricular topics, including talk on a limited range of unfamiliar topics. Жалпы оқу жоспарындағы тақырыпты кеңінен түсіну.
Lesson objectives Сабақтың міндеті:	All students will be able to: Understand the idea of the topic use subject-specific vocabulary in speech Барлық оқушылар тақырыптың идеясын түсінеді, сөздікті пайдалана алады. Most students will be able to: Talk on topic using active vocabulary and ask the questions to the topic Сөздікті қолданып, сұрақтарға жауап бере алады. Some students will be able to: Share the ideas about the topic in groups and describe objects Тақырып туралы өз ойын жетік білдіре алады, сипаттайды.
Assessment criteria Бағалау критерийлары	• Understand the main idea of the topic Тақырыптың идеясын түсінеді
Language objective Тілдік мақсаттар	Learners can: talk on the topic “Ecology and ecological problems”
Cross-curricular links Корсс байланыстар Спиральді оқыту	The Earth is in danger. Жер әлемі қауіпте!
Previous learning	The Earth is in danger.
Plan	

Planned timings	Planned activities (replace the notes below with your planned activities)	Resources
Beginning 5min	Teacher greets the students and explains the objectives of the lesson. \ Мұғалім оқушылармен амандасып алады\ Warm-up \ Сабаққа кірігу Watching Video Teacher:1.What does this video make you think about? (P 1: In my opinion we shall speak about nature. P2: I think we shall speak about ecology P3: I think we shall speak about problems in the city.)	dokonlin.ru/ pictures
5 min	Teacher: Please answer my questions. What is Environment or ecology? P1 – Environment is everything around us. P2 – The water we drink. P3 – The soil we walk on. P4 – The air we breathe. P5 – Nature with its variety. P6 – Animals. T: You are all right .Today we shall speak about ecological problems. The aim of our lesson is to understand the importance of ecology in our lives. Right and wrong STRATEGY Дұрыс\бұрыс стратегиясы Teacher asks some questions like as: 21st of March is the Earth day.	

	<p>Nur- Sultan is the most beautiful city in KZ. Pollution is good thing. On 11th of March 2011 is a tragedy day in Japan. Learning English is the best way to improve our English speaking.</p> <table border="1" data-bbox="360 327 1174 472"> <thead> <tr> <th>Descriptors</th> <th>yes</th> <th>no</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Learners can answer to the questions Оқушылар сұрақтарға дұрыс жауап береді.</td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	Descriptors	yes	no	Learners can answer to the questions Оқушылар сұрақтарға дұрыс жауап береді.									
Descriptors	yes	no												
Learners can answer to the questions Оқушылар сұрақтарға дұрыс жауап береді.														
<p>Middle 3min</p> <p>4 min</p>	<p>ADVANCED METHOD\ Жетілдірілген әдіс</p> <p>What is Environment? What is ecology? What is pollution? What kind of pollution are the most problem of the world?</p> <p>Environment means anything that surrounds us. It can be living (biotic) or non-living (abiotic) things. It includes physical, chemical and other natural forces. The best way to understand what is ecology is to think of it as the study of relationships within a given environment. Pollution is the act of introducing harmful substances to the environment.</p> <p>The major kinds of pollution, usually classified by environment, are air pollution , water pollution , and land pollution Pollution was not a serious problem as long as there was enough space available for each individual or group. ...</p> <p>Students will talk about Earth pollution from advanced method</p> <table border="1" data-bbox="360 1151 1174 1458"> <thead> <tr> <th>Descriptors</th> <th>yes</th> <th>no</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Learners can answer to the questions Оқушылар сұрақтарға жауап береді Learners can speak about ecological problems Оқушылар экологиялық проблемалар туралы айтады. Learners can share with ideas Оқушылар өз ойын жетік жеткізеді.</td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <p>Presentation of new vocabulary: \ Жаңа сөздікпен жұмыс In this step Ss read the definitions and guess the meaning of the words. Disaster (n) – an unexpected event, such as a very bad accident, Pollutant (n) – a substance that pollutes something, especially air and water Cause (n) – the person or thing that makes something happen Damage (n) – physical harm caused to something which makes it less attractive, useful or valuable Soil (n) – the top layer of the earth in which plants, trees grow.</p> <table border="1" data-bbox="360 1850 1174 2029"> <thead> <tr> <th>Descriptors</th> <th>yes</th> <th>no</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Learners can read the definitions and guess the meaning of the words. Оқушылар сөздіктің мағынасын оқиды мағынасын табады.</td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	Descriptors	yes	no	Learners can answer to the questions Оқушылар сұрақтарға жауап береді Learners can speak about ecological problems Оқушылар экологиялық проблемалар туралы айтады. Learners can share with ideas Оқушылар өз ойын жетік жеткізеді.			Descriptors	yes	no	Learners can read the definitions and guess the meaning of the words. Оқушылар сөздіктің мағынасын оқиды мағынасын табады.			<p>englishstyle.net worksheets</p> <p>poster table</p> <p>http://www.esl-lab.com/health/healrd1.htm</p> <p>learn.abaenglish.com worksheets</p>
Descriptors	yes	no												
Learners can answer to the questions Оқушылар сұрақтарға жауап береді Learners can speak about ecological problems Оқушылар экологиялық проблемалар туралы айтады. Learners can share with ideas Оқушылар өз ойын жетік жеткізеді.														
Descriptors	yes	no												
Learners can read the definitions and guess the meaning of the words. Оқушылар сөздіктің мағынасын оқиды мағынасын табады.														

8 min	<p>[P]CONVERSATIONAL APPROACH \Сөйлеу тәсілі Reading causes and consequences of natural disasters Табиғи апаттардың себеп салдарын оқу</p> 	colour stickers smiles																													
2 min	<p>Answer the questions. In what year did the accident happen? What was the effect of the earthquakes?</p>																														
5 min	<table border="1" data-bbox="399 929 1212 1131"> <thead> <tr> <th>Descriptors</th> <th>yes</th> <th>no</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Learners can understand in reading causes and consequences of natural disasters</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Learners can answer the questions</td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <p style="text-align: center;">Working with dictionary</p> <p>Teacher: We are going to discuss ecological problems using the words you have prepared for today's lesson. Let's check your knowledge. You are to match the words with their definitions.</p> <table border="1" data-bbox="399 1288 1212 1736"> <tbody> <tr><td>climate</td><td>a young, new, clean</td></tr> <tr><td>breathe</td><td>something that may happen</td></tr> <tr><td>protect</td><td>situated very far down</td></tr> <tr><td>harm</td><td>a place where people work and make different things</td></tr> <tr><td>factory</td><td>a region with special weather forms</td></tr> <tr><td>possible</td><td>protect from danger or harm</td></tr> <tr><td>save</td><td>take infreshair</td></tr> <tr><td>deep</td><td>the present time or age</td></tr> <tr><td>fresh</td><td>hurt</td></tr> <tr><td>nowadays</td><td>keep safe</td></tr> </tbody> </table>	Descriptors	yes	no	Learners can understand in reading causes and consequences of natural disasters			Learners can answer the questions			climate	a young, new, clean	breathe	something that may happen	protect	situated very far down	harm	a place where people work and make different things	factory	a region with special weather forms	possible	protect from danger or harm	save	take infreshair	deep	the present time or age	fresh	hurt	nowadays	keep safe	
Descriptors	yes	no																													
Learners can understand in reading causes and consequences of natural disasters																															
Learners can answer the questions																															
climate	a young, new, clean																														
breathe	something that may happen																														
protect	situated very far down																														
harm	a place where people work and make different things																														
factory	a region with special weather forms																														
possible	protect from danger or harm																														
save	take infreshair																														
deep	the present time or age																														
fresh	hurt																														
nowadays	keep safe																														
End 5 min	<table border="1" data-bbox="399 1780 1212 1904"> <thead> <tr> <th>Descriptors</th> <th>yes</th> <th>no</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Learners can match the words with their definitions.</td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <p>Feed back:</p> <p>Students sing a song "The Earth"</p>	Descriptors	yes	no	Learners can match the words with their definitions.																										
Descriptors	yes	no																													
Learners can match the words with their definitions.																															

Additional information		
Differentiation – how do you plan to give more support? How do you plan to challenge the more able learners? Саралау тапсырмасының орындалуы жалай жоспарға асты.	Assessment – how are you planning to check students' learning? Оқу үдерісінде оқушыларды бағалау қалай жоспарланды?	Cross-curricular links Health and safety check ICT links Values links Спиральді оқфту, АКТ байланыстару Құндылық байланыстар



КЕСКІНДЕМЕ САБАҒЫНДА БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚИЯЛЫ МЕН ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Меркі ауданының білім бөлімінің «Оқушылар «Үміт» сарайы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Әсем» көркем сурет студиясының қосымша білім беру педагогі
Бекзат Байториевна Тулендиева

Көкректе сәулесі жоқтың, көңілде сенімі жоқ, өнерсіз өмірден тез суынар.

Абай Құнанбаев

Балалардың шығармашылық қиялы мен қабілеттерің дамыту, олардың практикалық дағдыларды иемденуі сәбилік кезеңнен басталады. Баланың ақыл-ой ерекшеліктері жаратылыстан шығармашылық, ізденгіштік сипаттарға ие, алайда оны дұрыс бағытта дамыту жағдайлары әрқилы, сондықтан баланың ақыл-ой қабілетін дамыту, оның нақты дара ерекшеліктерің ескеріп тәрбиелеуге байланысты балалардың толыққанды ақыл-ой тәрбиесін сенсорлық процестерді қалыптастырудан бастау қажет. Балалардың шығармашылығын дамытуда сурет салу әдістері мынандай тәрбиелік және дамыту мақсаттарында қолданылады:

Саусақтар мен қол буынның ұсақ қол моторикасын жақсарту. Бас миы мен ұсақ қол моторикасының өзара байланысы бас миының қабығында қозғалыстық сипатты анықтайтын бөлік бар. Бас миы қабығының үштен бір бөлігі қол мойынның қозғалыстық қабілетімен байланысты және мидың сөйлеу зонасы бір-біріне өте жақын орналасқан. Сондықтан егер баланың саусағы нашар дамыған болса ол баланың сөйлеу қабілетіне әсер етеді. Осыған байланысты ғалымдар қол мойынның буынын артикуляциялық апарат сияқты «сөйлеу органы» деп те атайды. Бала тілін дамыту үшін сөйлеу органы ғана емес сондай-ақ, ұсақ қол моторикасын да дамыту қажет;

Қоршаған орта әлемін, ондағы құбылыстар мен заттарды біліп қабылдау, түсіну. Бала сурет салмас бұрын ойша елестетіп, белгілі бір бөлшектерге бөліп, қандайда бір заттарға, геометриялық фигураларға ұқсатып салады;

Әртүрлі материалдармен жұмыс жасау. Сабақта балалар суретті дәстүрлі қарындаш пен бояулармен бейнелемей, сондай-ақ тұрмыстық заттарды пайдалана отырып, шығармашылықпен айналысу ерекшеліктерін түсінеді.

Ойлау жүйесін белсендіру мен тың идеялар шығаруға белсенділік арттыру. Балаларға өз ойын жеткізуге, өзіне шығармашылық белсенділігін танытуға. Қажетті бұйымдар

алуға, еркін тақырыпта сурет салуға мүмкіндік беріледі. Бұл баланың тұлға болып қалыптасуының алғашқы қадамы десек те болады.

Балаға көтеріңкі көңіл - күй сыйлау, өзіне деген сенімін арттыру, қорқыныштан арылу. Дәстүрлі емес тәсілдермен сурет салу ойын түрінде өткізіледі, сондай-ақ, суреттер салу арқылы бала бойында мақтаныш сезімін ұялатуға, жетістікке жетуге деген құлшынысын арттыруға мүмкіндік береді.

Топпен жұмыс жасауға қызығушылықты қалыптастыру. Балалар топ болып жұмыс жасай алмайды, бірақ қарапайым тапсырмаларды қуана бірге орындайды. Тәрбиеші топқа бөліп тапсырма береді, балалар объектілерді бөліп ала отырып орындайды. Тәрбиеші балалар еңбегін бағалағанда әдемі суреттегі әрбір баланың еңбегін атап өтеді.

Эстетикалық талғамды қалыптастырады. Балалар дәстүрлі емес тәсілдермен сурет салуда қарапайым заттардың сұлулығын көреді, түстерді үйлестіре біледі. Жоғарыда көрсетілген мақсаттарды жүзеге асыруда дістүрден тыс сурет салудың мынадай тәсілдерін пайдалану ұтымды.

3Д қаламмен сурет салу. Бүгінгі таңда 3Д құрылғылар бүкіл дүниежүзіне танымал. Олар кино немесе өнер саласында болмасын кеңінен етек жайып келеді. Сонымен қатар 3Д суреттері өнер саласында да кең ауқымда пайдаланылып келеді. 3Д қаламдар қазіргі таңда ете танымалдылыққа ие болуда. Онымен жұмыс жасағысы келетіндердің саны күн санап артауда. Қолданылуы: 3Д қаламды ток көзіне қосып ON батырмасын басамыз. Өзіңізге қажетті түстегі пластикті жіпті кіретін портқа қоямыз.

Қажетті температураға қойып, қажетті суретімізді саламыз. Сурет салып болған соң, OFF режимін басып, пластикті жіпті арнайы батырманы басып ажыратамыз. Электр көзінен ажыратамыз.

Құммен сурет салу әдісі. Балалар құммен ойнағанды жақсы көреді, саусаққа тиген құмның түйіршіктері бойдағы ұйықтап жатқан әрбір жасушаны оятып, жүйке жүйесін де тыныштандырады екен. Мамандардың айтуынша, құм терапиясы баланың өзіне деген сенімділігін арттыруға, мінезінің ашылуына, бойындағы қиындықпен күресуге де көмектеседі және ойлау қабілетін дамытып, зейінін арттырады.

Сонымен қатар, құммен сурет салудың тағы бір әдісін қолданыға болады. Ақ қағаз бетіне суреттің пішіні сызылып алынады, ПВА желімін сызылған сызық бойымен қылқаламмен жағып шығамыз, жағылған желімнің үстіне ыдыстағы құмды себелеп шығамыз.

Мүзбен сурет салу. Түрлі-түсті мүз дайындау үшін бізге мүз дайындайтын ыдыстар және тағамдық бояулар қажет. Арнайы мүз ыдысын түрлі-түсті тағамдық бояулар араласқан суды құйып, балмүздақ таяқшасын салып мүздәтқышқа саламыз. Су мүзға айналғанда балаларға береміз. Балаларға арнайы ұстағыштан ұстатып жұмыс жүргізу қажеттігін ескертеміз.

Нүктелер арқылы сурет салу әдісі. Нүктелерді қосу арқылы шыққан сурет балалар үшін үлкен жетістік болып табылады. Нүктелерді қосуда баланың бойына талпыныс, бастаған ісін аяғына дейін жеткізу, нәтижеге жету сияқты қасиеттер дарытады. Шығармашылыққа деген ұмтылысқа қажетті тәсіл деп білемін.

Кофе ертіндісімен сурет салу. Ол үшін бір шай қасық кофені бір шай қасық сумен араластырамыз. Мұндай тәсілмен сурет салуды ғажайыптылық, жас балаларға кофе ішуге болмайды. Сол себепті сурет салу барысында кофенің хош иісін сезіну. Мұндай тәсіл арқылы ашық сары түстен тоқ қоңыр түске дейін түс шығаруға болады. Бұл әліспен алтын «Алтын күз» көрінісінің суретін салуға болады.

Пластелинмен сурет салу баладан төзімділікті, бастаған істі аяғына дейін жеткізу үшін табандылықты талап етеді.

Баланың шығармашылығын дамытумен қатар бейнелеу өнеріне қызығушылығын арттырып, психологиялық тұрғыда өскелең ұрпаққа септігін тигізеді. Бұл балаларға өздерін еркін сезінуге, батылдылық ұялатады, қиялды дамытады, өзін-өзі көрсету үшін толық еркіндік береді.

Қорыта айтқанда, шығармашылық ықпал кез келген міндеттерді шешуде педагогтық бейнелеу техникасының ерекше дәстүрден тыс жолдарын шешімінің көптеген нұсқалары мен тәсілдерін көрсеткен кезде ғана туындайды.



ЖҮННЕН ЖАСАЛҒАН БҰЙЫМДАР

Утебаева Айнур Елубаевна
Жамбыл облысы әкімдігінің білім
басқармасы
Меркі ауданының білім бөлімінің
«Оқушылар «Үміт» сарайы» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің
қосымша білім беру педагогі

Сырмақ жасау

Мақсаты: Қазақ қолөнері қорындағы қайталанбас өзгешелігімен ерекшеленетін киізден жасалатын бұйымдар, оның ішінде сырмақты жаңа үлгіде әзірлеп, қолөнер саласын тиімді дамыту.

Қазақтың ұлттық өнерінің шығу тарихы мен дамуы

Ұлттық қолөнерде аса маңыздырөл атқаратын киіз бұйымдарының шығу тарихы өте тереңде жатыр. Ол көне заманнан бері халық тұтынып келе жатқан қарапайым ұлттық мүліктерден бастап, аса үлкен жиһаздарға дейінгі өзіндік сюжетті өрнектердің жолдарынан өтті.

Тарихи жазба ескерткіштері мен археологиялық деректерге қарағанда, жүннен жасалған бұйымдар Еуразия даласынан бастау алып, әр дәуірде өзіндік өшпес із қалдырып, тайпалардың шығармашылығы арқылы қалыптасып, мәдени мұраға айналған. Сонау кең-байтақ даламыздан табылған қазба қалдықтарын еліміздің мұражайларынан көреміз. Аса бағалы, құнды жәдігерлер тарихымыз туралы сыр шертіп, шет елдердің көрмелерінде әсем көрініс болуда. Сондай-ақ көне бұйымдардың үстіне түскен нақыштардың өзіндік берер әсері зор.

Алғашқыда адамзат баласы жануардың жүніне, терісінен киім жасап, келе – келе тұрмысқа қажетті заттар, әшекей бұйымдар мен тарихи жәдігерлер дайындаған. Алтай жеріндегі Пазырық қорынан табылған киіз бұйымдары мен жазба деректеріне қарасақ, адамзат баласы алдымен төсеніш құрал-жабдықтарын жүннен жасаған және аты айтып тұрғандай киіз үйді ойлап табуды қолдаған. Жүннен жасалған бұйымдар тұрмыста қолдануда өте қолайлы, әрі жайлы бұйым болып табылады.

С.М Дудин мен Е. Шнейдер «Киізден жасалған бұйымдардың үстіне түскен нақыштар қазақ мәдениетін, салт – дәстүрін сипаттап тұрғандай әсерлі бейне береді» деп жазған. Олардың жазған еңбектерінде жалпы қазақ ою-өрнектері және киізден жасалған үй бұйымдары: кілем, алаша тоқуда қолданылатын оюлар айтылады. Сонымен қатар, тоқымашылық өнердің тәрбиелік ықпалы зор, өйткені қыз баланы жастайынан үй шаруашылығымен айналысуға және айналасындағы дүниені безендіруге үйреткен. Ата-бабаларымыздың өмірі көшпелі болғанымен, рухани болмысы көшпелі болған емес. Бабаларымыздың ұрпаққа деген өсиет үлгісі өнері арқылы жеткен. Атадан баласына, анасынан қызына мирас болып келе жатқан қолданбалы сәндәк өнерінің өзі ұлттық мәдениетіміздің дамуына ықпалын тигізеді.

Бабаларымыздың сұлулық туралы талғамы киізден жасалған бұйымдар арқылы көрініс тапқан. Қанша уақыт өтсе де тот баспайтын, Адалдығы айнадай ұлттық қазына – біздің қолданбалы өнеріміз. Ақтөбе өңіріндегі Бесоба, Сынтас Нагорный қорғандарынан қолөнердің тамаша туындылары табылады. Сол заман адамдардың тұрмыста пайдаланылатын ыдыс аяқ жасау, тас қашау, сүйек ою, тері илеу және ең басты кәсіп – тоқымашылық өнерінің болғаны байқалады. Тасқа қашалған суреттерден әйел адамдардың жүн иіріп, тоқымашылықпен айналысып отырған бейнелері көптеп кездеседі. Осылайша қола, тас дәуірінен бастап ежелгі адамдардың қолөнермен айналысқанын байқауға болады. Қолөнер – халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасқан

өміршең өнер. Өйткені, бұл заттар ел тұрмысына сән беріп, адамдарға рухани ләззат әкелген. Қолөнер шеберлігі табиғат сұлулығын өнер туындыларына арқау ете білген. Осы туындыларына арқау ете білген. Осы туындылардың бет- бедеріне ширатыла түскен ғажайып өрнектер өзгеше бір тілмен ақтарыла сыр шертетіндей. Қолөнер дүние жүзінің әр халқына тән, бұл – халық қазынасы, ғасырлар мұрасы. Қазақ қолөнерінде пайдаланылатын негізгі шикізаттың бірі және ең бастысы – жүн болды. Материалды терең зерттеп, оның бар сырын, бар мүмкіндіктерін аша білу – қазақ қолөнері үшін маңызды жайт. Халық шеберлігі материалдық табиғи қасиетіне зер салып, оны өңдеуде техникалық тәсілінің барынша тиімді және күнделікті тұрмысқа ең қолайлы жақтарын қарастыра отырып, әсемдік дүниесіне де көңіл бөле білді. Сонымен халық шеберлері байлыққа байлық қосып, молшылық жасаумен қатар, сол баршылықты байыпты етуге, тұрмыстық мүліктерімізді сәндендіруге үлес қосты. Ұлттық қолданбалы өнер түрлерінің бірі ретінде жүннен жасалған бұйымдар ғасырдан ғасырға мұра болып келеді.

Ұлттық нақыштағы сырмақтың жасалу тәртібі және үлгілері

Сырмақ - киізден сырып, оюлап жасалатын төсеніш. Арнайы іріктелген ақ, қара жүннен басылған жұқалау киіз. Киізде түйіртпек, ошаған тесік болмауы тиіс. Мұндай кемшіліктер оюға, сыруға, біртегіс жиектеуге бөгет жасайды. Сондықтан сырмақ басатын киіздің жүні, оның өңі күні бұрын таңдалып, ол көбінесе қозы жүнінен алынады. Оны сабағанда да ерекше қадағалап, үлгідетіп сабайды. Осындай іріктеліп алынған жарамды жүннен сырмаққа арнайы бет басады. Бет болатын ақ немесе қара киіздің екеуі екі бөлек басылады. Оны ысырып етпес үшін көлеміне қарай әр шағын, әрі жүнді үнемдеп жұқалау етіп басады. Сондықтан алдын ала оның көлемін, оған салынатын ою-өрнектің қандай болатынын қарастырады. Сырмақтың беті кейіннен не киізбен, не кенешпен астарланып сырылады.

Көлемі жағынан қазақ сырмақтары негізінен 4-түрге бөлінеді. Мұның ең үлкен-көш сырмақ. Бұл сырмақты көшкенде жүк артылған түйенің үстіне жабуға арнайды, жалпы көлемі 3-5 метрдей болады. Екіншісі- төсеніш сырмақ, жалпы көлемі 3-3,5 метрдей.

Мұндағы сырмақтар кейде киіз үйдің төрі бейнелес ірге жағы етектеңе дөңгеленіп, ал от жағы бүрілген сияқты тарылады дөңгеленіп, от басымен төрге дәлденіп жасалады. Ол тамның, киіз үйдің төрінің от жалғастырыла төселеді. Үшіншісі- төр сырмақ, көлемі 2-5 метр. Бұл жиекті, оюлы сырмақ. Мұны сыйлы қонақтар келгенде төртегі жалпы төсеніш киіздің үстінен, қонақ көрпенің астынан салады. Төртіншісі- төсек сырмақ немесе төсектің орнына немесе төсектің алдынан төсейді. Сырмақтардың кейде 1-1,5 метрлік шағын түрлері де кездеседі. Олар бір кісілік сырмақ деп аталады. Сырмақтың көбінесе ені тар, 1,5-1,7 см шамасынан аспайды, ал ұзыны 3 метр, кейде одан да артық бола береді.

Түр жағынан алғанда да қазақ сырмақтарының 4 түрлі атауы бар. Оларды “ақ сырмақ”, “қарала сырмақ”, “жиекті сырмақ”, “дебіске сырмақ” деп аталады. Ақ сырмақты бояуды тоқылған жиекпен немесе таңдайлап иірген қарала жиекпен жиектейді.

Қарала сырмақты қара немесе ақ киізден ойыстырып, астарлап, сырып жасайды. Оюларды құрған тігістің үстіне бояуды жиек бастырылады. Бұл бұрын сән-салтанатта сыйлы қонақтарға төселетін, көш жүгіне жабылатын болған.

Жиекті сырмақты тұтас біріңғай ақ немесе қара түсті киіздің бетіне бірнеше түсті бояумен өрнектеп жиек бастыру арқылы жасайды. Мұны мүлікті тең етіп бууға, жолға алып шығуға және басқа да күнделікті тұрмыста көп пайдалаған.


Дебіске сырмақты жасағанда тұтас киіздің бетіне әр түсті матаны оюлап бастырып, сол оюлардың шет-шетіне жіңішке жиек басады. Кейде кестеленген тұтас матамен тыстап та дебіске жасайды. Қазақ халқының ескі ғұрыпында мал еті мүшелері әрбір кісіге сыбаға ретінде белгіленгені тәрізді, үй-іші төсеніштерінің, үй мүліктерінің де жас мөлшеріне қарай арнаулы адамдары болған. Мысалы, ақ сырмақты қазақтың ескі ғұрпында көбінесе күйеуі ұрын келмеген оң жақтағы қыздың астына немесе қара жамылып, жоқтау айтып отырған жесірдің астына төсейтін. Ал дебіске сырмақты төсек үстіне, төсек алдына, жас келіншектер мен күйеу жігіттерге төсейтін. Дебіске сырмақты тұскиіз орнына да пайдаланған.

Сонымен қатар, сырмаққа салынатын ою-өрнектердің де өз орналасу тәртібі бар. Қазақ халқының ою-өрнектерінің де өз орналасу тәртібі бар. Қазақ халқының ою-өрнек өнері-байырғы ұлттық өнерлердің ішіндегі ең ежелгісі, әрі кең таралған түрі. Қазақтың сан ғасырлық тарихымен біте қайнасқан бұл өнер түрі халықтың шынайы рухани-эстетикалық

танымымен астасып, этнографиялық мәнге ие көрінісімен ерекшелене түскен. Демек, ою-өрнек-ұлтымыздың мәдени дамуының шежіресі, халықтың өткен тарихи, рухани, мәдени, материалдық өмірінің айнасы. Жаныңа ләззат сыйлайтын эстетикалық мәні зор бұл өнердің адам баласына берері мол. Сұлулыққа, әсемдікке, сабырлық пен төзімдікке баулитын ою-өрнек сыры тереңде жатыр. Оның мөддір де, таза түбіне жеткен жанның қоршаған орта мен жан дүниеден алары көп болары сөзсіз. Ою-өрнектің көне атаулары-халықтың тарихы мен мәдениетінен, ұлтық ерекшелігінен, ертедегі дүниетанымынан мол мағұлмат беретін құндылық.


Өрнектегі барлық элементтер ырғққа бағынады дегенмен, оюлардың өзіндік көркемдік мәні және сюжеті болады. Ою-өрнек элементтерінде формальді түрде бейнеленетін элемент жоқ, олардың барлығының өзіндік мазмұны бар.

Жүн мынандай түрлерге бөлінеді



Сөзжұмбақ


I-топ



- 1) Қобызды ойлап тапқан
- 2) Жіп иіретін әженің құралы
- 3) Жансыз заттардан құралған суретшінің шығармасы
- 4) Жер бетін қағазға кішірейтіп салынған бейнесі
- 5) Есту мүшесі

Сөзжұмбақ

II-топ



- 1) Ұлттық киім түрі ?
- 2) Қалыңдық бас иімі?
- 3) Винегрет сатына салынатын негізгі зат
- 4) Сүтпен жасалған тағам түрі?
- 5) Ер адамға арналған ұлттық киім түрі?
- 6) Көкөністерден жасалған тағам?
- 7) Инені матаға кіргізу үшін не қажет?

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАЛАРЫ

Наурызбаева Алма Еркінқызы
Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Астана қ.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының әлеуметтік өмірі мен мәдениетінде аянбай еңбек еткен ірі қайраткер, үлкен талант иесі, тарихта орны айрықша зор тұлға. Қазақ тілін оқыту методикасының ірге тасын қалаушы, қазақ тілінде оқыту әдісінің негізін салушы. Ол салада 1910 жылдан бастап 1927-1928 жылдарға дейін бірнеше материалдар жариялаған. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің оқулығын жазуы – қазақ тілінде қазақша жазылған оқулықтың алғашқы бастамасы болды. Автор 1912 жылы мектеп балаларына арнап қазақша сауаттандыратын – әліппені «Оқу құралын» жазғаннан кейін, мектепте қазақ тілін пән ретінде оқытатын оқу құралын жазуға кіріседі. «Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу – ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Алыстан ауызбен сөйлесуге болмайды. Жазумен дүниенің бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі. Сөйлегенде сөздің қисыны келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жаза білуге, қай сөз қандай орында қалай өзгеріліп, қалайша біріне-бірі қиындасып жалғасатын жүйесін білу керек», деп жазады ұлы ғалым (Тіл құрал, 173-бет). «Тіл жұмсар» - қазақ тілін оқыту әдістемесінің басы. Ғалымның өзі көрсетіп бергендей, тіл туралы еңбек жазу бар да, оны балаға оқыту жүйесі бар: «Тіл құрал» қазақ тілі қандай құрал екендігін тұтас түрінде таныту үшін түрлі бөлшектерін, тетіктерін ұсағын ұсағынша, ірісін ірісінше жүйелі тұрған орнында алып көрсетіп танытады. «Тіл жұмсар» сол үлкен құралдың бөлшектерін, тетіктерін балаға шағындап бөлек- бөлек ойыншық сияқты құрал жасап, соларды танытып, соларды жұмсату арқылы барып үлкен құралды танытады» (1992, 336). Әдіскер-ғалым оқытудың дұрыс жолға қойылуы үшін мынадай әдістемелік қағидаларды ұсынады:

- 1) Жаңа берілетін сабақты баланың білетін мағлұматтарымен ұштастыру;
- 2) Тиісті таныстыру арқылы сабақтың мазмұнына ынталандырып, ілтипат аудару;
- 3) Сабақты алдын-ала даярлайтын сұраулар қою арқылы ынтасын арттыру;
- 4) Қажетсіз мағлұматтардан сақтану, баланың ілтипатын қоздыратын қызықты нәрселерді ғана сөйлеп, үйрету;
- 5) Баланың ішін пыстыратын біркелкі мағлұматтардан сақтану, лайықты салыстыру, теңестіру, ұқсастыру, түрлі әдісті оңтаймен оқытуға, жандандыруға тырысу;
- 6) Алғашқы кездегі оқыту деректің көрнекі болуы. Оған сай жобаларды дұрыс қолдану;
- 7) Өзгелерді ынталандыру үшін оқытушы үйрететін нәрсесіне өзі де жақсы көру, оқытушы сүйген нәрселерді оқушы да сүйеді.

Ғалым ұсынып отырған қағиданың қай-қайсысы болса да балаға дәріс беру жүйесінде ешқашан ескірмек емес. Мектеп мұғалімі үшін үнемі есте болатын негізгі ұстанымдар деп бағамдаймыз.

«Тіл жұмсар» кітабында оқытуға қойылатын талапты былай тұжырымдайды: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі – оның білімнің ұзақ жолын қысқарту, қиналмай оңай оқу, керек білімін кешікпей, дер негізінде алып отыру үшін балаға жұмысты әліне шағындап беру және баланың бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеп отыру» -деп есептейді. Қай пәнде болсын баланың алған білімін тәжірибеде қолдануы барлық сабақтарда нақты тапсырмалар, өздігінен байқау, зерттеу жұмыстары арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан оқушы ережелерді, теориялық мағлұматтарды тәжірибе жүзінде қолдана алса ғана білім сапалы, тиянақты болып, дағдыға айналады.

1928 жылы “Жаңа мектеп” журналының 8-санында жарияланған “Қай әдіс жақсы?” деген көлемді мақаласында “әдіс деген қатып-семіп қалған догма емес... Жақсы дерлікте, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олқылықтың белгісі – бір ғана әдіспен болу. Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу” деген пікірі қазіргі білім берудегі әдіс тәсілдерге сай келіп тұр. Сонымен бірге баланы сауаттылыққа үйрету негізгі жазуға жаттықтыру деп қарады. Жазу дегеніміз – әріптердің суретін салу, ал оқу дегеніміз – суреті салынған әріптердің дыбысын дұрыс айту. Балалар дыбысты ажыратып үйренген соң, сол дыбыстың таңбасы – қәріпті көрсету керек. Оны меңгергеннен кейін оқу, жазу жұмыстарының бәріне сол тіреу болады деп балаларды оқуға, жазуға үйретудің әдіс-тәсілдерін сөз етті. Ағартушы

ғалымның әдіс тәсілдерін оқып үйрену қазіргі таңда да мұғалімдер үшін қажет. Ахмет Байтұрсынұлы алғашқы әліппе оқулық, тіл құралдарды дүниеге келтірумен бірге осы оқу құралдарын практикада қалай пайдалануға болады, әліппе, тіл құралдарындағы материалдарды шәкірттерге қалай ғылыми тұрғыда меңгертуге тиіспіз деген мәселе жөнінде ойланған. Озық елдердің тіл оқыту әдістемелік ілімін жетік білуі қазақ тілін оқытуға арналған төл әдістемелік еңбектер жазуға әсер еткен. Өйткені жазбаларынан «Баяншы», «Әліппе астары», «Нұсқаушы» (қай жылы жазылғаны белгісіз), «Тіл жұмсар» секілді әдістемелік еңбектерін және «Баулу мектеп», «Жалқылау» (айырыңқы әдіс), «Қай әдіс жақсы?», «Дыбыстарды жіктеу» туралы мақалаларын атауға болады. Бұлардың ішіндегі автордың «Әліппе астары», «Нұсқаушы» деген екі кітабы әзірге қолға түспеуде. Бүгінгі білім беру кеңістігінде шетелдік және отандық әдіскерлер «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы, «Инсерт» стратегиясы сияқты тағы басқа оқытудың түрлі әдістерінің ерекшеліктері мен ұстанымдарын айқындап, талқыға салып жүр. Өткенге көз жүгіртсек, бүгінгі жаңашыл деп табылған оқыту технологияларының Ахмет Байтұрсынұлының жоғарыда аталған еңбектерінен бастау алатынын айтып кетуіміз қажет. Бұны біз ғалымның өз заманындағы балалар мен ересектердің сауатын ашуға арналған оқу құралдарынан да, шағын мақалаларынан да аңғарамыз. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлының бастауыш мектептеріне арналған «Әліпбиі» (Жаңа құрал) оқулығын жазуда көрнекілік, түсініктілік, жүйелілік, өмірмен байланыстылық, дидактикалық ұстанымдарды, дамыта оқыту идеясын басшылыққа алғанын анық аңғаруға болады. Себебі, автор бұл еңбекте білім белгілі бір жүйемен, ретпен берілуін ескеріп, балаға әлі келетін білімді ғана ұсынған. Баланың ойлау қабілетін дамытумен қатар, оларды іс-әрекетке жаттықтыру қажеттігін де ескерген. Қазіргі таңда мектеп мұғалімдері жалпы білім берудің ең ұтымды тәсілі ретінде «Блум таксомониясын» басшылыққа алады. Блум таксомониясының алты түрлі ережесі кез келген ақпаратты үйретудің ең ұтымды тәсілдері ретінде қолданылып жүр. Себебі Блум таксомониясының:

- білу – мағлұматтар мен ақпараттарды еске түсіру;
- түсіну – жаңа идеяны түсіну, ондағы негізгі идеяларды салыстыру, сипаттау;
- қолдану – жаңа білімді түрлі нұсқада пайдалану;
- талдау – дәйектер мен себептерге байланысты ақпаратты тексеру және жіктеу;
- жинақтау – ақпараттарды жүйелеу;
- бағалау – ақпарат бойынша қорытынды жасау және жұмыс сапасын бағалау сияқты

алты ережесі ойлау дағдыларын қылыптастыруда және жетілдіруде үлкен рөл атқарады [2, 27]. Осы Блум таксономиясындағы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысы жайында өткен ғасырда А. Байтұрсынұлының еңбегінде айтылып кеткен. Ағартушы әдіскер «Ана тілінің әдісі» атты мақаласында ана тілін үйрету әдістерін былайша бөледі:

1) Кей әдістердің негізі қосу, жинау болады, барша ол негізді әдістер жалпылау (синтез) немесе жиылыңқы әдіс теп аталады;

2) Кей әдістердің негізі талдау, айыру болады. Ол негізді әдістердің бірі жалқылау (анализ) немесе айырыңқы әдіс деп аталады;

3) Кей әдістің негізінде қосу да, талдау да болады. Ондай әдістер жалқылаулы жалпылаулы немесе айырыңқы-жиылыңқы деп аталады [3, 105].

Ғалым оқушыға дайын ақпаратты бергеннен гөрі, алдына қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына мүмкіндік беру аса маңызды деп көрсетеді. Бұл категорияларды қазақ тілін оқулықтарын құрастыруда да, сабақ жоспарын жасауда да басшылыққа алған. Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынұлының бұл еңбегінде қазіргі әдістеде білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, дамыту мақсатында сөйлеу әрекеттерінің төрт түрі яғни, жазылым, оқылым, айтылым, тыңдалым арқылы тілді меңгерудің әдістері жайында ой-пікірлерін де табуға болады.

Бұған қоса ағартушының «Баулу мектеп» (Трудовая школа) атты проблемалы мақаласы журнал бетінде 1925 жылы (1 тамыз) басылған болатын. Кемеңгер ұстаз аталған мақаласында: «Мектептің міндеті – берген баланы ата-анасының үміті мен мемлекеттің мақсатындағы көздеген түрде адам қылып шығару. Бұл міндетін дұрыстап атқару үшін көздеген мақсатқа керек істерді дұрыстап істеу тиіс. Қалай үйреткенде бала көздеген түрдегі адам болып шықпақ? Мәселенің қисыны – осы жерінде. «Өлі оқу» – дүниедегі іске үйретпеген, сондықтан түрлі оқу тіршілік мақсатындағы іске үйлеспейтіні көрініп тұр. «Төте оқу» нәрсенің, істің затын алмай, атын ғана алып, құр сөз түрінде үйреткен. Сөзбен үйреніп, сөз жүзіндегі іске шебер болуға болады, бірақ тіршілік ісі жалғыз сөз

жүзінде емес. Сөзге қарамайтын тіршілік істері толып жатыр. Ол істерге істеп, үйреніп, шебер болмаса, сөзбен үйреніп шебер бола алмайды. «Көрнекі оқу» нәрсенің затын, ісін көрсетіп үйретеді. Көріп үйрету баланың табиғатына жақын дейді. Бала мектепке барғанша 5-6 жылдың ішінде бірталай білім білетіні рас. Бірақ ол білімді жалғыз көрумен ғана емес, көргенін еліктеп істеумен үйренеді. Солай болған соң тек көрсетумен болып, істетпей үйрететін «көрнекі оқу» да көздеген мақсат түрдегі тіршілікке лайық адамдар жасап шығара алмайды. Өйткені нәрсені көріп білу, білу мен істеп білудің арасы – көш жер. «Өлі оқудан» гөрі «төте оқу» беретін білім жандырақ «Баулу мектеп» – нәрседен нәрсе жасап, тауар қылып шығаратын пабірік, зауыт сияқты да орын емес, өзінен-өзі өсерлік жағдай жасап, бәрін бәрін даяр күйінде беріп, балапан шығаратын жұмыртқа сықылды да орын емес, ұйым түрінде іс қылып, іс жүзінде білім алып, еңбекті сүйетін шын еңбекші болып, ұшқанда алатын нәрсесіне ұяда баулынған қыран баласы сияқты жастар шығаратын орын»-деп көрегендікпен атап өткен. Қазіргі таңда дәстүрлі оқытудан жаңартылған білім мазмұнына ауысқан білім беру жүйесінде «білім алушылардың алған білімдерін күнделікті өмірде қолдану» қағидасы басшылыққа алынып жүр. Оқытудың бұл жүйесі Ахмет Байтұрсынұлының «Баулу мектебі» мақаласында да баяндалады: «Өлі оқудан» көрі «төте оқу» беретін білім жандырақ. «төте оқудан» гөрі «көрнекі оқу» беретін білім жандырақ, «баулу» беретін білім бәрінен де жандырақ. «Баулу» асылында дағдылы шағындағы тіпті «бала оқыту» емес, тіршілік ісіне тігілей түсіру». Ұлы ұстаздың осы пікірінен балаға жалаң білім берілмей, алған білімін өмірде қолдана білу керек деген тұжырымдаманы байқаймыз. Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл жұмсар» еңбегінде: «Балабілімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның білімінің, шеберлігінің керек орны өздігінен алатын тәжірибелі, білімінің ұзақ жолы қысқару үшін, ол жолдан балалар қиналмай оқу үшін керек білімін кешікпей кезінде алып отыру үшін балаға жұмысты әліне шағындап беру мен бетін белгіленген мақсатқа қарай түзеп отыру» деп атап өткен («Тіл жұмсар» Қызылорда 1928ж.)

Ахмет Байтұрсынұлының 1913 жылы жазған «Білім жарысы» деген мақаласы қазіргі таңда да өзекті. Білімді жұрттарда білім жарысы деген болады. Ол жарыста бәйгеге түсе алатындар білімділер, зейінділер. Осындай жұртқа пайдалы, үлгі аларлық жақсы істі жұрттың құлағына салып, біздің айтайын деп отырғанымыз мынау: білім жарысын істеу әр жұрттың қолынан келетін іс. Істейін десе, қазақтың да қолынан келеді Жұртқа ғылым үйретумен, көрумен, білумен жайылады. Білімнің бас құралы – кітап. Қазақ арасына білім жайылуына, әуелі, оқу үйренетін орындар сайлы болу керек, екінші, білім тарататын кітаптар жақсы боларға керек һәм қалық арасына көп жайыларға керек. Осы мақсатқа жетуге зор себепкер болатын істің бірі – білім жарысы. Білім жарысы дегеніміз – бай адам пәлен мың ақшаны бәйгеге тігеді де, мәлім етеді: осы ақшаны пәлендей іс істеген кісі алады деп. Мысалы, пәлен ауруға ем тапқан я пәлен ғылымнан, яки өнерден жаңа жол тапқан, я пәлен турасында жазып, кітап шығарған адамдарға беріледі. «Білім жарысы» мақаласынан түйгеніміз, ұлы ұстаз білімге, ғылымға деген ықыласты әлемдік жағдаймен салыстырып көрсеткен. Ахмет Байтұрсынұлының бір ғасыр бұрын кітаптың пайдасы туралы айтып кеткен қағидасы қазіргі таңда да өз маңызын жойған жоқ. Халықтың осындай жан азығынан, рухани байлықтан қол үзіп бара жатқаны бәрімізге мәлім, Адамзат баласының асыл құндылығы тәрбие құралы кітап оқуды жандандыру мақсатында мемлекет тарапынан дабыл қағылып жатыр. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев: «Кітап оқу – рухани кемелденудің көзі. Қазіргі уақыт – секунд сайын жаңарған ақпарат заманы. Алтын уақытымызды пайдалы істерге жұмсағанымыз жөн», – деп әр тұлға оқуға тиіс деп санайтын отыз таңдауды кітаптың тізімін ұсынған болатын. Қазір осы бағытта маңызды бағдарламалар жасалуда.

Жаһандану заманында ұлттық бәсекеге қабілетті болудың көрсеткіші – білім деңгейімен өлшенетіні бәрімізге аян. Сондықтан, әлемдік білім кеңістігіне кірігіп, білім беру жүйесін халықаралық биікке көтеру кезек күттірмейтін өзекті мәселе. Бұл мәселені шешудің кілті ұстаздардың қолында. Ахмет Байтұрсынұлының сонау ХХ ғасырда жазылған еңбектері қазіргі таңда өз мағынасын жойған жоқ. Осы оқулықтарға, мақалаларға сүйене отырып балаларға білім, білік, дағдыны бере отырып, оларды тәрбиелей аламыз. Қазіргі жаңашыл деп танылып жүрген технологиялардың көпшілігі ғұлама ағартушының еңбектерінде көрініс тапқаны дәлелденіп отыр. Бұдан біз сан жылдар бойы жұртшылыққа ұсынылмай, әділ бағаланбай келген Ахмет Байтұрсынұлының оқу ағарту саласындағы әдістерінің өміршеңдігіне көз жеткізуімізге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 272 б.
2. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов (методикалық көмекші). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 272 б.
3. Қыдыршаев А. Байтұрсынұлы А. (А. Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектері туралы). – Орал, 1998. – 156 б.
4. Жанпейісов Е. Байтұрсынұлы бастаулары //Тілтаным. – №2, 2001.
5. Байтұрсынов А. «Қай әдіс жақсы?» мақаласы

**«СТЕМ ЗЕРТХАНАСЫ» ЭЛЕКТИВТІ КУРС
БАҒДАРЛАМАСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП
ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ, ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ
БАҒЫТЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТАРЫН
РОБОТОТЕХНИКА АРҚЫЛЫ ДАМУ**

Ермағамбет Гүлназ Өмірғалиқызы
Астана қаласының Quantum STEM School мектебінің информатика
пәнінің мұғалімі

Аңдатпа

Бұл элективті курс бағдарламасы 7,8 сынып оқушыларына арналған. Бағдарлама оқушыларды қазіргі заман талабына сай робототехника және информатика пәндері арасындағы сабақтастықты меңгерте отырып осы пәндерге деген қызығушылықтарын арттыруға, логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, сонымен қатар практикалық тапсырмаларды жасау арқылы шығармашылық потенциалдарын кеңейтеді. Бағдарламада оқытудың жаңа ақпараттық жүйесі ұсынылып, заманауи, қоғамдағы жаһандық өзгерістерге бейімделе алатын, білімді, білікті, өз білімін қажетті жағдайда қолдана алатын жеке тұлғаны білімге бағыттау жолы практикалық жұмыстар, робототехникалық жобалауды информатика пәнімен байланыстыра отырып бағдарламалау, Arduino жинақтарын пайдаланып жұмыс жасап, жобалар құрастыруға үйретуге негізделген бағдарламасы жасалған.

Түйінді сөздер: Arduino, STEM, робототехника

Аннотация

Данная программа элективного курса предназначена для учащихся 7 и 8 классов. Программа позволяет повысить интерес учащихся к данным предметам, развить способности к логическому мышлению, а также расширить их творческий потенциал путем создания практических заданий, при этом осваивая преемственность между предметами робототехники и информатики в соответствии с современными требованиями. В программе предлагается новая информационная система образования, и путь к образованию человека, способного адаптироваться к современным, глобальным изменениям в обществе, обладающего знаниями, квалификацией и умеющего использовать свои знания в необходимой ситуации. практическая работа, программирование путем соединения проектирования робототехники с предметом информатики. Создана программа, основанная на обучении работе и сборке проектов с использованием комплектов Arduino.

Ключевые слова: Arduino, STEM, робототехника

Annotation

This elective course program is intended for students in grades 7 and 8. The program allows you to increase students' interest in these subjects, develop logical thinking abilities, and also expand their creative potential by creating practical tasks, while mastering the continuity between the subjects of robotics and computer science in accordance with modern requirements. The program proposes a new information education system, and a path to the education of a person who is able to adapt to modern, global changes

in society, who has knowledge, qualifications and is able to use his knowledge in the necessary situation. practical work, programming by combining robotics design with the subject of computer science. A program has been created based on training in working and assembling projects using Arduino kits.

Keywords: Arduino, STEM, robotics

КІРІСПЕ

Жұмыстың өзектілігі: Бүгінгі таңда техника мен технологиялар дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті оқушы даярлау мұғалімнің басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы техника мен технологиялардың қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа жүйені және өмірде қолдана алатын, бәсекеге қабілетті жаңа идеялар ұсына алатын жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді. Осы өзекті мәселені шешуде «СТЕМ зертханасы» элективті курс бағдарламасымен жұмыс жасауға дағдылану маңызды.

Курстың мақсаты:

- Робототехника және информатика пәнін сабақтастырып оқушылардың эксперименттік жұмыс дағдысын, шығармашылық қабілетін дамытуды қалыптастыру;
- Робототехника және информатика пәнін оқыту үрдісінде оқушылардың алгоритм бойынша роботтарды құрастыру және өз үлгілерін жобалау дағдыларын дамыту, роботты бағдарламалау тілдерін үйрену, оларды талдауға, олардың заңдылықтарын түсініп, практикада қолдана білуге үйрету;
- Информатика сабақтарында эксперименттік, тәжірибелік жұмыстарды жасап, есептеулер жүргізіп, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру;
- Информатиканы оқыту үрдісі нәтижелі болу үшін оқушылардың логикалық санасы мен шығармашылық ойлауын дамыту;
- Оқу үрдісінде Arduino мен робототехниканы қолдану арқылы оқушылардың танымдық-зерттеу және конструктивті іс-әрекетін, техникалық шығармашылығын дамыту.

Курстың міндеттері:

- Arduino жинақтарымен эксперименттер жасап, негізгі құрал түрлерінде жұмыс жасай білу;
- Arduino жинақтарымен жобалық жұмыс жасау және бағдарламалау арқылы зерттеу нәтижесінде тәжірибеде қолдана білу;
- СТЕМ зертханасында жұмыстарды жасап, ғылыми жаңалықтарды іздеу;
- Модельдеу мен жобалауға қызығушылықты дамыту, ғылыми-техникалық шығармашылықты ынталандыру;
- Логикалық ойлауды, объектіні талдай білуді, оның өзіне тән белгілерін, негізгі бөліктерін бөліп көрсету, олардың мақсаты мен құрылымы арасында байланыс орнатуды қалыптастыру.
- Құрылымдарды жобалау және құрастыру кезінде алған білімдерін қолдана білу дағдыларын дамыту.
- Танымдық белсенділігін, шығармашылық бастамасын қалыптастыру.

Жұмыста оқушылардың коммуникативтік дағдыларын жетілдіру жұпта, ұжымда, міндеттерді бөлу.

- Оқу іс-әрекетінің алғышарттарын қалыптастыру: жұмыс істеу қабілеті мен ынтасы, берілген тапсырма мен мақсатқа сәйкес тапсырмаларды орындау, басталған істі аяғына дейін жеткізу, алдағы жұмысты жоспарлау.

Курстан күтілетін нәтиже:

Мектептің «СТЕМ зертханасы» курсын оқытудағы ең маңызды әдістердің бірі – тәжірибе және жобалау техникасын пайдалану. Оқу процесінде Arduino мен робототехниканы қолдану арқылы оқушылардың танымдық-зерттеу және конструктивті іс-әрекетін, техникалық шығармашылығын дамыту үшін инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану. Ғылыми – техникалық шығармашылығын дамытуды жүзеге асыру «ақпараттық қоғам, инновациялық экономика талаптарына жауап беретін тұлғалық қасиеттерді тәрбиелеу мен дамытуды» көздейтін жүйелік-белсенділік тәсіліне негізделген.

Түсініктеме хат мазмұны

XXI ғасыр техника мен технологиялар, заманауи ғылыми білім ғасыры болып саналады, сондықтан қазіргі қоғамның дамуы әрқайсымыздан әртүрлі салаларда жоғары білім мен кәсіби дайындықты талап етеді. Осыған байланысты қазіргі білім беру жүйесі ақпараттық

және мобильді әлемде өмір мен жұмысқа негізделген мәселені шешуге тырысуда.

Қазіргі заманда келешегі зор инженерлік кадрларды даярлау үшін жас ұрпақты тәрбиелеуде жаңа технологияларды енгізу қажет. Қазіргі қоғамның басым бағыттарының бірі – «робототехника». Робототехника автоматтандырылған техникалық жүйелерді жасаумен айналысады. Әдетте, күрделі техникалық жүйелерді әзірлеумен және автоматтандырумен әртүрлі оқыту бағыттарының инженерлері айналысады. Қазіргі уақытта инженерлік мамандықтар сұранысқа ие мамандықтардың бірі болып табылады. Әрбір өсіп келе жатқан оқушы жоғары білімді, білікті болуы үшін жастайынан техникалық шығармашылықты дамыту қажет. Мектептің әрбір түлегі қазіргі қоғамдағы болашақ өмірге кәсіби дайын болуы керек.

Робототехника жаңа бағыт ретінде өз идеяларын жасауға, жобалауға және ойлап табуға мүмкіндік береді, осылайша оқушыға шығармашылық ойлауды дамытуға мүмкіндік береді. Қазіргі білім берудің міндеті-болашақта оқушының өз қабілетін ашу мүмкіндігін жеңілдететін, осылайша еркін әрекет етуге және қоршаған ортаны білуге мүмкіндік беретін орта құру. Әрбір заманауи мұғалім оқушының әрі қарайғы іс әрекетін ынталандыру үшін білім беру ортасын ұйымдастырып жабдықтауы керек.

Робототехника сабағында техникалық технология пайдалану оқушылардың ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыру қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Оқушылардың ақпараттық құзырлығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің бірі.

«СТЕМ зертханасы» курсының мазмұны пәнаралық байланыстарға негізделген. Жобалау және бағдарламалау процесінде оқушылар физика, механика, электроника және информатика саласындағы жаңа білімдерді тереңдетеді немесе игереді. Сабақ барысында зейінін, қиялын, шығармашылық бейімділігін дамыту, диалогтік және монологтық сөйлеуді дамыту, сөздік қорын молайту жұмыстары жүргізілуде. Логикалық және кеңістіктік ойлауды дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Оқушылар ұсынылған нұсқаулармен жұмыс істеуге үйренеді, серіктеспен ынтымақтасу, топта жұмыс істеу дағдылары қалыптасады. Мұғалім информатика сабағында тақырыптық материалды ұтымды әрі әсерлі өткізу үшін теорияны көрнекілік тәжірибемен қоса сол процестерді бағдарламалау арқылы оқушылардың зерттеу қабілетін арттырады. Сонымен қатар оқушы зертханада қарастырылған Arduino құралдармен жұмыс жасауды меңгеріп, өмірде пайдалана алатындай деңгейге жетеді. Мұндай жұмыстарды жасау оқушыларға болашақтағы мамандықтарын таңдауға, сол мамандық бойынша терең білім алуға үйретеді.

Arduino - бұл дайын электрондық блок пен бағдарламалық құралдан тұратын жинақ. Электрондық блок - микроконтроллері және жұмыс істеуге қажетті элементтері бар баспа схемасы.

Arduino-ға арналған бағдарламалар C++ тілінде жазылған, енгізу/шығуды басқаруға арналған қарапайым және түсінікті функциялармен толықтырылған. Arduino-мен жұмыс істеу ыңғайлылығы үшін Windows, Mac OS және Linux жүйелерінде жұмыс істейтін «Arduino IDE» тегін ресми бағдарламалау ортасы бар[1]. Білім беру робототехникасын оқу үшін Arduino микроконтроллерін қамтитын Amperka оқу жинағын пайдалануға болады.

STEM дегеніміз – оқытудың біріктірілген тәсілі. Ол оқушылардың ХХІші ғасырда табысқа мен бәсекеге қабілеттіліктің қажет негізгі дағдыларын дамытуға бағытталған.

STEM – білім беру инженерлік шығармашылық пен математика, жаратылыстану ғылымдары мен технологиялардың кіріктірілуі негізінде жоба және пәнаралық амалдарды байланыстыратын жаңаша ойлау және жаңа технологияларға бағытталған ғылымдардың бірігуі. Ол оқушының сыни тұрғыдан ойлау, ғылыми-техникалық білімді күнделікті өмірде пайдалану, белсенді қарым-қатынас құру және командамен жұмыс жасау, техникалық пәндерге қызығушылықты арттыру, жобаларға креативті және жаңашыл көзқарас, оқу мен карьераның ұштасуына мүмкіндік береді.

STEM – сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату. Қазір бұл түсініктің жаңа нұсқалары пайда болды, солардың ішінде анағұрлым кең таралғаны STEM (ғылым, технологиялар, инженерия, математика)

РОБОТЕХНИКА НЕГІЗІНЕ ОҚЫТУ

Курс бөлімдерден тұрады, олардың әрқайсысы өз кезегінде теориялық және

практикалық бөліктерге бөлінеді. Теориялық бөлімде Arduino-ның негізгі тақырыптары қарастырылған және бағдарламалау негіздері туралы мәліметтер берілген. Практикалық бөлімде схемалар мен бағдарламаларды жасау процесінің сипаттамасы берілген.

Курсты жүзеге асыру кезінде біз Arduino жинағымен жұмыс істейміз. Arduino робототехикасының білім беру платформасы оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға арналған. Arduino - бұл дайын электрондық блок пен бағдарламалық құралдан тұратын жинақ. Электрондық блок - микроконтроллері және жұмыс істеуге қажетті элементтері бар баспа схемасы.

Arduino-ға арналған бағдарламалар C++ тілінде жазылған, енгізу/шығуды басқаруға арналған қарапайым және түсінікті функциялармен толықтырылған. Arduino-мен жұмыс істеу ыңғайлылығы үшін Windows, Mac OS және Linux жүйелерінде жұмыс істейтін «Arduino IDE» тегін ресми бағдарламалау ортасы бар. Білім беру робототехикасын оқу үшін Arduino микроконтроллерін қамтитын Amperka оқу жинағын пайдалануға болады[2].

Курс барысында оқушылар жобалық іс-әрекет орындайды. Әрбір жоба үш кезеңнен тұрады:

- зерттеу (ұсынылған тақырып бойынша бейнероликтерді көру);
- жобаны құру (толық құрастыру нұсқаулары ұсынылған);
- жұмыс бойынша қорытындылау, тәжірибе алмасу, қорытынды жасау.

Жинақтың бұл нұсқасы ашық шешіммен жобаларды іске қосуға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда балалар жобалау кітапханасының үлгілерін шабыт көзі ретінде пайдаланады және осы жоба аясында өз шешімін жасайды.

Arduino жинақтарымен жобаларды жүзеге асыру барысында оқушылар ғылыми әдістерді, техникалық қосымшаларды, математикалық модельдеуді, инженерлік дизайнды пайдаланады. Жобалық әдіс – педагогикалық технология, оның өзегі – балалардың өз бетінше әрекеті: зерттеушілік, танымдық, өнімді, оның барысында оқушылар жаңа білімді нақты өнімге айналдырады[3]. Бұл әдіс өте өзекті және тиімді, ол студенттерге ғылыми-зерттеу іс-әрекетінде қажетті жаңа құзыреттерді меңгеруге мүмкіндік береді: олар алған білімдерін синтездеуге және талдауға үйренеді, шығармашылық қабілеттер мен коммуникативті дағдыларды дамытады.

Бұл жұмыс есептерді шешуде шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Жоба әдісін сабақта қолдану топтық, жұптық жұмысты ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Әр сабақ теориядан және осы тақырыпты бекітетін шағын жобадан тұрады. Кейбір жобалар одан әрі дамуда. Жобалық іс-әрекет оқушылардың өз күштеріне, өз мүмкіндіктеріне деген сенімін нығайтуға, өзін-өзі дамыту қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Жобалармен жұмыс барысында оқушылар әртүрлі көздерден ақпаратты тиімді іздеуді, топта өз бетінше жұмыс істеуді үйренеді, әртүрлі деңгейдегі конкурстарда жобаны қорғау тәжірибесін алады. Осылайша, оқу мақсаттарын өз бетінше қоюға, оларды жүзеге асыру жолдарын жобалауға, олардың жетістіктерін бақылауға және бағалауға қабілетті тұлға қалыптасады.

Әзірленген оқыту курсының негізгі екі бөлімнен тұрады:

1. Arduino жүйесінде негізгі құралдар
2. Arduino жүйесінде сенсорларды пайдалану


№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
Arduino жүйесінде негізгі құралдар				
1	Кіріспе	1		
2-3	Arduino жүйесінде жыпылықтайтын жарық диоды	2		
4-5	Arduino жүйесінде батырма қосу	2		
6-7	Arduino жүйесінде Потенциометрді қосу	2		
8-9	Arduino жүйесіндегі үш түсті жарық диоды	2		
10-11	Arduino-дағы Джойстик	2		
12-13	Arduino жүйесінде Сервопривод арқылы басқару	2		
14-15	Arduino-дағы фоторезистор	2		
16-18	Жобалық жұмыс	3		

Arduino жүйесінде сенсорларды пайдалану				
19-20	Arduino-ға инфрақызыл қабылдағышты қосу	2		
21-22	Arduino жүйесіндегі қозғалыс сенсоры (PIR).	2		
23-24	Температура және ылғалдылық сенсорын қосу	2		
25-26	Ардуиноға ультрадыбыстық сенсорды қосу	2		
27-28	Arduino-ға LCD 16×02 i2c дисплейді қосу	2		
29-34	Жобалық жұмыс	6		
35	Жобалар көрмесі	1		
36	STEM фестивалі	1		
	Барлығы	36		

Arduino жүйесінде негізгі құралдар бөлімінде Arduino-дағы негізгі құралдармен жұмыс жасайды. Бұл бөлімде оқушылар жарық диодты батырма, джойстик, патонциометр, сервожетек арқылы басқаруды үйренеді. Сонымен қатар C+ бағдарламасы негізінде, if шартты операторы, for циклдық операторын бойынша Arduino IDE ортасында бағдарлама жазады. Бөлім соңында «Бағдаршам», «Пультпен басқаратын шам», «Жарықты деңгейін бақылайтын шам» тақырыптары бойынша жобалық жұмыстар орындайды[4].

Arduino жүйесінде сенсорларды пайдалану бөлімінде оқушылар Arduino-ға инфрақызыл қабылдағышты қозғалыс сенсоры (PIR), температура және ылғалдылық сенсорын, ультрадыбыстық сенсорды, LCD 16×02 i2c дисплейді қосуды үйренеді және тақырыптарды меңгергеннен кейін оқушылардың шығармашылық потенциалдарын дамытуда шағын жобалық тәжірибе орындайды[5]. Жабалар тақырыптары: «Бөлме термометрі», «Метеостанция», «Пантограф», « Автоматты өсімдік суарғыш»

«STEM зертханасы» сабағында оқушылардың Arduino жинақтарымен шағын жоба жұмыс жасау барысы



Жұмыс нәтижелері:

1. Мектепшілік «STEM фестивалі» байқауы енгізілді



2. Қалалық және республикалық конкурстарда жүдделі орындар алды



«Шаттық-2022» қалалық байқау –II орын



«KAZROBO project 2022» республикалық байқау –II орын



- «MakerSpace Hardware Projects» робототехника бойынша ғылыми-техникалық жобалар конкурсы- I орын
- STEM қалалық конкурсы 2021- IV орын

3. Қала бойынша форумда іс- тәжірибемен бөлісті



Қорытынды

«STEM зертханасы» курсының оқу нәтижесінде оқушылар күрделілік дәрежесі әртүрлі роботтарды жобалау және бағдарламалау, құрылғыны басқаруға арналған жазылған программалық кодты түсіну, құрылымға әсер етпейтін шағын өзгерістер енгізу мүмкіндігіне ие болады. Жобалау, бағдарламалау, зерттеу сабақтары, сондай-ақ Arduino жинағымен жұмыс істеу процесінде қарым-қатынас жасау оқушылардың интеллектуалды дамуына ықпал етті, білім беру стандарттарының тапсырмаларын орындауға мүмкіндік берді. Мектептен кейінгі «STEM зертханасы» курсының әртүрлі мектеп пәндерін біріктіру жаңа білім беру тұжырымдамаларын жүзеге асыру, жаңа дағдыларды меңгеру және қызығушылықтар ауқымын кеңейту мүмкіндігін ашты.

Оқушылар сандық құралдармен және технологиялық схемалармен жұмыс істеу білімі мен қабілетін көрсету мақсатында модельдер құруды және бағдарламалауды үйренді; Arduino жинағымен техникалық жобаларын құруды және ұсынуды үйренді.

Оқушылар Arduino жинақтарымен жұмыс жасады. Arduino жинағында тақырыпқа сай барлық құрал-жабдықтармен қамтылған. Осы жанақтарды қолдану арқы оқушылар түрлі шағын жобалар жасауды және оған компьютер арқылы бағдарлама жазуды үйренуде.



Пайдаланған әдебиеттер тізімі





1. Уроки программирования Ардуино для начинающих - <https://xn--18-6kcduowgbt1a4b.xnp1ai/%D1%80%D0%BE%D0%B1%D0%BE%D1%82%D0%BE%D1%82%D0%B5%D1%85%D0%BD%D0%B8%D0%BA%D0%B0-D0%B0%D1%80%D0%B4%D1%83%D0%B8%D0%BD%D0%BE/>
2. Дж. Бокселл Изучаем Arduino. 65 проектов своими руками- ООО «Питер Пресс»- 2019г, 109-243 с.
3. Exploring Arduino®: Tools and Techniques for Engineering Wizardry- Copyright © 2020 by John Wiley & Sons, Inc., Indianapolis, Indiana
4. Джереми Блум – Изучаем Arduino. Инструменты и методы технического волшебства-2015 г, 83-127 с.
5. Саймон Монк – Програмируем Arduino. Профессиональная работа со скетчами-2014 г, 25-38 с.

2-3 сабақ

Сабақтың тақырыбы: Arduino жүйесінде жыпылықтайтын жарық диоды		Мұғалімнің аты-жөні: Күні:
СЫНЫП:	Қатысқан оқушылар саны:	Қатыспаған оқушылар саны:
Сабақ мақсаты	Жыпылықтап тұрған жарық диодты Arduino-ға қосу және оны басқару үшін бағдарлама жазу.	
Сабақ нәтижесі:	Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Оқушылар жарықдиодпен танысады және оны Arduino-ға қосып, бағдарлама процедурасын жазады.	
Бағалау критерийі	Жеке, жұптық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.	
Ресурстар	Слайд, таратпа материалдар.	
Әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, көрнекілік. Рефлексия.	
Пәнаралық байланыс	физика, информатика.	
Алдыңғы оқу	зертханалық құрал-жабдықтар	

Сабақтың жоспары

Жоспарланған уақыт	<p>Сабақ барысы :</p> <p>Жыпылықтап тұрған жарық диодты Arduino-ға қосу және оны басқару үшін қажетті құралдар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • arduino тақтасы • breadboard • 2 «папа-папа» сым • Жарық диод • резистор <p><i>Жарықдиодты шамдар</i> - индикатор мен жарықтандыру үшін қызмет ететін жартылай өткізгіш элементтер болып табылады. Егер сіз жарықдиодты дұрыс қоспасаңыз, онда тұрақты ток өтпейді және құрылғы жанбайды. Бұған қоса, дұрыс қосылмаған жағдайда жарық диоды сәтсіз болуы мүмкін. Анод (жарық диодтың ұзын аяғы) «+», ал Катод «-» қосылады.</p> <p><i>Резистор</i> - электр тізбегіндегі токты шектеуге, жеке тізбектерде кернеудің төмендеуін жасауға және пульсирленген токты құрамдас бөліктерге бөлуге қызмет етеді. Резисторлардың тағы бір атауы - кедергі.</p> <div style="text-align: center;">  </div> <p>Arduino-да жарықдиодты қосу схемасы:</p> <div style="text-align: center;">  </div>	Қажетті ресурстар
--------------------	--	-------------------

	<p>Бағдарлама скетчі:</p>  <pre> void setup() //Бағдарлама бастала іске қосылған кезіндегі процедура; процедурада мыналар void кезінде бастала { pinMode(led, OUTPUT); //қайталанылатын портты жарыққа, led - порт нөмірі, екінші аргумент - портты қайталау түрі - кіріске (INPUT) немесе шығару (OUTPUT) } void loop() // loop мәніндегі процедура, setup процедурасынан кейін қайталанып қосылған процедура { digitalWrite(led, HIGH); //Бұл сөйлем порттың кереметі жою немесе өзіне үшін қайталанылады; led - порт нөмірі, екінші аргумент - жою (HIGH) немесе өзіне (LOW) delay(1000); //Бұл сөйлем аргументтер аралында күту үшін қайталанылады, аргумент миллисекундтағы күту ұзақтығы болып табылады digitalWrite(led, LOW); delay(1000); } </pre>	
<p>Аяқталуы Сабақты бекіту</p>	<p>Тапсырма №1 Апат сигналын жіберу үшін бағдарлама жазыңыз.</p>  <p>Тапсырма №2 «Sound ON» Жарықдиодтың орнына Пьезо динамикті алмастырып, апат сигналын жіберу үшін бағдарлама жазыңыз.</p>  <p>Тапсырма №3 «Бағдаршам» Жасыл және сары жарықдиодты пайдаланып «Бағдаршам» құрастырыңыз және бағдарламасын жазыңыз.</p> 	
<p>Кері байланыс</p>	<p>Оқушылар сұрақтарға жауап береді. «БББ»</p>	

БЕІНЕ ЖӘНЕ БЕІНЕЛІК ҰҒЫМДАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ОБЪЕКТІЛІК МАЗМҰН (НАҒАШЫБЕК ҚАПАЛБЕКҰЛЫНЫҢ «ДОС ЖҮРЕГІ» ӘНГІМЕСІНДЕГІ КЕІПКЕРЛЕР БЕІНЕСІ)

Оспанбек Бұлбұл Расбекқызы

Алматы қаласы №15 гимназия директоры

Көркем әдебиет стилі немесе көркем сөз – ойды және сезімді образ арқылы бейнелейтін айрықша өнер. Авторлық даралықпен көркем сөздің стильдік құрылысына үңілу, көркем шығарманың стильдік тұтастығы мен бірлігінен тұрады. Бұл туралы Д.Әлкебаева, А.Абишива, Б.Шалабаев, Ә.Ыбырайым зерттеушілердің еңбектерінде иерархиялық мағыналардың деңгейлерінде түзілетін қабаттардың, яғни заттық (денотативті кеңістік), бейнелі мағына (көркем әдебиеттің эмоционалдық-бағалауыштық кеңістігі), идеялық мағына (көркем әдебиет стилінің концептуалды кеңістігі) көркем шығарма тілінің бейнелілік құралдары көрсеткіштерінің автор назарында ұстанып, оқырманға эмоционалдық-бағалаушылыққа әсер орнатады. Бұл тек авторда ғана емес, оқырманның зейін салтында болғандығымен әсерлі. Ахмет Байтұрсынұлы өз кезінде зейінді екіге бөліп қарастырады: сап қажетті, ал салт қажетті және іске асыруды білдіреді. Осыны ескере отырып Юнгтің креативті ойлаудың ережелеріне негізделген теориясы қарастырылады. Сонымен қатар, көркем бейненің типтік қасиет-сипаты неғұрлым жоғары болған сайын, оның танымдық күші де соғұрлым арта түседі.

Қаламгер өз шығармасында ерекше тұлғалық бейнені суреттеуге тырысады. Қандай ойдың, парасаттың биіктігі болса, шығарма тілі соншалықты дара жазылады.

Ойдың бейнесіндегі образ арқылы айрықша бейнелейтін ұшқыр ойдың көрінісі көркем прозада бейнелеу тәсілінің образ құрылысына, композициялық ерекшелік авторлық дара қатысымға байланысты болады [1.87-б].

Қазіргі таңда психологиялық-креативтілікті қалыптастырудың бір жолы есебінде Қазақстанның еңбегі сіңірген қайраткері, белгілі қоғам қайраткері, жазушы, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Нағашыбек Қапалбекұлының шығармаларын тану арқылы жаңашылдыққа келу аса қолданбалы әдістердің бірі болып отыр. Елуге жуық кітаптың авторы, көптеген ғылыми зерттеулер жүргізген жазушы. Нағашыбек Қапалбекұлы тарихи тақырыптарға жиі барады. Атақты бабамыз Жамбыл және оның ақындық төңірегі жөнінде ізденіп зерттеп, ел мен жер, өткен мен бүгін жайлы сабақтастыра отырып, танымдық тағылымы мол дүниелер жазды. Оның кейіпкерлері – қазақ елінің біртуар перзенттері: Қарасай, Шапырашты Наурызбай, Өтеген, Райымбек, Ақ тулы Сіргелі Жабай батыр, Сұраншы, Саурық, Сыпатай, Бекболат секілді дулығалы батырлар, Сүйінбай, Жамбыл, Кенен, Үмбетәлі, Өтеп, Өмірзақ, Әбдіғали, Есдәулет, Саяділ секілді дуалы ауызды ақындар, Төле би, Фараби мен Абай, Жамбылдың ақын шәкірттері, Балуан Шолақ, Сарыбай би, Андас датқа, Тезек төре, Медеу Пұсырманұлы, Мақыш балуан, Құртқа тәуіп, Түктібай қобызшы, Сәт болыс, Қырбай сал және тағы да басқа тарихи тұлғалар. Қарасай батыр жайлы “Қарасай, Қарасай”, Жамбыл жайлы „Жамбыл ата”, “Киесі – қызыл жолбарыс” деген, сондай-ақ, Сарыбай би Айдосұлы, Мақыш балуан Райымбекұлы туралы жеке кітаптары да оқырмандарынан өз бағасын алды. “Жамбыл әлемі” атты үш тілдегі фотоальбом, «Төле би», «Балуан Шолақ», «Сыпатай батыр», «Фибрат», «Ата тағлымы», «Оспанханнан қалған сөз», «Іңкәр сезім – сырлы әуен», «Кітап әлеміне саяхат», «Батаменен ел көгерер», Үмбетәлі Кәрібаевтың 2 томдығы тағы да басқа жинақтар құрастырды. Бірнеше телефильм мен видеофильмдерге сценарий, пьеса жазды.

Нағашыбек Қапалбекұлының «Дос жүрегі» әңгімесінде: «Ермектің түр-түрпатын көріп күліп жібердім, ол қысылып, кепкісін шеше қойды. Қазандай басындағы анау-мынауға көнбес жылқының қылындай қайратты қара шашын ұстарамен тап-тақыр сыпыртып тастапты. Айырдай қолымен сол үрленген қарындай жалтыраған басын әлсін-әлсін сипалай береді» [1.87-б]. Демек, автордың 1 жақта баяндау ерекшелігі, оқырманды өзіне бірден баурап алуы, айтар образдың қасына апарып қою ерекше даралықты

қатысымды көрсетеді. Бұдан оқырман мен автордың кейіпкердің ортақ іске теңдей келуі ешқандай шексіз байланысқа түсіретін көркем бейнені тұтас қабылдауға мүмкіндік береді.

Көркем әдебиет тілі талантты жазушының көркем бейнені жасау құралына айналғанын көреміз.

Зерттеуші ғалымдар Д.Н.Шмелев пен Н.М.Шанскийдің негізгі ойы да Л.Ю.Максимовтың көрсетулері бойынша Н.А.Мещерский әдеби көркем тілдің мәртебесін функционалды стильдерде болуы мүмкін емес дейді [1,87-б]. Бұл ойға қарсы келген Б.Н.Головин, басқа да ғалымдар сияқты, стильдерді әлеу-меттік әрекеттің типтеріне, сана (ойлау) жұмысының типтеріне, өзара әрекеттесімі жағынан), қарым-қатынас жағдайларына, сондай-ақ сөйлеу құрылымдары мен стильдердің типтік ұйымдарына қатынасына қарай көркем әдебиет тілі «басқа стильдермен қатар», ол басқа стильдерді өзіне сіңіріп алмайды және әдеби тіл шегінен шықпайды деп есептейді [1, 87-б].

Тіл ішіндегі тіл деген анықтамаға көптеген ғалымдар стилистикада әдеби тілдің ерекше түрі мәртебесінде қаралады деп санайды. Ол өзге стильді сіңіріп алмайды, өзінің шекарасынан шықпайды.

Көркем бейненің типтік өзгешелігі қоғамдық өмірдің ішкі сырын, мәнін ашып беру үшін қандай қажет болса, оның даралық, жекелік сипат-белгілері адам тұлғасын, іс-әрекетін, мінез-құлқын көзге айқын елестету үшін, нақтылық қалпында көріп-білу үшін сондайлық қажет. Көркем бейнеге тән типтік және даралық сипат-ерекшеліктер – тұтас ұғым. Кейіпкердің іс-әрекетіндегі, мінезіндегі көптеген жекелік сипат-белгілер өзінің даралық, нақтылық қалпын сақтай отырып, типтік мағынаға да ие бола алады[2].

“Дос жүрегі” әңгімесінде автор былай береді: Ол кеткеннен кейін де көпке дейін бір көңілді әуен сәулесі көкірегіме қанат жайып, сүйсіне жадырайтыным бар. Сол дәудірлеген Ермектің бүгінгі келісінен кейін, қайта елі көшкен күзгі жайлауда жалғыз қалғандай құлазыдым кеп.

-Таңат кеше Қаратауға қайтып кетті, - деді есіктен шығып бара жатқанда қайта бұрылып маған естілер-естілмес кінәлі үнмен. Сыр бермей еріксіз күлімсіргенсідім. Ермек шығып кеткеннен кейін де бензиннің өткір иісі көпке дейін бөлмеде тұнып қалды.

Жоғарыда аталған дәлелге сәйкес автор даралық сипат ерекшелігін кейіпкердің іс-әрекеті мен мінезіндегі достық қатынас сыйласымын өте өткір, сезім көлеңкесінде бере алған. Себебі: Ермек Қайыркеннің Таңатқа ренішін сезеді, бірақ автор палата есігінен шығып бара жатып, естілер-естілмес бәсең дауыспен Таңаттың Қаратауға қайтып кеткендігін сыбырмен айтып кетеді. Автор іле –шала Ермектің үстінен бензин шығып кеткендігін бірден осы жерде қозғайды. Бұл автордың Таңатқа деген ренішін «бензин» сөзімен алмастырып, ішті өртеп жіберуге даяр екендігін шығарма басталмай жатып, өкпесін көрсетеді. Әрине, бұдан қоғамға қызмет ететін функционалды стилистиканың бір түрі көркем әдебиет тілі екендігін аңғарамыз.

Автордың бұл әсірелеп беруі Ахмет Байтұрсынұлының меңзеуі екенін көрсетеді.

Ахмет Байтұрсынұлы «Тілдің міндеті - ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын... Сондықтан сөзден жасап сөз шығару деген әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді».

Бұдан, Нағашыбек Қапалбектің ақылдың аңдауын, қиялдың меңзеуін, көңілдің түюін тілді түйгенінше жұмсай білетін адам екендігін аңғаруға болады.

«Профессор. Б.Шалабай көркем шығарма тілін зерттеудің теориялық негіздерін жасау төмендегідей басты мәселелердің оң шешімін табуына байланысты болатынын көрсетеді: көркем әдебиет стилистикасының басқа ғылымдар (соның ішінде стилистика ғылымының) ішінде алатын орны; көркем әдебиет тілін зерттеудің қажеттілігін негіздеу; көркем әдебиет тілін зерттеудің қырлары (аспектілері) және солардың ішінде көркем әдебиет стилистикасына қатысты қыры; көркем әдебиет стилистикасының объектісі; бейне және бейнелік ұғымдарының мазмұны, оны жасауға тілдің қатысы; көркем шығарманың тілі мен оның идеялық-бейнелі мазмұны, жазушы көзқарасы арасындағы байланыс; көркем шығарма тілін ұйымдастырушы тұлға-бірліктер; көркем шығармадағы автор бейнесі және оның тілдік құрылымы; көркем шығарма тілін зерттеудің принциптері, жолдары, әдіс-тәсілдері» [1, 88-б].

Мысалы, ананы-мынаны білуге ынтық боп, әңгімеге шөліркеген маған жарытып ештеңе дей қоймайды, ыржиып, бәрін келте қайырады. Автор осы сөйлем арқылы ауруханада ұзақ жатып қалғандығын, достарын сағынып сары үмітінің бар екендігін

ашқысы келеді. Және оны шығарманың өн бойынан сары автобус, жары сайлау, сарсылып кереуетке таңылған тірі өліктей, әлденені қуаныш етесің, күтесің, біріміздің үйімізде біріміз құшақтаса ұйықтайтын, екі елі ажырассақ сағынып көрісетін Таңат деп беретін сөз тіркестерінен автордың достық сағынышы бір көруге зар досының бейнесін жақсы көріп тұрып, жек көруі.

Мектеп бітірісімен Таңат институтқа түсті де, мен Армия қатарына шақырылдым. Осы сөйлемдегі институт - армия антонимдік қолданыстағы бейне, келесі ойдағы “Сопромат” деген сабақтың миына кірмейтін, тоғызыншы кластағы алған пальтосы қысқарып кетсе де, әлі киіп жүргенін, оқу бітірген соң, күреп ақша табатынын, бір шабаданның ернеуін лық толтырған оның кез келген хаты деген сөз тіркестері Таңаттың Сабираға деген махаббатын айта отырып, Таңаттың сөзге шебер емес екендігін де жасыра алмайды. Оны бір чөмодан деген сөз арқылы объектілік қатысым екендігін көреміз. Және бұның астында тағы өзінің армияға кеткен өкінішін хабардар етеді.

Бейненің объектілікке қатысымы тағы бір мысалдан көрініс табады. “Жеңіс мерекесі күні сендердің үйлену тойларың болды. Кәрі әке-шешенің сүйектері сыртылдап жалғыз буаз сиырын былтырғы торпағымен қосып, Ұзынағаштағы базарға сатып, пұл жасап, ел қатарлы тойыңды өткізді. Сәбираның оң жақ қолтығында мен жүрдім күйеу жолдас боп.

Автордың екі жақта беруі, Таңатқа деген ренішін, қатты батырып ауызбен тура қарап айта алмаса да, қағазға батырып жазғандығында. Осы сөйлемнің өзі “Кәрі әке-шешенің сүйектері сыртылдап жалғыз буаз сиырын былтырғы торпағымен қосып, Ұзынағаштағы базарға сатып, пұл жасап, ел қатарлы тойыңды өткізді” деп келтіргені өзінің ауруханадағы халін, яғни аман-сау болсам бір сәрі, қозғалуға зар боп телмеңдеп жатыс мынау, бүкіл денемнің бір жағы өзіме бағынбай жалғыз жүрекпен арпалысты, -деп келтірілген бейнелік құрылым болып отырғаны болып табылады. Бұл көркем ойдың логикалығы және ой тепе-теңдігі деп аталады. Келесі мысалдағы ойда мысалы, “Дүние ғапыл деген рас та. Мен сені сонда әлемдегі төрт құбыласы түгел, мейманасы асқан нағыз бақытты жан-ау деп ойлағам. Қатарыңнан озып студент болдың, үлпілдеген келіншек алдың, шалқытып той өткіздің... Әр сенбі сайын қаладан сендердің келулерің бізге, осы Ермек екеуімізге кішігірім мереке-тұғын”, автордың Таңатқа айтар ойын үлпілдеген келіншек алдың, шалқытып той өткіздің деген ой құралдарын беру арқылы үш нүкте қою арқылы мысқыл барын жасыра да алмайды. Бұдан автордың шығарма жазған шағын, толып жеткен шағын байқауға болды. Бұл авторлық бейнені береді.

Дей тұрғанмен, “Әскерден келе салып қолыма балта ұстап құрылысшы болып кеткенмін, ауылдың күншығыс иегінде сиыр қораларын саламыз. Ермек шофер, күркілдеуік кәрі шалдай жүруінен тұруы көп машинасын жөндеп әуре, қашан көрсең көзі ғана жылтылдап бет-аузы, үсті-басы май-май машинасының астында тырбаңдап жатқаны”. 1-жақта өзін жазғанда тілі жеңіл, еңбекқор етіп береді. Сөйте отырып, Ермекті мысқылдау арқылы машинасының астында тырбаңдап жатады, деуі Таңат объектілік қатынас екендігін дәлелдейтін түс болып табылады. Авторлық бейне мен қоса объектілік қатынас түзеген, “Таңат пен Сәбираның келгендерін аялдамада әр сенбіде ұза-а-ақ тосамыз дерсің, олардың жайылма сары автобустан түсіп келе жатқанда екеуіміз жапа тармағай тарпылдай жүгіреміз. Екеуінің қалаша модымен киінгені қандай! Қолыңда қолшатыры, белі үзіліп кете сақтап, бізге сыңқ-сыңқ еркелей Сәбираның күлгені қандай!” деген сөйлемдерден (ұзақ деген бейнелік сөз тағы да автордың Таңатқа деген ренішін білдіреді). Шығарма желісінен байқаған детальдық өлшемдер оқырманға қызық оқылып көрінген, ал автор үшін ол үлкен кешірілмейтін достың ішкі мұңы. Таңат оқиғаның басында интуициялы-этикалық интроверт (ИЭИ) -арманшыл және лирикалық тұлға, оқиғаларды интуициялы болжайды, адамдарды жақсы тани алатын тұлға ретінде қабылданады. Кейін Болғанбаймен дұрдараз болуы этико-сенсорлы интроверт (ЭСИ), яғни өз көзқарастары мен принциптерін қорғайтын кейіпкер ретінде көз алдымызда түседі. Оқиға соныңда Таңат бос сөйлесулерді ұнатпайтын, нақты практикалық ойлауға бейім, тәртіп пен қатаңдықты жақсы көретін, ақпаратты әр жағынан талдай отыратын, шын мәнінде, нәрселерге қарап, басқа адамдармен қарым-қатынас орнатуда қиындықтарды сезетін логикалық-интуитивті интроверт (ЛИИ) пен логика-сенсорлық интроверт (ЛСИ) ретінде бейнеленеді. [29, 276]

Бұдан автордың кез келген абзац аралық сөйлемдерінен 1 және 2 жақта берілген сөйлемдердің ретін оқыған сайын, автордың о бастағы төсекке таңылған жайының себебін түсіндіре отырғанын бірі түсінер, бірі түсіне қоймас.

Автор тілінің стильдік бояуы, ойдың, мінездің, тілдің меңзеуін дәл бере алған таза тілдік қыр деп тануға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ыбырайым Ә.О. Стилистика және редакциялау. Алматы, 2014
- 2 «Дос жүрегі» Нағашыбек Капалбекұлы Алматы, 2022
3. <https://znaniya.com/task/38158682> «Дос жүрегі»
- 4 Ахмет Байтұрсынұлы 4 –том. Шығармалары. –Алматы, 2021.
- 5.Филатова Е.С. Соционика для всех. Наука общения, понимания и согласия / Е.С. Филатова СПб.: Б&К, 1999. – 276 с



СИНТАКСИСТІ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Токмагамбетова Толкынай

Астана қаласы
Қ. Сәтбаев атындағы
Vinom school мектеп-лицейі
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Аңдатпа: Бұл мақалада мектеп оқушыларына арналған «Синтаксисті оқытудың маңызы» тақырыбы бойынша авторлық білім беру бағдарламасын іске асыру тәжірибесі талданған. Синтаксисті оқытқанда, оқушыларға сөйлем, сөйлемнің мағыналары мен құрылысы, сөздердің сөйлемге тіркесу жолдары түсіндіріледі. Әр кезең бойынша құнды ұсыныстармен білім беру процесінің барлық кезеңдерінің толық сипаттамасы берілген.

Кілт сөздер: синтаксис, қазақ тілі, оқыту, талдау, оқушы, сөз тіркестері.

Аннотация: В данной статье анализируется опыт реализации авторской образовательной программы для школьников по теме «Важность обучения синтаксису». При обучении синтаксису учащимся объясняются предложения, их значения и построение, а также способы объединения слов в предложения. Подробное описание всех этапов образовательного процесса сопровождается ценными рекомендациями по каждому этапу.

Ключевые слова: синтаксис, казахский язык, обучение, анализ, ученик, словосочетания.

Кіріспе.

Білім берудің жаңа жүйесі жасалып, оның мазмұнының түбегейлі өзгеруі, дүниежүзілік білім кеңістігіне енуі бүкіл оқу әдістемелік жүйеге, оқытушылар алдына жаңа талаптар мен міндеттер қойып отыр.

Тіл үйренушінің, дұрыс сөйлей алушының саналылығы қазақ тілінің төл дыбысының, сөзінің сөз тіркесінің, сөйлемнің өзіндік болмысын танып білу барысында ғана және сол үшін ғана емес, жүйе теориясының заңдылықтарын ғылымның барлық саласында қолдану жолдарын меңгеру қажет екенін түйсігімен түйсінуі барысында ғана қалыптасады. Қазақ тілінің жазу және сөйлеу заңдылықтарын іс тәжірибе жүзінде танып-білу білім алушылардың қазақша дұрыс ойлау қабілетін қалыптастырады және біртіндеп дамуына ұласады. Қазақ тілін оқытуда талдау әдісін оқушыға дұрыс үйрету арқылы қазақ тіліндегі дыбыстарды, сөз құрамын, сөз тіркесін, сөйлем мүшелерін т.б. өз бетімен анықтай білу дағдылары қалыптастырылады. Қазақ тіл бірліктерінің болмысы туралы жаңа аспектідегі білім мазмұнын алу тетіктері мен ұстанымдарын анықтау таным теориясын негіз ете отырып, жасалатын арнайы әдістеменің кешенді проблемаларын зерттеуге алып келеді. Сондай бір зерттеудің нәтижесінде өз оқушыларыма сөз тіркесі мен сөйлем – синтаксистің объектісі, оқушылардың сөйлем туралы грамматикалық ұғымын қалыптастыру, онда сөйлемнің өзіндік белгілерін қарастыру, сөйлемнің құрылымы, оның жасалу жолдары меңгерту мақсатында «Синтаксис сыры» деп аталатын бағдарлама жасауды қолға алғанмын. Сөйлем құрамындағы сөздер, сөз тіркестері, сөйлем мүшелері, жалаң, жайылма түрлері, айтылу мәніне және интонациясына қарай дұрыс құрастыра білу үйретіледі.

Сөйлемдегі сөздерді дәл пайдалана білу дағдысы дамытылады. Сөйлемді жазбаша түрде дұрыс құру, оны бас әріптен бастап жазып, аяқталған жерде тиісті тыныс белгісін қою машығы меңгертіледі. Осы аталғандардың барлығын ескере отырып, «Синтаксис сыры» факультативтік курс бағдарламасында ескерілді.

Зерттеу бөлімі.

Қазақ тіл біліміндегі синтаксистің орны мен рөлі маңызды. Синтаксистің зерттеу нысаналары: сөз тіркесі, тіркесу тәсілдерін ажырату; сөздердің байланысу тәсілдерін; сөздердің байланысу түрлерінің ерекшеліктері; сөйлемнің мағынасына және құрылымына қарай бөлінуінің жолдары; сөйлем мүшелері; сөйлемнің бірыңғай мүшелеріне тән белгілер; төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің ерекшеліктері мен тыныс белгілері туралы түсініктерді негізге ала отырып құрылды. Зерттеу нысанының сипатына қарай синтаксис ілімі төрт салаға бөлінеді: Сөз және оның формасының синтаксисі.

Сөз тіркесі синтаксисі. Сөйлем синтаксисі. Сөйлем синтаксисінің өзі іштей жай сөйлем синтаксисі және құрмалас сөйлем синтаксисі болып екіге бөлінеді. Мәтін синтаксисі. Сөз және оның формасының синтаксисі белгілі бір тұлғадағы толық мағыналы сөздің өзі сияқты басқа сөз тіркесі мен сөйлемнің сыңары не мүшесі бола алу мүмкіндіктерін зерттейтіндігі. Сөз тіркесінің синтаксисі сөздердің тіркесімдік қасиетін, олардың тіркесу қасиеті мен түрлері, сөз тіркесінің құрамын, түрлерін қарастырады. Сөйлемнің синтаксисі сөйлемнің құрылу принциптерін, сөйлемнің құрамын, олардың түрлерін қарастырады. Мәтін синтаксисі – тілдік жүйедегі ең жоғарғы саты екендігі. Ол әр түрлі деңгейдегі мәтіндердің құралу ерекшеліктерін, олардың құрамындағы сөйлемдердің байланысу заңдылықтары мен қарым-қатынасын зерттейді. Бұл факультативтік курс балалардың талап-тілегі мен ата-аналардың сұраныстары ескеріле отырып, оқушылардың жеке даму сипатын қамтамасыз етеді. Мақсаты: қазақ тілінің синтаксис саласы бойынша: синтаксистің тіл біліміндегі орны мен маңыздылығын; сөз тіркесінің өзіне тән белгілерін, тіркесу тәсілдерін ажырату; сөздердің байланысу тәсілдерін; сөздердің байланысу түрлерінің ерекшеліктерін білу; сөйлемнің мағынасына және құрылымына қарай бөлінуінің жолдарын айыру; сөйлем мүшелерінің түрлерін айыру; сөйлемнің бірыңғай мүшелеріне тән белгілерді; төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің ерекшеліктері мен тыныс белгілерін ажырата алу; сөйлемге синтаксистік талдау жасай алуға үйрету.

Практикалық қолдану.

«Синтаксис сыры» курсына меңгерген тақырыптары бойынша жан-жақты ізденіс жұмыстары арқылы, өз білімдерін өмірде қолдана алуға машықтанады.

1. Теориялық білім мен соған қатысты біліктіліктер арнайы оқу тапсырмалары арқылы меңгертіледі. Мұндай оқу тапсырмалары синтаксис туралы жалпы ұғымдарын қалыптастырудың жолы мен әдістерін меңгертудің көзі болып табылады. Баланың оқу танымдық әрекетінің белсенділігі, дербес әрекеті оқу тапсырмалары негізінде ұйымдасады. «Кейбір сөз басқа сөзді, я сөз тізбегін анықтап, толықтап, пысықтап немесе түрліше қиюласып, бірін-бірі керек ету жолымен байланысады. Мұндай байланыстарды сөйлемдегі сөздердің тіркесі дейміз бастауыш пен баяндауыш ара қатынасы – қиысу, толықтауыш пен толықтанатын сөз ара қатынасы – меңгерілу, меңгеру, анықтауыш пен анықталатын сөз ара қатынасы – қабысу, пысықтауыш пен пысықталатын сөз ара қатынасы – жанасу деуіміздің бәрі тілдің ішкі, сыртқы құрылысын талдап білуге қажет болғандықтан алынған шартты категориялар» Сөйлемді құрылысына қарай екі негізді және бір негізді сөйлемдер; айтылу мақсатына қарай хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті, информативтік көлемге сай құрылуына қарай жалаң және жайылма; сөзді үнемді етіп құру талабына сай құрылысын ескеріп толымды, толымсыз деп бөлген. Оқушылардың сөйлем туралы грамматикалық ұғымын қалыптастыру, онда сөйлемнің өзіндік белгілері қарастырылады.

2. Сөйлемнің құрылымы, оның жасалу жолдары меңгертіледі. Сөйлем құрамындағы сөздер, сөз тіркестері, сөйлем мүшелері, жалаң, жайылма түрлері оқып үйреніледі.

3. Айтылу мәніне және интонациясына қарай дұрыс құрастыра білу үйретіледі.

4. Сөйлемдегі сөздерді дәл пайдалана білу дағдысы дамытылады.

5. Сөйлемді жазбаша түрде дұрыс құру, оны бас әріптен бастап жазып, аяқталған жерде тиісті тыныс белгісін қою машығы меңгертіледі. Біріншіден, жаттығу материалдары мазмұнды болуы тиіс... Оқу материалына қойылатын басты талғам-тілек – оның тәрбиелік мәні басым болуы керектігі естен шықпау керек. Екіншіден, әрбір мысал, үзінді, әңгіме, өлең, сөз, сөйлем, тіл (стиль) жағынан мүлтіксіз, әдеби норманы ұстануы тиіс.

Үшіншіден, алынған жаттығу, тағы басқа материалдар құрамынан керекті сөздер, дыбыстар, әріптер, грамматикалық тұлғалар, сөйлемдер жиі кездесетін болғаны дұрыс.

Жаттығу материалдарын таңдауда негізгі көз тігетініміз осы талап тұрғысынан болғанмен, алдыңғыларсыз бұның сапасын дұрыс бағалауға болмайды дерексіз категорияларға деректілік, нақтылық беру мәселесін ойластыру грамматика сабақтарының басты міндеті болып саналады басты мақсатқа – олардың өз ойларын дұрыс, әсерлі баяндай білу қабілетін дамыту мақсатына бағындырылуы қажет. Қазақ тілі синтаксисін меңгеруде оқушы үшін ең маңыздысы – орфографиялық және орфоэфиялық сауаттылық.

Синтаксисті теориялық деңгейде оқыту әдістері:

1. Байқау әдісі.
2. Түсіндіру әдісі.
3. Әңгіме әдісі. Әңгіме дегеніміз – бұл оқытудың сұрақ-жауап әдісі.
4. Жаттығу әдісі.
5. Кітапты пайдалану әдісі.
6. Грамматикалық талдау.

Синтаксисті оқытқанда, оқушыларға сөйлем, сөйлемнің мағыналары мен құрылысы, сөздердің сөйлемге тіркесу жолдары түсіндіріледі. Синтаксисті оқыту жұмысы түрліше әдіс, жаттығу арқылы іске асырылады. Сабақтың құрылысына, материалдық ерекшелігіне қарай кей мағлұмат мұғалімнің түсінік сөзі арқылы, кейбірі оқулықпен жұмыс жасау жолымен меңгертіледі. Оқушының алған білімін жатығулар орындату және өз бетінше жұмыс істеуге ерекше ықылас қойған жөн. Мұғалімнің әрекеті - оқыту, білім беру әдісі де, оқушының әрекеті – үйрену, білім алу әрекеті болып табылады. Екеуінің бірлескен әрекетінен оқыту әдісі туындайды. Оқыту әдісі тәсілмен тығыз байланысты. Тәсіл – әдістің элементі, бөлігі, бір реттік әрекет. Әдіс тәсілдің жиынтығы. Мысалы, жаңа материалды түсіндіру әдісі: салыстыру, көрнекілік, сұрақ -жауап т.б. тәсілдерден құралады. Синтаксис саласы сөйлемнің құрылысын зерттейді. Синтаксистік жүйе – қазақ тілі конструкциясындағы бір деңгейі. Ол – тілдің лебізді білдіру, жариялау қызметін атқаратын жүйе. Тілдің басқа коммуникативтік қызметі осы жүйе арқылы жүзеге асады. Қазақ тілінің синтаксистік жүйесінде лебіздің мазмұн түрлеріне сай қалыптасқан синтаксистік тұлғалар бар.

Сөз - тіл білімінің барлық салалары мен деңгейлерінің нысаны болып келеді. Демек, сөз – синтаксистің де нысаны. Сөз синтаксисінің өзіндік ерекшеліктері бар. Екінші сөзбен айтқанда, синтаксис сөзді өзіне (синтаксиске) тән ерекшеліктері тұрғысынан қарастырады.

Синтаксис морфологиялық тұлғаларды өзінше жұмсап, тек синтаксиске ғана тән формалар құрайды. Морфологиялық форма мен синтаксистік форманың айырмашылығы бар. Морфологиялық форма синтаксис үшін қызмет етпей, тек сөздің мағынасын, түрін құбылту үшін жұмсалатындары бар. Морфологияны оқыту үстінде сөздің морфологиялық формасы немесе қысқаша морфологиялық форма деген атаумен белгілі грамматикалық ұғым аталып жүрді.

Тілдің синтаксистік саласында да өзіне тән қалыптасқан форма – синтаксистік форма бар. Мысалы, сөйлем мүшелерінің түр-түрінің арнаулы көріну формасы бар. Сол сияқты болымды, болымсыз сөйлемдер, сұраулы, лепті, хабарлы сөйлемдер де белгілі синтаксистік формалары арқылы өзара ажырасады.

Синтаксис жөніндегі ғылым жалпы 3 салаға бөлінеді. 1. Сөз тіркесінің синтаксисі. 2. Жай сөйлем синтаксисі. 3. Құрмалас сөйлем синтаксисі. Оның сала салаға бөлінуі тілдің синтаксистік құрылысының дара тетіктерінің, бөлшектерінің ыңғайына, оларды зерттеп тану мақсатына байланысты болып келеді. Сөз тіркесі екі мағыналы сөздің бір-бірімен мағыналық байланысы. Жай пікірді айтуға жай сөйлем қызмет етеді. Күрделі пікірді айтуға құрмалас сөйлем қызмет етеді. Мазмұны бұдан күрделі лебізді айтуға синтаксистік шалым, мәтін деп аталатын тұлғалар қызмет етеді. Синтаксис мәселесінің жалпы тіл білімінде қойылу тарихына келетін болсақ, оның зерттеу объектісі, міндеттері әртүрлі көзқарастар тұрғысынан шешіліп келді. «Синтаксис» термині грек тілінен алынған –«syntaxus» – қоспа, біріктіру деген мағына береді. Бұл сөз алғаш сөздердің бірігуі, қосақталуы деген мағынада жүрсе, кейіннен тілдің синтаксистік құрылысы және оны зерттейтін ғылым деген ұғымдарға жіктелді. Соңғы мәтінді алып қарағанда, синтаксис – грамматиканың морфология сияқты үлкен саласы. Оның зерттеу объектісі не? Тілде сөздік құрам бар және грамматикалық құрылыс бар. Тілдің лексикалық материалы болып табылатын сөздер тілдік қолданысқа біріккен кезде грамматиканың заңдары мен қағидалары бойынша ұйымдасып жұмсалады. Егер морфология сөздің мағынасы мен формасын сөздің ішіндегі қарама-қарсылықтың элементтері ретінде зерттесе, синтаксис бір сөздік форманың екінші бір сөздік формамен тіркескенде пайда болатын мағыналарын зерттейді. Басқаша айтқанда, морфология жеке сөздердің құрылысын, өзгерісін зерттейтін болса, синтаксис

бөлімі — өзара байланысты сөздер тобының (сөйлеудің) құрылысы. Синтаксисті оқытуда осы жәйттерді дұрыс ескерген жөн.

Қорытындылай келе, қазақ тілі пәні бойынша оқушылардың синтаксисті терең меңгеріп, алған теориялық білімін практикада қолдана алу дағдысын қалыптастырып, дамытуға арналған тапсырмалардың тиімділігін арттыру қажет. Бұл сараланған оқытуды, әртүрлі тапсырмалар түрлерімен және оқыту форматтарымен жұмыс істеуді және оқушылардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескеруді қамтуы мүмкін. Осы дағдыларды оқушылардың бойына сіңіре отырып, шығармашылығы мол, жан-жақты дамыған, интеллектуалдық деңгейі жоғары, мектебінің дәрежесін көтеретін дарынды тұлға қалыптастыруға болады деген сенімдемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А. Байтұрсынов. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
2. Қ. Жұбанов О формах сочетания слова на казахском языке. – Алматы: Ғылым, 1966.
3. С. Аманжолов Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы: Санат, 1994.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ АҒАШТЫ КӨРКЕМДЕП КҮЙДІРУ ӨНЕРІ – ПИРОГРАФИЯ АРҚЫЛЫ БЕЙНЕЛЕУ

**Маңғыстау облысы білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша
білім бөлімінің «Төлеген Айбергелұлы атындағы №19 мектеп
гимназиясы» КММ
көркем еңбек пәнінің мұғалімі
Муканова Сатжан Жоламановна**

Аңдатпа. Бұл мақалада ұлттық нақыштағы қызықты пирография өнері арқылы, көркемдеп сурет салу үйірмесін жүргізе отырып, оқушылардың халқымыздың ұлттық құндылықтары туралы білімдерін жетілдіру туралы айтылады. Шығармашылық көркемдеп күйдіру жұмыстары оқушыларға ерекше көңіл-күй сыйлап, оқушылардың оқуға деген ынтасына оң әсерін беретіндігін жетістіктермен дәлелденген.

Түйін сөздер: пирография өнері, ұлттық мәдени мұралар, оқушылардың шығармашылық жетістіктері, көрме ұйымдастыру.

Кіріспе

Қазіргі цифрландыру технологиясының дамыған заманында білім алушыларымыз ұялы телефонға тәуелді болып отыр. Соның салдарынан күйзеліске бейім, оқуға салғырт білім алушылар пирография өнері арқылы шығармашылық зерттеу жұмыстарына тартылды. Пирография – ағашты көркемдеп күйдіру өнері, өте еліктіргіш, жалықтырмайтын өнер.

Пирография өнерімен әйгілі суретшілер Рембрандт, Альбрехт Дюрер айналысқан екен. Пирография өнерінде ұлттық құндылықтар тақырыбына көркемдеп күйдіріп сурет салу оқушыларға үйірме түрінде жүргізіліп, өзінің оң нәтижесін берді.

Пирография өнері жалпы шығу тарихы ежелгі Перу жерінен табылған. Ал, нақты дәлелденген, техникалық құрал ойлап шығарылған кезеңі ХІХ ғасырда Англия мемлекеті болды. Пирография сөзі грек тілінен алғанда «отты жазу» деген мағынаны береді

Бұл мақаладағы шығармашылық-зерттеу жұмысының мақсаты:

- Пирография өнерінде ұлттық мәдени құндылықтарды бейнелей отырып, халқымыздың салт-дәстүрлері, өнері, тұрмыстық мәдениеті туралы білімдерін тереңдету, шығармашылық табыстарға қол жеткізе отырып, оқушылардың уақыттарын тиімді өткізу;

Өзектілігі: қазіргі таңда көмескілене бастаған тарихи-мәдени бастауларымызды пирография өнері арқылы жаңашыл бағытпен ұштастыра отырып, жас буынға рухани жаңғырту, аманат ету.

Әдістеме

Ағаш – бұл негізінде әр түрлі өңдеуге болатын қолжетімді өте қызықты материал. Ағаш әрі әдемі, қолөнершілер өңдеу кезінде ағаштың табиғи сұлулығын жиі пайдаланады.

Ағаштан түрлі көркем өнер туындылары жасалады: сандық, ожау, бесік, бұрау т.б. Бұл өнер түрлері халық шығармашылығы дәстүрлерімен тығыз байланысты. Бұл мақала ағашты көркемдеп күйдіру өнері туралы болмақ.

Ағашты көркемдеп күйдіру немесе пирография сәндік-қолданбалы өнердің өте әдемі түрі. Пирография өнері үшін алдымен ағашты дұрыс таңдауымыз керек. Ағаш дайындаманың беті тегіс, көздері болмаған жөн. Дайындаманың беті ең жұмсақ зімпармен тегістеп өңделеді. Жалпы жаңадан бастаушылар үшін қайың кесіндісінен немесе қайың шпонумен жабылған фанераны пайдалануға болады.

Пирография өнері үшін керекті құрал-жабдықтар: күйдіру аспабы, ағаш дайындама, қарақарындаш (НВ-жұмсаққатты шартты белгісі), кетіргіш, ұшашқыш, циркуль, көшіргіш қағаз, сызғыш, зімпара қағаз, қайшы, жапсырмалы таспа.

Күйдіру аспабы корпус пен пластмасса сабынан, оларды біріктіретін электр сымынан, қыздыру температурасын реттегіш бұрамадан, пластмасса сабына бекітілген ұштықтан тұрады. Күйдіргіш аспаптың қосымша ауыстырмалы ұштықтары болады. Алдымен қаламның ұшының түрлеріне және күйдіру тәсілдеріне тоқталайық. Күйдіру аспабының ұшы екі түрі болады: сым және қатты темірден жасалған. Оқушыларға сым ұшы бар аспаппен жұмыс жасауды таңдаған жөн. Аспаппен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік ережесін қатаң сақтау керек. Пирографиялық жұмыстар жүргізілетін кабинеттер электр желісімен, пирографиялық жұмыстармен айналысу үшін, оқушылар күйдіру аспаптарымен қамтамасыз етілу керек. Күйдіру кезінде күйген ағаштың иісі шығатын болғандықтан, терезені үнемі ашып желдетіп тұру қажет. Тоқ желісімен жұмыс жасайтындықтан қауіпсіздік ережесі қатаң сақталады. Жұмыс кезінде алаңдап, артық қимылдар жасауға, оқыс қимылдауға болмайды. Бірақ пирография өнері өте қызықты өнер түрі.

Енді сызықтарды жүргізудің тәсілдеріне көшейік. Ұштықты тігінен ұстап, өткір ұшын тақтаның бетіне басып, содан кейін оны қатты қысымсыз өзіне қарай сырғытса, өте жұқа сызық алынады. Бұл техниканы сызбаның контурын жасау және ұсақ бөлшектерді орындау үшін пайдалануға болады. Әрқашан сым ұштықты ағашқа итеріп емес, өзіне қарай жылжытуға тырысу керек. Бұлыңғырлау сызық (немесе жолақ) жасау үшін ұшты оңға қарай сәл еңкейтсе, оны бүйірімен аздап басып, ағаштың бетімен тегіс жылжыту керек. Нәтижесінде біркелкі қоңыр реңктің кең жолағы пайда болады.

Қою қараңғы жолақты алу үшін сым ұшты баяу жылжыту қажет, сонда оның ағашпен байланысы ұзақ болып қоюланып күйеді. Қоңыр реңктің тығыздығының өзгеруі негізінен ұштың ағаш бойымен қозғалу жылдамдығымен анықталады. Егер аспап ұшын ағаш тақтай бетіне тезірек жүргізсе, көлеңке ашық, ал баяу жылжытса, қою қара түс болады. Көлеңкені күйдіргіш аспаптың қыздыру температурасын реттегіш кнопкасын бұрап өзгерту: төмен температураны орнату арқылы ашық реңк алынады және керісінше қызуды күшейту арқылы қою қара түс шығады. Фон жасағанда, контур сызықтарын бұзбау шарт. Күйдіру кезінде ұзын жіңішке сызықтарды қолдануға болады. Оларды штрих деп атайды.

Қымбат ағашты пайдалануды бастамас бұрын қарапайым арзан тақтайшалармен жаттығу керек. Оқушы қолы дағдыланып, икемділігі мен шеберлігі шыңдалған соң қымбат тақтайшалармен жұмыс жасауға болады.

Зерттеу бөлімі.

Пирография өнерінен бірнеше жыл қосымша үйірме жүргізіліп, білім алушылар оқуға деген ынталары арта отырып, көптеген көрме байқауларда жетістіктерге қол жеткізді. Мысалы, 2021-2022 оқу жылдары ұлттық нақыштағы пирография өнері Ф.Оңғарсынова атындағы №29 жалпы білім беретін орта мектебінде жүргізіліп, 2021 жылы осы мектептің 9 сынып оқушысы Сарғұлова Ақботаның шығармашылық жұмыстары ««Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының республикалық көрме-байқауының «Ағашты, сүйекті, теріні көркемдеп өңдеу: көлемді және тегіс кесу, ағашқа сәндеп жазу, қайың қабығынан жасалған бұйымдар» номинациясынынан ІІ дәрежелі дипломын жеңіп алды. Ол байқауға «Күйші», «Өрмек тоқу», «Жеті қазына», «Үкілі қыз бала», «Қозы құшақтаған немере» ұлттық тақырыпқа көркемдеп күйдірілген шығармашылық жұмыстарын ұсынды.

Сонымен қатар 2023 жылдың наурыз айында «Ұлттық нақыштағы пирография» өнерінен ғылыми жоба қорғалып, үйірмеге қатысушы №19 мектеп-гимназиясының 5 сынып оқушысы Әшірбай Сәния 2-7 сынып оқушыларының зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстарының ХVІІІ республикалық «Зерде» конкурсында ІІ дәрежелі дипломын жеңіп алды.

Ғылыми жобаға қазіргі таңда көмескілене бастаған халқымыздың ұлттық құндылықтары пирографиялық шығармашылық жұмыстардың тақырыбының арқауы болды. Байқауға «Ұршық иіру», «Қобызшы», «Құсбегі бала», «Арқан есу», «Диірмен тарту» шығармашылық жұмыстары ұсынылды.

Осы аталған білім алушылардың шығармашылық жұмыстарының негізгі мақсаты қызықты пирография өнері арқылы ұмытыла бастаған ұлттық құндылықтарымызды қайта жаңғырту болды.

«Жеті қазына» шығармашылық жұмысында қазақ халқының жеті асыл қазынасы: ер азамат, от анасы, жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай таз, алмас қылыш, ақыл-ой бейнеленіп, білім алушыларға ұлттық құндылықтар туралы тереңдетілген мәлімет беріледі.

«Өрмек тоқу» туындысында қолданыстан кете бастаған, қазіргі таңда сирек кездесетін халық шығармашылық өнері бейнеленген. Алаша, бау-басқұр тоқу өнері халқымыздың көнеден келе жатқан асыл мұраларының бірі. Ақбота сол өрмек тоқып отырған ана бейнесін көркемдеп күйдіріп, ағаш бетіне түсірген. Бұл туынды мектепшілік көрмеге қойылған кезде білім алушылар тарапынан көп сұрақ тудырып, жауабынан өрмек тоқу өнері туралы тарихи мәлімет алды.



«Диірмен тарту» шығармашылық жұмысы өткен ғасырларда бидайдан ұн тарту қол еңбегімен қалай жасалғанын баяндайды. Нанның үлкен еңбекпен, маңдай термен табылғанын баяндайды. Жас ұрпақты еңбекті қадірлеуге шақырады.

Міне ағашты көркемдеп күйдіріп салынған ұлттық тақырыптағы пирографиялық шығармашылық жұмыстар қазақ халқының мәдени тұрмыстық өмірі, сәндік-қолданбалы өнері туралы көптеген тарихи деректер бере отырып, білім алушылардың білім шеңберін кеңейтті.

Ұсыныстар

Пирография өнеріне білім алушылар қатты қызығушылық танытты. Пирография өнері желықтырмайтын, еліктіргіш өнер түрі. Онымен жас та, егде жастағы адамдар да ерекше ықыласпен айналысады. Осы қызықтырығыш өнер түрінің тақырыбында ұмытылып, қолданыстан кете бастаған ұлттық құндылықтарды дәріштеу өте тиімді тәсіл болып табылады.

Пирография өнері үшін жақсы суретші болудың қажеттілігі жоқ, себебі салынатын суреттің нобайын алдын ала дайындап, көшіргіш қағазбен көшіріп салуға болады. Көшіргіш қағазды қолдану пирографиялық күйдіру жұмысын жеңілдетеді. Күйдіріліп салынатын жұмыстарды қарапайым суреттерден бастаған жөн. Себебі жұмысы сәтсіз шыққан бала беті қайтып, қызығушылығы төмендейді. Сондықтан икемділік дағдылары қалыптасып, қол шеберлігі дамыған соң күрделі композициялық жұмыстарға көшкен жөн.

Қорытынды

Пирография өнерінде шығармашылық жетістіктерге қол жеткізу, көрмеге қатысу білім алушылардың іскерлік дағдыларын арттырып, қуанышты көңіл-күй сыйлайды.

Пирография өнерін ұлттық құндылықтар тақырыбында жүргізу тарихи мәліметтер беру арқылы рухани-адамгершілікке, салт-дәстүрлерді құрметтеуге, еңбекті бағалауға тәрбиелейді.

Дайын болған шығармашылық жұмыстарды білім алушылар қалалық, облыстық, республикалық көрме-байқауларға қатыстырып, жетістіктерге қол жеткізу білім алушылардың оқуда өзіне деген сенімділіктерін арттырады. Оқуға деген ынталары артып,

оқу үлгеріміне ықпал етеді.

Білім алушылардың пирографиялық шығармашылық жұмыстарын мектепшілік дәліздерді, сынып кабинеттерін безендіруге пайдалануға болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. С.Кенжеахметұлы. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті /Алматыкітап/ 2006, -384 б
2. М. Ш. Өмірбекова. Қазақ халқының дәстүрлі өнері / Алматыкітап, 2004, 65-69 б.
3. Грегори Н. Выжигание по дереву. Практическое руководство / Москва: Ниола-Пресс, 2009, -112 с
4. Зайцева А. Пирография. Уроки выжигания по дереву /Москва. ЭКСМО, 2012 . -378 с

РАЗРАБОТКА ЗАДАНИЙ ДЛЯ ИТОГОВОЙ АТТЕСТАЦИИ УЧАЩИХСЯ 9 КЛАССОВ ПО ИСТОРИИ И ГЕОГРАФИИ: ИЗ ОПЫТА РАБОТЫ

О.С. Айтуарова, К.К. Мынбаева

ГКП на ПХВ «Гимназия № 6» акимата г. Астана

Аннотация. В настоящей статье рассматривается одна из актуальных проблем школьного образования – вопрос составления заданий для итоговой аттестации обучающихся девятым классом по истории и географии. Рассмотрены основные аспекты составления заданий учителями школ. В целях распространения педагогического опыта был проведен семинар по данной теме для ознакомления педагогов с шаблоном технологической матрицы, требованиями к составлению заданий итоговой аттестации, проведению экспертизы каждого задания итоговой аттестации и экзаменационной работы. В статье представлены примеры задач оценивания первого и второго уровня, критерии качественных заданий, контрольный список вопросов для проверки схемы выставления баллов, вопросы экспертизы экзаменационной работы.

Ключевые слова: цели обучения, технологическая матрица, задачи оценивания, командные слова, схема выставления баллов, экспертиза экзаменационной работы.

Логическим завершением учебного года является проведение итоговой аттестации учащихся с целью определения степени освоения обучающимися объема учебных дисциплин, предусмотренным государственным общеобразовательным стандартом общего среднего образования. Ежегодно учителя принимают участие в разработке заданий для итоговой аттестации в рамках работы творческих групп.

На сегодняшний день существует проблема, заключающаяся в том, что не все педагоги ознакомлены с алгоритмом составления заданий итоговой аттестации, разработкой технологической матрицы, определением критериев и вопросов экспертизы экзаменационной работы.

В данной работе будет представлен алгоритм составления заданий для проведения итоговой аттестации учащихся девятым классом по предметам «История» и «География».

Материалы и методы.

При разработке заданий итоговой аттестации следует соблюдать следующие этапы:

- 1) изучение документации ;
- 2) составление технологической матрицы матрицы и заданий;
- 3) экспертиза разработанных заданий
- 4) экспертиза экзаменационной работы

Итоговая аттестация основывается на основных документах: государственный общеобразовательный стандарт, инструктивно- методическое письмо, учебная программа.

Шаблон технологической матрицы включает в себя 2 части заданий, ссылку на учебную программу с указанием цели обучения, указание класса (7,8,9) соответствующему заданию, определение задачи оценивания – ЗО1 и ЗО2, уровень мыслительных навыков, количество баллов за задание.

Критериями качественного задания являются: ясность, надежность, справедливость, практичность.

Процесс разработки задания включает следующие этапы:

- 1) Выбрать цель обучения;
- 2) Выбрать задачу оценивания для проверки;
- 3) Выбрать командное слово;
- 4) Разработать задание;
- 5) Определить количество баллов;
- 6) Определить назначение баллов;

Контрольный список для проверки схемы выставления баллов:

- 1) Является ли схема выставления ясной и завершенной?
- 2) Соответствуют ли баллы в вопроснике схеме выставления баллов?
- 3) Соответствует ли информативность схемы выставления баллов вашим суждениям о приемлемости ответов?
- 4) Указаны ли в схеме выставления баллов предположения, что учащиеся могут набрать несколько баллов, а не все баллы, доступные за вопрос?
- 5) Являются ли баллы за достижения баллами за демонстрацию учащимися знаний, понимания и способностей?
- 6) Гарантирует ли схема выставления баллов, что учащиеся не будут наказаны за одну ошибку?
- 7) Можно ли применять схему выставления баллов последовательно?
- 8) Поощряет ли схема выставления баллов присуждение баллов из всего спектра допустимых баллов?

Задания экзаменационной работы формулируются согласно поставленной задаче и начинаются с командных слов по таксономии Блума. Примеры командных слов по таксономии Блума:

301	Опишите	даёт характеристики
301	Укажите	выделяет необходимую информацию
301	Определите	даёт / находит значение
301	Предложите	предоставляет возможный пример
301	Дополните	вносит дополнения к имеющейся информации
301	Обсудите	рассматривает вопрос с различных точек зрения
301	Объясните	указывает причины и следствия
302	Проанализируйте	разделяет информацию на компоненты и определяет их характеристики, связи между ними
302	Оцените	оценивает информацию по определённым критериям для принятия решения и / или формулирования выводов
302	Спроектируйте	проектирует форму / прототип
302	Определите связь	устанавливает связь между понятиями / элементами / объектами
302	Вычислите	находит значение чего-либо
302	Сравните	описывает сходства
302	Сопоставьте	определяет различия
302	Создайте / Напишите	записывает алгоритм / операторы кода

Экспертиза экзаменационной работы.

После составления заданий учителем к работе приступают две группы экспертов: одна группа проводит экспертизу каждого задания, вторая группа – проводит экспертизу экзаменационной работы.

Перечень вопросов для экспертизы задания:

- 1) Содержание задания
 - рекомендуемое количество слов - не более 30;
 - инструкция к заданию сформулирована в форме утвердительного предложения;
 - в условии задания не содержится лишняя информация;

- формулировка задания ясная и конкретная;
 - в формулировке задания достаточно информации, чтобы можно было на него ответить;
 - в задании нет информации, которая требует от кандидатов знаний из других предметных областей, либо вся необходимая информация уточняется;
 - задание соответствует цели обучения;
 - объём, сложность проверяемого содержания соответствует проверяемой цели обучения;
При изучении темы «Массовые репрессии» в 8 классе внимание учащихся обращается к экспозиции «Джартагское отделение Карлага». Учащиеся не только узнают, что на карте Карлага было такое отделение, но проводят и исследовательскую работу. Ученики получают различные задания – написать проект «Истоки становления села Коксун, его роль в системе Карлага», провести исследование и сделать выводы по документальному материалу – «Агротехническому отчету за 1944 год» и «Альбомы севооборота Карлага МВД». Актив музея подготовили театрализацию по теме Карлага, приняли участие в конкурсе видеороликов.

При рассмотрении тем «Социально-экономическое развитие Казахстана в 40-50-е годы», «Социально-экономическое развитие Казахстана в 60-80-е гг.» учащиеся получают задание – на основе газетного материала из архива музея подготовить сообщения о первых целинниках совхоза «Коксунский», о передовиках производства, первом директоре, первом агрономе совхоза. Более сильному ученику дается долгосрочное задание – написать проект «История одного здания».

При изучении темы «Культура казахского народа» огромную помощь учителю оказывает этноуголок, где учащиеся узнают о традициях и обычаях казахского народа.

Учащиеся получают (по желанию) задание – написать проект «Обереги жителей села Коксун», «Под единым шаныраком». Данное исследование вызывает интерес школьников. Результатом этой работы явилось участие в научно-практической конференции и создание альбомов по тематике.



При изучении темы «Казахстанцы в годы Великой Отечественной войны» учащиеся знакомятся с участниками данной войны – нашими земляками. Ученики получают задание – написать эссе, подготовить видеоролик. Одно из сочинений ученицы «И игрушки на войне убивали» принимало участие в международном конкурсе и было отмечено как сочинение-победитель.

Большим интересом у учащихся на уроках по теме «Культура» и во внеурочной деятельности пользуется материал со стеллажа «Предметы старины». Учащимся

предлагается провести исследования и отметить, какие изменения произошли в науке. Ученики выбирают чугунный утюг, магнитофон, печатную машинку и прослеживают путь «Было-стало».

Исследовательская работа активом музея ведется постоянно. В ходе работы появляются новые вопросы, требующие новых исследований. Результатами исследования являются участие в конкурсах научно-исследовательских работ «Зерде» с проектами «Истоки становления села Коксун, его роль в системе Карлага», «Под единым шаныраком», «История одного здания», «Обереги жителей села Коксун», в научно-практических конференциях ЦКО МАН РК, где учащиеся занимают призовые места и, следовательно, распространяют информацию о своей малой Родине.

Исследовательская работа помогает учащимся не только глубже проникнуть в историческую эпоху, но и узнать о развитии своего села и судьбе людей, зданий, памятников, находящихся на территории села. В процессе данной работы формируются знания о традициях, обычаях казахского народа, представителей других этносов, проживающих на данной территории, также формируются толерантные, дружественные отношения, потому что всех объединяет одно-прошлое



и настоящее нашей малой Родины- села Коксун.

Школьный музей сотрудничает с другими музеями. Наш музей является объектом посещения гостей. Недавно его посетил профессор Высшей школы государственной политики Назарбаев Университета Бурханов Азиз Камалович, которого интересовала тема Карлага и который познакомился с мало известной страницей – Джартасским отделением Карлага.

Как уже отмечалось, школьный музей – это не только место, где собраны экспонаты, это маленькая жизнь, которая помогает учителю на уроках и во внеурочной деятельности выполнить главную задачу, которую поставило перед ним государство – воспитать достойного гражданина нашей страны, обладающего самым главным – чувством патриотизма. Поэтому идеи краеведения



обязательно должны иметь поддержку. Об этом говорил и Иван Карцев: «Поддержка идей краеведения означает поддержку исторических ценностей (память о значимых событиях, предках, выдающихся личностях, традициях, малых и больших поселениях); заботу о настоящем (созидание, бережное отношение к окружающему миру и обществу, к земле и природе); участие в формировании будущего (сохранение прошлого в настоящем). Эти ценности являются вечными. По крайней мере, до нашего времени они дожили». [3]



Список литературы.

1. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34460110
2. <https://e-history.kz/ru/news/show/28534>
3. Краеведческий сборник. 2016. Вып. 17. С. 50–55.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Ахметова Г.К.

қазақ тілі пәнінің оқытушысы,
филология магистрі
Астана қаласы Жоғары көлік және
коммуникация колледжі



Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың теориялық негіздері, олардың қазақ тілін меңгеруі барысында жүйелі ойлауын дамытып, алған білімінің өмірдің қай саласында да тірек болуын қамтамасыз ететін тиімді әдістемелік жүйе жасауға және қолдануға мүмкіндік береді.

Функционалдық сауаттылыққа қол жеткізген студент дегеніміз білім алуы барысында өмірдің қалыпты жағдайларында кездесетін түрлі жағдаяттардың шешімдерін таба алатын қабілетке ие болған, негізінен, қолданбалы білімін жүзеге асыра алатын деңгейдегі білім иесі болып табылады. Жинақтай алғанда, функционалдық сауаттылық студенттің жеке тұлғасының әлеуметтенуіне игі ықпал ететін басты тірек болып табылады.

Студенттің дамуы дегеніміз — оның өмірлік күш-қуаты мүмкіндіктерінің жүзеге асырылуы. Сондықтан сол дамытатын қабілеттерді және олардың оқу-танымдық процестегі

қызметі ерекше қажет. Ал студент белгілі бір психикалық алғышарттарға ие болып келетін, танып-білу мүмкіншіліктері мол жеке тұлға деп қарастыру — теориялық ұғым жасаушы субъектінің болмысын анықтау болып табылады.

Студент тиісті оқу нысандарынан білімдік ақпарат алғанда, көп мағлұматтардың ішінен өзіне керек хабарды іріктеп алады. Егер студент мағлұматтарды іріктеп алмай, оған не әсер етсе, соны түгел қабылдаса, мақсатына жете алмас еді. Ол көп хабардың ішінен ненің қажет, ненің қажет емес екендігін ажырата алмай, оқи алмас еді. Сондықтан көп мағлұматтардың ішінен өзіне керектігін ғана іріктеп таңдап алу — оқу тапсырмасын орындаудың негізгі шартының бірі.

Сондықтан қабылдау оқу үдерісінде ойлануды талап етеді. Қабылдау дегеніміз — мағлұматтарды тұтастығымен бейнелу. Егер қамтылатын материал қызықты болса, онда студенттер осыған ғана көңіл бөліп, қиын материалдарды оқығысы келмейтіндігі кездеседі. Нәтижесінде, жеткіншек материалды тұтас қабылдай алмай, ақпараттың қандай да бір кесіндісі сияқты етіп, есінде сақтай алмауы мүмкін.

Жеткіншектің зейіні сабаққа қалыптасса, онда олардың бір нысаннан екінші нысанға аударып отыруға толық мүмкіндігі бар. Жеткіншектің жады мен есі едәуір дамыған және де білім мазмұнын мағынасына қарай есінде қалдыруды ұнатады. Сонымен қатар ол естігенін көпке дейін есінде сақтап, қажет мезгілде есіне жақсы түсіре алады.

Функционалдық бағытта оқытуда дәстүрлі дидактикалық ұстанымдарының жүйесі қатарында мынадай педагогикалық ұстанымдар басшылыққа алынғаны дұрыс деп санаймыз: когнитивтік ұстаным, креативтік ұстаным, рефлексивтік ұстаным. Көрсетілген ұстанымдардың ауызекі сөйлеу мен жазу сауаттылығын қалыптастырып, дамытуда орны ерекше екендігін соңғы жылдардағы көптеген педагогикалық зерттеулер мен еңбектерде дәлелденіп келеді.

Интернет-технологияның қазіргі кездегі даму барысын қадағалай отырып, онда әлеуметтік сервистер мен қызметтердің кең тарап келе жатқанын көре аламыз. Олар: блог, покаст, твиттер, ютуб, қыстырма т.б. Оларды кең арналы жүйеде қолдануға қазақ тілін оқытудың кейс-стади, квест-сабақтар, электрондық-виртуалдық сабақтар, қашықтан оқыту т.б. Студенттердің білім сапасын дамытудың басты бағдарларының бірі ой өрісіне әсер ететін тапсырмалар арқылы білімділік деңгейін бағалау технологиясын жаңашаландыру болып белгіленді.

Оқу сауаттылығы дегеніміз – қарапайым тілмен айтқанда студент өзі оқып отырған ақпаратты толықтай қабылдай біліп, ішінен негізгісін ала білуі. Оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін қазіргі кезде түрлі технологияларды пайдалануға болады. Сондай технологиялардың бірі – оқу және жазу арқылы студенттердің сын тұрғысынан ойлауын дамыту технологиясы болса, сонымен қатар білім беру мен білім алудағы жаңа әдістер болып табылады. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының негізгі ұстанымдары топтық жұмысқа, еркін ойлауға, жазбаша, ауызша ой алмасуға, мәтін мәнін ашуға, автор іріктеген сөздер мен сөз тіркестерінде жатқан ұғымдарды түсінуге, әрекеттестікке негізделген. Оқу сауаттылығы түсініп оқудан басталып, сөздер мағынасына, грамматика және тілдік, мәтіндік құрылымдарға талдау жасауды қамтиды.

Оқу сауаттылығы – мәтін мазмұнын түсіне білуі және оларға ой жүгірте білу, мәтін мазмұнын өзіндік пайымдау жасауға пайдалана білуге баулу. Мәтіндерге өз тұжырымын жасай отырып, белсенділік таныту, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алуға даярлау. Тілдік жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсе алу даярлығын білдіретін құзыреттілікті қалыптастыру жолдарын қарастыру. Ана тілін жетік білетін, ұлттық мәдени құндылықтарды бағалай алатын тұлға даярлау.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Білім технологиялары №3 2014
2. Бітібаева Қ., Құдайбергенова Г., Мұқашева М. Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы. - Өскемен, 2002.
3. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 – 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. - Астана: 2012.

БІЛІМ БЕРУДЕ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Арыстанов Ерлан Умбеткалиевич
Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Абай атындағы жалпы
орта білім беретін мектебі КММ физика пәні мұғалімі
педогог-зерттеуші

Бүгінгі күні қоғам білім беру жүйесінен әлемдегі болып жатқан өзгерістерге сай болуды талап етіп отыр. Білім беру жүйесіндегі негізгі тұлға педагог, сондықтан балаларға білім беруде сапалы білім беру міндеті мұғалімге жүктеледі. Мұғалім оқыту әдістемесіне жаңалықтарды енгізіп, шығармашылықпен айналысып, үнемі өз білімін жетілдіріп отыруы керек. Білімді жаңғыртудың басты мақсаты білім беру жүйесінің тұрақты дамуынан бүгінгі күннің қажеттілігіне сай қамтамасыз етуден тұрады. Қазіргі таңдағы білім беру саясатының басты міндеті – сапалы білім беруге қол жеткізіп, тұлғаны қоғамдағы өзекті қажеттілігіне сәйкестендіру.

«Педагогикалық технология – қоғамның қазіргі таңдағы білім беру саласына қойып отырған талаптарына сәйкес анықталған білім мазмұнын жүзеге асыру үшін оқыту мақсатына қол жеткізу жолындағы тұтас дидактикалық жүйе құрайтын амалдар мен іс-әрекеттер тізбегі», - деп тұжырымдаймыз.

“Технология” – гректің *techne* - өнер, шеберлік, біліктілік, *logos* – оқу сөздерінен шыққан. Технологияға В.Дальд: “белгілі бір маңызды әрекетте, өнерде, шеберлікте мақсатқа жету үшін қолданылатын әдіс”, -деп баға берген болатын.

Педагогикалық технологияның міндеттері:

- педагогикалық технологиялардың мәнін ашу;
- оқушылардың іскерлігі мен дағдыларын шыңдау, білімнің тереңдігін, беріктігін арттыру;
- мінез – құлықтағы әлеуметтік құнды әдеттер мен формаларды нығайту және арттыру;

Зерттеу бөлімі:

Білім берудегі физика пәнінің қазіргі қоғамдағы рөлі көзге айтарлықтай көрініп тұрады. Мәселенің бәрі мынаған келіп тіреледі: «Физиканы қалай оқыту керек және оқу процесінде нені басты назарға ұстауға тиіспіз?». Оқушылардың қызығушылығын қанағаттандыратын жаңа әдіс- тәсілдегі сабақ қандай болмақ ?

Сабақ – оқушы мен мұғалім арасындағы білім алуға негізделген үрдіс. Мұғалімді оқушыға тек қана білім беру ғана емес, сонымен қатар, әрбір оқушының бойында шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары туралы ізденістер толғандыруы қажет. Осы мақсатты алға қойып, мұғалім оқытуда сабақтың әр бөліміне ерекше зейін қойып, жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында әрбір сабақты түрлендіріп өткізу күнделікті дағды болып қалыптасуы керек. Осы мақсатта 7 -сыныпта «Қысым» тақырыбынадағы ҚМЖ құрастырудағы өз іс- тәжірибеммен бөлісіп отырмын.

Практикалық қолдану

Бөлім:	
Сабақтың тақырыбы:	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	
Сабақтың мақсаты	

Сабақ барысында алдымен ұйымдастыру бөліміне ерекше көңіл бөлу қажет.

1.1. Сәлемдесу.

1.2. Сынып оқушыларына жағымды ахуал туғызу.

1.3. Алдыңғы білім. Миға шабуыл әдісі қолданылады.

1.4. Топқа бөлу. Қағаз қиындылары әдісі арқылы топқа бөлу (Қысым, Күш, Аудан)

Үш топ

Алдыңғы білімді тексеру.

Жаңа тақырыпты игеру

Тапсырма:

1 Психологиялық ахуал туғызу.

Оқушыларға алдарындағы оқулықты алып көрші сыныптасының алақандарына әр түрлі жағдайларда қойып бірдей күш түсіргенде не байқайтынын сұрау, қорытынды шығару.

Қорытынды жасауға бағытталған сұрақтар:

- не байқадыңыздар?

- көршіңнің алақаны қай кезде ауырды?

- не себепті?

Бұл жерде тапсырма қарапайым оқулықпен жасалынады, барлығына қол жетімді құрал ретінде. Сонымен қатар осы тапсырма арқылы жаңа сабақ тақырыбы ашылады. Анықтамасын беру үшін келесі әдісті қолданамыз.

Анықтама, ережені ашу. «Мюнстенберг» әдісі. Лоравпрлвындобелгіліорпоранолобірмабетекепрпартүсетінвыфцуыпакүшжлжодоәрекетініңмтитбьнәтижесіндолпрнсипаттайтын кавуышаманыйукешзқысымждлррнеадеплогрпнатайдымаквыа.

1 минут ішінде ережені оқыған баланы анықтау, зейіндерін анықтау мадақтау.

«Белгілі бір бетке түсетін күш әрекетінің нәтижесін сипаттайтын шаманы «қысым» деп атайды.» Қысым бетке перпендикуляр бағытта әрекет ететін күштің осы беттің ауданына қатынасы.

Жаңа білім. «Джиксо» әдісі (G) Әр оқушы тақырыпты өз беттерінше оқып, мағынасын ашады, талдайды, бір – біріне түсіндіреді, постер құрады.


Қысым бетке перпендикуляр бағытта әрекет ететін күштің осы беттің ауданына қатынасымен анықталады:

$$p = \frac{F}{S} \text{ қысым} = \frac{\text{күш}}{\text{аудан}}$$

p-қысым, F-бетке перпендикуляр бағытта әрекет ететін күш немесе қысым күші; S-күш түсетін беттің ауданы.

$$F = pS \quad S = \frac{F}{p} \quad \text{ХБЖ-да қысым паскальмен өлшенеді.} \quad 1 \text{Па} = 1 \frac{\text{Н}}{\text{м}^2}$$

гПа=100 Па=10² Па кПа=1000 Па=10³ Па МПа=100000 Па=10⁶ Па Қатты денелер өзіне түсірілген қысымды бір бағытта ғана жеткізеді. Бір айта кететін жағдай осы жерге, яғни сабақтың соңына қалдырмай үй тапсырмасын беру маңызды. Бекіту. I).Бекітуге үш топқа тақырыпқа байланысты суреттер беріледі. Суреттегі тапсырмалар оқушылардың күнделікті өмірімен байланысты болғаны дұрыс деп санаймын.



II). Деңгейлік есептер шығару. Қысым формуласын есептер шығаруда қолданады Кері байланыс. Не түсіндім? Не ұнады? Не қиын болды? Қысымның физикалық мағынасын түсінеді және өзгерту әдістерін сипаттайды; Рефлексия.

Күнделікті өзін – өзі бағамдау нысаны әдісі арқылы рефлексия жасау(жеткен жетістігім) Бағалау. Сабақ соңында әр тапсырманың бағалау критериилері бойынша жалпы баллдық жүйемен бағалау. Оқушыларға сабақ соңында білімдерін жинақтау мақсатында берілген тапсырманы талдап, қорытындылайды. Ұсыныстар.

1. Дұрыс таңдалынып алынған әдіс-тәсіл;

2. Әр сабаққа шығармашылықпен әзірлену;

3. Әр сабақ бөлімінің алгоритімінің дұрыс құрылуы сізге жоғары нәтижеге жетуге оңтайлы ықпал жасайды; Қорытынды. Қазақстандық ғалым Ғ.М.Құсайынов педагогикалық технологияны «мұғалімнің жоспарланған оқыту мен тәрбиелеу жолындағы мақсаттар мен нәтижеге жету және сабақ беру үрдісіндегі ұжымдық оқыту әдісі. Себебі ұжымдық оқыту әдісі қазіргі заман талабына сай жан-жақты жетілген жеке тұлғаны тәрбиелеп шығуға мүмкіндік береді. Педагогикалық оқу жоспарлары мен бағдарламаларында берілген оқу материалын оқушылардың өздері бірін-бірі оқыту арқылы меңгеру үрдісі» деп санайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық авторы: Р. Башарұлы. Алматы «Атамұра» 2017ж.
2. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық авторы: У.Қ. Тоқбергенова, Б.А. Кронгарт «Мектеп» 2017ж.
3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. – Астана, 2006.
4. Селевко Г. К. Современные образовательные технологии. – М.: Народное образование, 1998.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚЫЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Халивалипова Эльмира Абденовна,
Алматы қаласы, Әуезов ауданы, «№5 мектеп-гимназия» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ тілі сабағында білім алушылардың оқылым дағдыларын қалыптастыру жолдары жайлы сөз қозғалды. Оқылым дағдыларына қатысты оқу тәсілдеріне талдау жүргізілді. Сабақ барысында оқылым дағдыларын қалыптастыруға арналған тапсырмалардың тәжірибе жүзінде қолданылуы көрсетілді. Оқылым кезеңдеріне талдау жасалып, мұғалімнің әрекеті айқындалды. Білім алушылардың жас ерекшеліктері мен білім деңгейіне қарай көрнекі құралдардың қолданылу сипаты түсіндірілді. Оқылым дағдыларын қалыптастырудың мақсаты мен міндеті айқындалды.

Аннотация. Данная статья посвящена путях формирования навыков чтения учащихся на уроках казахского языка. Проведен анализ методов обучения, связанных с навыками чтения. В ходе занятия было продемонстрировано практическое применение заданий по формированию навыков чтения. Проанализированы этапы урока и определены действия учителя. Характер использования наглядных пособий пояснялся с учетом возрастных особенностей и уровня образования учащихся. Определены цель и задача формирования навыков чтения.

Түйін сөздер: оқылым, әрекет, түсіну, ақпарат, мәтін, әдіс.

Ключевые слова: чтение, действие, понимание, информация, текст, метод.

Кіріспе

Бүгінгі күні білім беру жүйесінің халықаралық стандартына сәйкес білім алушылардың кез-келген саладағы ақпаратты меңгере алу қабілеті функционалды сауаттылық ұғымымен баланысты қарастырылып жүр. Ал оқылым-функционалды сауаттылықтың өзегі. Оқылым рецептивті дағдылар қатарына жататындықтан, оқылым мәтінді оқу мен жазудан гөрі мағынаға тереңдеп, жазба тілдегі мәтінді түсіну көрсеткіші ретінде айқындалады. Оқылым дағдысы оқыған мәтінді тек түсініп қана қоймай, ондағы ақпаратты қорытып, соған сай жауап беру және әрекетті мақсатқа сай орындауды білдіреді. Ол үшін білім алушы мәтін тілін ең алдымен сөз деңгейінде, кейін сөйлем мен мәтін деңгейінде түсіне алуы қажет. Әрине осы деңгейлердің барлығы қазақ тілінің зерттеу аясы мен оқыту мақсатына кіретіндіктен білім беру ұйымдарындағы қазақ тілі сабақтарында білім алушылардың оқылым дағдыларын қалыптастыру-қазіргі күні өзекті мәселе.

Оқылымның басты мақсаты- мәтіндегі негізгі және қосымша деп саналатын ақпаратты

жіктеп, оларды өз деңгейінде түсіну мен түсіндіре алу қабілетін игеру. Оқылым кезінде тағы да бір ескеретін нәрсе-сауаттылық мәселесі. Яғни білім алушы мәтінді түсініп қана қоймай сауатты оқып, ақпаратты сауатты жеткізуі маңызды. Ол үшін оқылым дағдыларына сай бірнеше әдіс-тәсілдер арқылы білім алушының сауаттылығын қарастыруға болады. Мақаланың негізгі мақсаты-қазақ тілі сабағында білім алушылардың оқылым дағдыларын қалыптастыру жолдарын анықтап, тәжірибе жүзінде әдістеменің қалай жүзеге асатынын көрсету.

Әдістеме

Оқылым – графикалық таңбалар арқылы бейнеленген сөздер мен тіркестердің мағынасын түсініп, мазмұнын қабылдау арқылы сауатты оқу мен мәтіннен қажетті ақпаратты сұрыптай алу қабілеті. Отандық білім беру жүйесінде оқылым дағдылары мынадай бірнеше деңгейде қарастырылып жүр: көз жүгіртіп оқу, мақсатты оқу, детальді түрде оқу, жаңа сөздерді үйрену үшін оқу, мәтінді мағыналық кезеңдерге бөліп оқу, болжалдық оқу.

Қазақ тілі сабағында мәтіннің өзіндік ерекшеліктері және білім алушылардың ақпаратты қабылдау деңгейі ескерілуі тиіс. Жоғарыда аталған оқылым дағдыларын тиімді қолдану арқылы оқушыларға мәтіндегі негізгі ақпарат пен қажетті білімді сіңіруге жағдай жасауға болады. Бұдан бөлек мәтіннің коммуникативтік түрлерін ажырата білуге үйретудің мәні зор. Мәтіннің коммуникативтік түрлері: хабарлау, сипаттау және пайымдау. Осы үш мәтіннің негізгі ерекшеліктерін түсіндіру барысында жоғарыда аталған дағдылардың ең тиімдісін таңдап алған жөн.

Практикада қолдану

Оқылым аясында зерттеу жүргізген Ф.Оразбаева оқылым дағдыларын қалыптастыру мән-маңызы туралы: «Оқылым – берілген материалды түсініп, ұғу ғана емес, сонымен қатар ондағы әрбір тілдік-қатысымдық тұлғалардың мағынасын білу, қалпын тану және оны тілдік қарым-қатынаста кеңінен пайдалану.»- деген пікір айтқан еді. Яғни оқылым білім алушылардың оқу сауаттылығын қалыптастырудың құрамдас бір бөлігі саналады. Оқылым дағдысы сәтті қалыптаспайынша жазылым дағдысы жүзеге асуы мүмкін емес.

Оқылым арқылы оқушылар мәтіннің мазмұны мен ішкі мәнін түсінуге, оқу стратегиясының типтерін жүзеге асыруға, мәтіндегі негізгі идея мен автордың айтпақ ойын анықтауға, мәтінді құрылымдық бөліктерге бөлуге, мәтін типі мен стилін тануға, мәтіндегі көтерілген мәселе бойынша мәтіннен тыс жаңа ақпараттарды ізденуге, мәтін деңгейінде сұрақтар құрастыруға және сол сұрақтарға жауап беруге, мәтіндердің салыстырмалы сараптамаларын қолдануға үйренеді.

Қазіргі кезде сабақта оқылым дағдыларын дамыту үшін әртүрлі белсенді әдіс-тәсілдерді қолданамыз. Оқылымды жақсартып, оны жүзеге асыру үшін таңдалған әдіс-тәсілдерге тікелей байланысты. Осы тұрғыдан алып қарағанда сабақта «Қарлы кесек», «Қай сөз жоқ», «Оқуға саяхат», «Төрт сөйлем», «Болжау жасау», «Қосжазба күнделігі» тағы басқа да тәсілдерді тиімді пайдалануға болады. Оқылым кезінде мұғалім оқушының әрекетін дұрыс ұйымдастырса, оқылым мақсатына да қол жеткізе алады. Оқылымда кіріспе, тексеру стратегиясы, өз бетінше оқылым, митңге қайта оралу, митңге жауап беру кезеңдерін жопарлауды іске асырып отырамыз. Мәтінді талдау кезеңінде оқушы өзінің пікірін жеткізуге мүмкіндік алады. Осы кезеңде білім алушылар ПОПС, Пікірлер сызығы, қарым-қатынас аймағы стратегияларын қолданып жұмыс жасады.

Оқылым дағдыларын қалыптастыру дегеніміз тек қана оқытудан тұрмайды. Осы мәселе бойынша өзіндік жүйеленген әдіс-тәсілдер бойынша оқылым үш кезең бойынша қарасырылады. Өзімнің сабағымда оқылым кезеңдерінде жиі қолданылатын кейбір әдіс-тәсілдеріме тоқталып өтейін. Оқылым алды кезеңінде «Болжау» «Ассоциация» әдістерін қолданамын. Оқылым кезеңінде білім алушылардың мәтінді мұқият түсініп оқуы маңызды. Мұнда мен «Бағытталған оқу» немесе «Болжау» әдісі арқылы жұмыс жүргіземін. Бұдан басқа «Джигсо», «Түртіп алу» стратегиялары да тиімді. Оқылымнан кейінгі кезеңде «Ашық- жабық сұрақтар», Блум таксономиясы деңгейлеріне негізделген сұрақтар, «Екі жақты күнделік» әдісі, «Борт журналы» әдісі, «Еркін жазу» әдістері бойынша жұмыс жасаймын. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында мәтінді оқыту үшін «Терминдер арқылы болжау», «Бағытталған оқу», «Еркін жазу» әдістерін қалай қолдануға болады? Мысалы, 5-сыныптағы «Қырғауыл мен түлкі» ертегісін алайық.

Осыған орай, оқылым алды кезеңде оқушыларды мәтінді оқуға дайындау, қызықтыру

және мәтін мазмұнын жақсы түсінулері үшін «ағаш, құлақ, иттер, дос» деген сөздерді тақтаға жазып, (суреттерін де көрсетуге болады) тақтадағы сөздерге назар аударайық, «мағыналары түсінікті ме? Қалай ойлайсыңдар, бұл сөздер біз оқитын ертегіде қалай кездесуі мүмкін? Ертегі не туралы болуы мүмкін?» деген болжау сұрақтарын қоямыз. Оқушыларға алдымен жеке ойланады, содан кейін жұпта талдауға беріледі. Жұптардың жауаптары сұралады. Осыдан кейін оқитын ертегінің тақырыбы айтылады.

Ертегі «Бағытталған оқу» әдісімен оқылады. Ертегіні оқу үшін ұстаз мәтінді мағыналық бөліктерге бөледі. Оқушыларға бірінші бөлігі таратылады, оқиды. Әр ойбөліктен кейін төмендегідей сұрақтар қойылады:

Екінші ойбөлік	болжамды неге сүйеніп айтып едің? Қырғауыл тұлкіге сенді ме? Қалай ойлайсыңдар енді тұлкі не жауап беруі мүмкін? Неге олай ойлайсың?
Үшінші ойбөлік	• Балалар, болжамдарың сәйкес келді ме? Ол болжамды неге сүйеніп айтып едің? Қырғауыл тұлкіге сенді ме? Қалай ойлайсыңдар енді тұлкі не жауап беруі мүмкін? Неге олай ойлайсың?
Төртінші ойбөлік	• Ертегі сен ойлағандай жалғасты ма? Енді қалай ойлайсың ертегі не туралы?

Ұстаздар осындай әдіспен жұмыс жасау кезінде жеңіл сұрақтарға қарағанда, шәкірттерін ойландыратын, талдауға жетелейтін сұрақтар мен тапсырмалар ұсынғаны дұрыс. Неліктен олай ойлайсың тәрізді сұрақ жиі қойылуы қажет, өйткені оқушы ертегінің оқиғасын түсініп отыр ма, жоқ па осыны назарда ұстауымыз керек. Ертегі басынан аяғына дейін болжауға бағытталды. Бұл оқушыларды мәтінді оқуға ынталандырып, қызығушылықтарын арттырып отырады және өз болжамдары ертегі сюжетімен ұқсас болған жағдайда олардың бойында сенім, сонымен қатар талпыныс күшейеді.

Оқылымнан кейінгі кезеңде «Еркін жазу» әдісі қолданамын. «Еркін жазу» әдісі арқылы топтарға төмендегідей тапсырмалар үлестірдім.

1-топ. Ертегідегі тұлкі/қырғауыл қандай? Неліктен олай ойлайсың? Қайсысы жеңді деп ойлайсыңдар? Ойыңды дәлелде.

2-топ. Адамдар арасында осы мысалдағыдай жағдай кездесе ме? Осындай жағдайда адамдарға қандай кеңес ұсынар едің?

3-топ. 1) Кішіпейілділік — кісінің көркі. 2) Түстік жерге өтірік айтсаң, Кешке артыңнан қуып жетеді. 3) Сыйласаң, сыйлы боласың. Белілген мақалдардың қайсы осы ертегі мазмұнына сәйкес келеді? Неліктен? Ойларыңды тұжырымдаңдар-деген тапсырмалар беруге болады. Әр топтың оқушылары өз ойларын ұсынып, дәлелдейді. Оқушылар осындай қойылған сұрақтарға жауап беріп, ізденіп, жеке және бірлесіп ой қозғайды, ойланады, білімдері мен түсініктерін өзгелерге жеткізеді, ақыл-ойын дамытады. Әр сабақта білім алушылар білімді жақсы игеруі үшін ойлану, оқу, сөйлеу, талқылау, жазу, пікірін айту тәрізді белсенді әрекеттерге жаттықтырып отыру қажет.

Ұсыныстар

Оқылымды жақсарту – осы мақсатқа сай таңдалып алған әдіс-тәсілдерге тікелей байланысты. Қазіргі күні дәстүрлі білім беру жүйесінен алшақтап, оқытуда инновациялық технологиялар мен көрнекі құралдарды қолдануға ұмтылыс көп. Қазақ тілі сабағы барысында білім алушылардың оқылым дағдыларын қалыптастыруда жоғарыда аталған әдістермен қатар «Оқуға саяхат», «Диалог құрастыру», «Төрт сөйлем», «swot талдау» және аудио, видеоқұралдардың маңызы зор. Осы тәсілдерді қолдану арқылы оқылым мақсатына жетуге болады.

Оқушы тақырып аясындағы мәтінмен танысқан сәтте білім алушы ақпаратты мәнмәтін деңгейінде түсіне алуы үшін ондағы бейтаныс сөздердің саны тым көп болмауы керек. Оқушы бейтаныс сөздердің мағынасын сөйлем ішіндегі өзіне таныс сөздері арқылы жүйелей алады.

Оқылым дағдыларын қалыптастыруда сабақ кезеңдерін сәтті ұйымдастырып отыратын – мұғалім. Әр оқушының білімін тереңдету үшін қосымша сұрақтар құрастырылуы тиіс. Сонымен қатар талқылау барысында оқушының көзқарасын да біліп отыру керек. Жаңаша әдістерді қолдану арқылы білім алушылардың сабаққа ынтасын оятуға болады. Осы мақсатта тақырып аясындағы жаңа сөздер жайлы қысқаша видеолар мен жұптық немесе топтық тапсырмаларды жасатуды да назардан тыс қалдырмаған жөн.

Қорытынды

Қазақ тілі сабағында білім алушылардың оқылым дағдыларын қалыптастырудың бүгінгі күні өзектілігі жоғары. Оқылым дағдысы – функционалды сауаттылықтың өзегі бола отырып, оқушыға мәтінмен жұмыс жасау барысында ақпаратты сауатты өңдеу мен қолдану мүмкіндіктерін сыйлайды. Осы бағытта оқылым дағдыларының ситуациялық жағдайларға байланысты көптеген түрлері қарастырылған. Атап айтсақ: көз жүгіртіп оқу, мақсатты оқу, детальды оқу, жаңа сөздерді үйрену үшін оқу, мәтінді мағыналық кезеңдерге бөліп оқу және болжалдық оқу. Осы дағдылардың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі мәтін деңгейінде, стильдік, коммуникативтік тұрғыдан қолданылуы әртүрлі.

Білім алушылардың оқылым дағдыларын қалыптастыру кезінде оқу кезеңдері мен әр кезеңге арналған тапсырмалар жүйелі түрде ұйымдастырылуы шарт. Мәселен бірінші кезеңде – оқушыларға тақырып және тақырып аясындағы суреттер беріледі. Оқушылар осы тақырыпқа қатысты ескі білімдерін қайталап мәтінді оқуға дайындық жасайды. Екінші кезеңде мәтіннің жалпы идеясы мен мәтін құрамындағы жекелеген ақпараттарға қатысты деректер сұралады. Оқылымнан кейінгі кезеңде тақырып аясындағы білім алушылардың өз көзқарастары сұралып, қайтала тапсырмалары беріледі. Мұғалім тарапынан осы кезеңдерді ұйымдастырудағы жүйелілік сақталған жағдайда білім алушылардың оқылым дағдылары сәтті қалыптасады. Сабақ барысында назарды аударту мен ұстап тұру үшін көрнекі құралдар мен инновациялық технологиялардың көмегіне жүгіну ұсынылады. Сонымен бірге сабақты қызықты етіп өткізу үшін мәтіннің негізгі идеясына сілтеме жасайтын сергіту сәті мен ойын ойнату тәсілдерін қолданған жөн. Оқылым дағдысы – функционалды сауаттылықтың құрамдас бөлігі болғандықтан, білім алушының сауатты тұлға болып қалыптасуы үшін оқылым дағдысын жетілдіріп отырудың мәні зор.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде орыс тілді мектептердегі «Қазақ тілі» пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016
2. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. «Сөздік-Словарь» 2005
3. М.Ахметова Мәтін лингвистикасы. Орал-2008.
4. Шабажанова С. Оқылым дағдыларын қалыптастыру және дамытудың әдіснамасы мен тәжірибесі, Павлодар-2015.
5. Мирсеитова С. Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде: Оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері – Қарағанды 2011 – «Кәсіби даму мектебі» сериясы.



«СЖАТАЯ СТРЕТНАЯ РЕПРИЗА И ЕЁ ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ СМЫСЛ В МУЗЫКАЛЬНОЙ ФОРМЕ ИНВЕНЦИИ В-DUR И. С. БАХА»

Преподаватель по классу фортепиано
высшей категории Никулина Е. А.

Цели: 1. Работа над выявлением основных частей музыкальной формы и её структурных составляющих, над исполнительским выявлением вопросно-ответной интонации Темы, динамикой интермедий, энергичным и торжественным звучанием репризы.

2. Воспитывать в сознании учащегося чёткое понимание строения музыкальной формы Инвенции, и её структурных составляющих, принципа стретного изложения Темы в репризе, а так же особенностей стиля композитора.

3. Развивать полифоническое мышление учащегося, умение сочетать певучесть звукоизвлечения с оживлённым движением и исполнительскую собранность.

Ход урока:

I Организационный момент.

II Проверка домашнего задания:

Гамма H-dur – работа 16ми, в размере 2\4, с акцентированием по квартолям в прямом и расходящемся движении, движении в терцию и дециму, аккорды, арпеджио(короткие, ломаные, длинные), хроматическая гамма.

Этюд соч. 46 №26 c-moll С. Геллер – работа над темпом, динамикой и образно-выразительным исполнением по периодам и в целом.

Этюд выдающегося венгерского композитора-романтика, еврейского происхождения, Стефана Геллера, является не только инструктивно-техническим произведением, но и образно-художественным сочинением, выражающим очень ярко и динамично романтический художественный образ. Сочинённый в самой трагической тональности, какой?/c-moll/, которая, в данном случае, олицетворяет собой шторм – этюд изложен в какой форме? /простой динамической репризной форме/. В которой присутствует единая линия сквозного развития. Такая форма способна передать значительное развитие в произведении сравнительно небольшого объёма и содержит, как правило, трансформацию музыкального образа, в нашем случае, из трагического в победоносный и ликующий. Контрастная Тема этюда изложена каким образом? /полифоническим/. На сочетании двух мелодий – в сопрано лавинообразное движение 16ых изображает что?/штормовые волны/, а призывные мотивы в басу?/корабль, плывущий по волнам/. Восьмитактовый период изложения Темы в основной и субдоминантовой тональностях сменяется взволнованно-тревожной развивающей серединой, которая построена на чём?/на секвентном развитии отдельных мотивов Темы/. Развитие и нарастание в середине естественно приводят к чему?/к репризе/на новом, более высоком уровне напряжения. Поэтому реприза, в данном случае какая?/динамизированная и взволнованно-ликующая/. И для всей формы этюда реприза является чем?/кульминацией всей формы/. Что подтверждается чем?/динамикой звучания f и ff и Кодой в одноимённом мажоре/. Что символизирует собой спасение корабля, выплывающего из шторма в открытое, освещённое солнцем море. (Далее практическая работа).

«Водопад» (атональность) Р. Вандалл – исполнение наизусть, работа над образно-выразительным исполнением и агогическими нюансами в целом или выборочно по частям.

Роберт Вандалл – современный американский композитор и педагог, который входил в Национальную ассоциацию музыкальных учителей США и в Ассоциацию преподавателей штата Огайо, а так же был создателем и владельцем студии Vandall Piano в течении 38 лет. На предыдущих уроках мы выяснили, что пьеса «Водопад» относится к какому жанру фортепианной музыки?/программной музыки/. А музыкальная форма

пьесы?/простая 3х частная форма, с контрастной серединой, развивающего типа/. Т.е. в данной пьесе средняя часть построена на новом тематическом материале, и поэтому контрастирует с крайними частями. Но этот новый материал излагается каким образом?/неустойчиво и секвентно/. Подобно середине развивающего типа. Все части чётко отделены друг от друга чем?/замедлением/. Кроме того, мы выяснили, что в пьесе обилие встречных знаков и отсутствие ключевых – обозначает что? /пьеса атональна/. Т.е. у неё отсутствует централизованная тональность. Начало «атональности» обычно связывают с Арнольдом Шёнбергом и композиторами «Новой венской школы». Это был период поисков новых законов музыкальной гармонии, способных заменить систему тональности. Принципы и эстетика атональной музыки были подхвачены многими композиторами XX и XXI в. Но возникла атональность, как результат расширения тональности за счёт хроматизмов, побочных доминант, многозначных аккордов и других явлений гармонии в поздне-романтической музыке Ф. Листа, Вагнера, Скрябина, Дебюсси, Стравинского и других композиторов, склонных к экспериментам. Обозначение *Rubato* переводится как?/свободно/. Т.е. композитор даёт нам агогическую свободу движения музыкальной ткани, идущей от образа бурного падения воды и разлетающихся водяных брызг, окрашенных цветами радуги.(Далее практическая работа)

III Новая тема: «Сжатая стреттная реприза и её художественный смысл в музыкальной форме Инвенции B-dur И. С. Баха»

О том, для какой цели Бах сочинил «Инвенции и симфонии» говорит текст титульного листа последней редакции цикла: «Добросовестное руководство, в котором любителям клавира, особенно жаждущим учиться, показан ясный способ, как чисто играть не только с двумя голосами, но при дальнейшем совершенствовании правильно и хорошо исполнять три обязательных голоса, обучаясь одновременно не только хорошим изобретениям, но и правильной разработке; главное же – добиться певучей манеры игры и при этом приобрести вкус к композиции.» Обрати внимание на слово изобретениям! Определение «инвенция» происходит от латинского «*inventio*» - изобретение, открытие. Все инвенции – двухголосные, поэтому овладев в совершенстве двухголосием, ты, получишь ключ к любому виду многоголосия. В заглавии так же сказано, как высоко Бах ценил певучую манеру игры, которая отражает исполнительский стиль самого композитора. Кроме того, музыке Баха чужды вялость и сентиментальность. Его чувства всегда погружены в атмосферу мужественности и внутренней борьбы, в которой предельное напряжение чувства уравнивается предельной силой самообладания и благородной сдержанности. Поэтому, как подчёркивает Эгон Петри: «способ извлечения звука должен быть всегда мужественным, крепким и здоровым, даже в *piano*, которое не должно быть ни расплывчатым, ни беззвучно-шелестящим». Инвенции Баха построены на раскрытии одного художественного образа, на многократных преобразованиях Темы-того ядра, развитие которого и определяет форму. Какая музыкальная форма в данной инвенции?/трёхчастная/. Как называются основные части этой формы? /Экспозиция, разработка, реприза/. Чем является Экспозиция?/Это показ Темы в двух голосах/. Тема занимает три такта, включает в себе ритмический контраст и основана на одном мотиве, который идёт сначала в каком движении?/в прямом, восходящем движении/, а затем?/в обращении/. Такое соотношение образует типично баховский, вопросно-ответный диалог, который во втором такте повторяется в субдоминантовой тональности, а затем, в третьем такте мотив дважды проходит в восходящем движении, обрисовывая доминанту. Т.е. развитие Темы – это развитие конфликта, который и составляет весь «сюжет» инвенции. Спокойное и плавное движение восьмых в басовом голосе контрастирует оживлённой Темой, являясь тем самым благородным сдерживающим началом, о котором, я, говорила ранее. Поэтому, для усиления контраста восьмые исполняются как?/non legato, певуче/, а четвертные?/более глубоко, tenuto/. Заложенный в Теме конфликт расширяется в 4-5 тактах, которые являются чем?/интермедией/, в которой оба голоса ведут между собой пока ещё мирный «спор». Второе проведение Темы, в басовом голосе, окрашено новыми ладо-тональными соотношениями, которые приводят к доминанте, знаменующей у Баха начало какой части?/разработки/. И представляет собой сплошные что?/интермедии/. Вторая интермедия, состоящая из 3 тактов и построенная на динамическом развитии вопросно-ответного диалога – это вторая фаза в развитии конфликта, приводящая к его

обострению. Такты 12-13 – это третья интермедия, которая как, мы, выяснили, является чем?/канонической секвенцией/. В которой сопрано имитирует бас на расстоянии двух октав, усиливая активность полифонического развития и меняя характер конфликта. В азарте «спора» голоса перебивают друг друга, вступая с гневными репликами до окончания высказывания другого, что приводит к кульминации, которую Бах подчёркивает субдоминантовой гармонией. Затем композитор максимально оттягивает разрядку напряжения секвенциями, в которых исчезает что?/ритмический контраст/. И полифоническая динамика уступает место ритмической энергии симметричных акцентов в обоих голосах, выявляя свою динамичность ускоренным движением мотивов, что позволяет сделать едва заметное агогическое ускорение. Бурные секвенционные «лавины» стремительно идут к главной тональности, разрешение в которую знаменует собой начало какой части?/репризы/. В структуре полифонии очень важно определение заключительной части, в которой завершается всё развитие, раскрывается до конца замысел произведения. Восстановление элементов Экспозиции в заключительной части полифонии, как основной признак этого раздела формы, как раз и обусловил введение для него термина реприза. Возврат основной тональности уже сам по себе производит итоговый эффект, который усиливается возвращением Темы. В этой инвенции реприза начинается с проведения Темы целиком, но с изменениями в басовом голосе, который сразу же перебивает верхний голос, тоже проводящий Тему в несколько изменённом виде. Такой приём называется стреттным проведением Темы. Стретта – это особый вид канонической разработки Темы. Это сжатое по времени и горизонтали имитирование Темы. А её художественный смысл заключается в кульминационном утверждении Темы, в которой оба противостоящих мотива утверждаются как равноправные. Кроме того, в репризе присутствует тенденция к сжатости, которая проявляется не только в стреттном проведении Темы, но и в уменьшении количества тактов, по сравнению с экспозицией. Следовательно, эта сжатая стреттная реприза должна быть исполнена энергично с решительной торжественностью и, как советует Бузони – *markatissimo*, а в каденции *fortissimo*. (Далее практическая работа по разделам).

IV Закрепление новой темы:

Чтобы закрепить тему урока, повторим : что такое стретта?

Почему Реприза сжатая? Какой художественный смысл заключается в стреттном проведении Темы?

Оценка:

Домашнее задание:

Гамма – технический зачёт. Этюд С. Геллер – технический зачёт.

«Водопад» Р. Вандалл – исполнять наизусть с более точным образным содержанием.

Инвенция B-dur И. С. Бах – учить наизусть по структурным составляющим, работать над характером и динамикой Репризы.

(Для проведения урока оформлен стенд со слайдами: портрет С. Геллера, картина «Шторм», портрет Р. Вандалла, картина «Водопад», портрет И. С. Бах и сыновья.)



ТАРИХИ ЖӘДІГЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОҰЫНА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ СІҢІРУ

Ұзақбайқызы Гүлназия
№73 мектеп-лицей, тарих пәні мұғалімі,
педагог - шебер, педагогика ғылымдарының
магистрі Астана қаласы

Аңдатпа

Ұсынылып отырған бағдарламаның мазмұны мен құрылымы оқушылардың тарихи ойлауын қалыптастыратын Қазақстан тарихы пәні курстарының арасындағы сабақтастықты, сонымен қатар іс- әрекеттік тәсілді, бірегейлікті жүзеге асырып, білім алушылардың өз бетінше ізденуін қамтамасыз етеді.

Түйінді сөздер: рухани құндылық, ұлттық құндылық, тарихи аспекті, ескерткіштер сырлары, сакральды орындар, материалдық және рухани құндылық.

Ғылым мен технологияның қарыштап дамыған заманында, әсіресе жаһандану үдерісінің күш алып жатқан уақытында ұлттық құндылық бағытындағы білім берудің маңыздылығы жоғары екенін түсінеміз. Ол ең алдымен азаматтық рух, ұлттық кескін-келбет, ділді сақтап қалу жолында маңызды болып отыр.

Тарихи білім беру ең алдымен азамат тәрбиелеудің маңызды құралы болып табылады. Тарих пәнін тереңдете оқытудың маңыздылығына байланысты қосымша пәндер мен арнайы курстарды көптеп енгізудің қажеттілігін байқаймыз. Әсіресе арнайы жүйеленген тарихи ескерткіштер туралы мәлімет беретін, білімдерін жетілдіретін, тарихқа қызығушылығын арттыратын бағдарлама, оқу құралдары көптеген олқылықтардың орнын толтыратыны сөзсіз. Отаңдық тарихи ескерткіштер сырларынан жалпы кеңірек мәлімет беретін «Ескерткіштер сырлары» атты факультативтік курстың бағдарламасымен таныстырғым келіп отыр.

Бағдарламада орта ғасырларда Қазақстанда сәулет өнерінің дамуы, сәулет ескерткіштерінің ерекшеліктері туралы жалпы білім беру бағыты көзделген. Археологиялық ескерткіштерді танып- білуде тарихи дәуірлердің жарқын бейнелерін және тарихи ескерткіштері мен негізгі оқиғалары туралы түсінік қалыптасады. Деректермен жұмыс жасау арқылы әртүрлі көздерден ақпарат іздеуді, өзін- өзі бақылауды және бағалауды, топтық жұмыста өзін түзетуді жүзеге асыратын, жеке тұлғаның бойында құндылықтарды сіңіріп, көшбасшылыққа баулу – курсты оқытудың педагогикалық мақсатын қамтиды.

“Ескерткіштер сырлары” атты авторлық бағдарламам 2018 жылы “Туған елге тағзым” жобасы негізінде бастау алып, “Туған елге тағзым”, “Z ұрпағын ұлтжандылыққа баулудың жолдары” атты әдістемелік құралдарымның жарық көруіне себеп болды. Әдістемелік құралда тек дәстүрлі сабақ түрінде ғана емес, тәжірибелік бағыттағы тарихи ескерткіштерге саяхат, виртуалды саяхат, мұражайларға саяхат, семинар, конференция, дөңгелек үстел өткізу арқылы оқушылардың кері байланысына мақсатты қол жеткізу үшін тиімді әдістерді пайдалану жолдары көрсетілді. Әсіресе ПТМС, SWOT, PEST формулалары оқушылардың талдау жасауға талпынысын арттырса, 5 жолды өлең, Рафт жазу арқылы оқушының сезімдеріне жол аша аласыз. Түрлі көрнекіліктер, АКТ мүмкіндіктері, карта, суреттердің орны бөлек. Тарихи ескерткіштер жайлы деректі бейне көріністің қоры мол болуы да нақты нәтижеге жетуге қолғабыс етеді.

Жүргізілген тәжірибем сүйенсем ұлттық дәстүрімізді, әдет- ғұрыптарымызды, дінімізді, ата- бабаларымыздан қалған насихат- мұраларды жастардың санасына сіңіру үшін жасалған танымдық экспедициялық саяхаттар тиімді болды деп айта аламын. Астана қаласындағы “Атамекен” ашық аспан астындағы мұражайды басты нысан ретінде алып, мектебіміздің 70% оқушыларына таныстырылым жасау арқылы 10 оқушым сол

жерде 14 жасынан еңбек жолын бастап, табыс көзін көрді. Алдағы уақытта осы оқушылар туризмді дамытуды қолға алады деген ойдамын. Ендігі мақсат осыны жүйелі түрде жүзеге асыру. Оның жан- жақты тетіктерін қолдану, жетілдіру, ұлттық құндылық бағытындағы тиімділігін дәйектеу.

«Ескерткіштер сырлары» атты 10-сыныпқа арналған бағдарлама 2023 жылғы “Орта білім беру саласындағы инновациялық тәжірибеге қорытынды” сараптама шешімі бойынша республика көлемінде таратылды. Бүгінгі таңда Астана қаласының 10 мектебі, республика бойынша 3 мектеп осы бағдарлама бойынша жұмыстануда. Әріптесім, № 66 мектептің ұстазы- Толқын Келісқызының пікірін назарларыңызға ұсынсам:

Мен, бірде жапон тюркологы Наката Оканың қазаққа қатысты пікірін оқыдым. Ол: «Әрине, мен де сіздерге баға бере алмаймын. Бір тілде сөйлейсіздер ме, әлде екі тілді бірдей таңдайсыздар ма – оны өздеріңіз шешесіздер. Екі тілді бірдей білген де жаман емес. Билингвизм – әлемнің көп елінде бар. Тарихшы ретінде айтатын болсам, маған қазақтар өзінің ұлттық ерекшелігін, тілін жоғалтып алған халық секілді болып көрінеді. Сіздер – адасқан, жолынан жаңылып қалған халықсыздар, меніңше. Халықты әдейі не қасақана тарихи жадынан айырып тастаған сияқты. Әйтпесе, есі дұрыс адам ана тіліңнен гөрі орысша білген дұрыс па деп сұрай ма? Бұл – абсурд! Тамырынан ажырап қалған, не істерін білмей аласұрып жүрген халықтар ғана осындай сұрақ қояды, негізі. Тіл мәселесін біржола шешу үшін - халыққа тарихын оқытып, халықты, ұлтты соған ынталандыру керек.» Ащы да болса шындық, сіздің «Ескерткіштер сырлары» атты бағдарламаңыз маған осы ұлтымыздың тарихын танытып оқытуда жіберген олқылықтың орнын толтыруға арналғандай қабылдадым. Бағдарлама оқушыларға Отанымыздың бай тарихына мақтаныш пен құрметінің артуына ықпалы өте зор деп білемін!

Қорытындылай келе, мектеп қабырғасында оқу- тәрбие үдерісінде рухани- адамгершілік, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін іс- шараларда өлке тарихына басымдылық беру, қай уақытта да өзі маңыздылығын жоғалтпақ емес.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жолдасбеков М. Алтын арқалы асыл мұра. Егемен Қазақстан. 2005
2. Мәдени мұра. Тарихи орналасқан ескерткіш – Алтын адам, Арыстан баб, Айша бибі кесенесі. Жас алаш, 2003 желтоқсан
3. Тоқтабай А. Ескерткіштер – ел тарихы: тарихи ескерткіштерге рестобрация жасау мәселелері // Қазақ әдебиеті, 2003 мамыр e-history.kz
4. Өз тәжірибемнен:
Саяхат. «Тұмар» Республикалық әдеби-көркем журнал Нұр- Сұлтан, 2018.-6 (61)
Туған елге тағзым. «Педагогикалық идеялардың понарамасы» диалог алаңының материалдары; Астана 2018ж-85 б
Туған елге тағзым. «Рухани жаңғыру – Ұлт болашағының жарқын бағдары» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары, - Алматы, 2020. – 85 б.
Отан неден басталады?. «Елорданың үздік сабақтар жинағы». Нұр-Сұлтан, 2020
«Z» ұрпағын ұлтжандылыққа баулудың жолдары. Академик Т.Т.Тәжібаевтың туғанына 112 жыл толуына арналған «Қазақстандағы педагогика ғылымының жаңа мүмкіндіктері: тәрбие мен білімдегі серпілістер» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары, Алматы, 23 ақпан 2022 жыл;
“Яссауи мұраларын оқу- тәрбие үдерісінде қолдану” Түркістан, «ҒАСЫР ДАНАСЫ – ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ» атты халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференция жинағы, 2024ж



ФИЗИКА ТАПСЫРМАЛАРЫНА ДЕГЕН ӘЛЕМДІК МАХАББАТ: МЕКТЕП САБАҚТАРЫНАН БАСТАП ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ ДЕҮІН

Рамазанова Бибиғұл Есеновна
Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданы,
«Е.Ш.Орақбаев атындағы жалпы орта білім
беретін мектебі» КММ, физика пәні мұғалімі

Физика - бұл математикалық модельдер мен эксперименттерді қолдана отырып, табиғат заңдылықтарды сипаттайтын ғылым. Сонымен қатар, физика біздің ойлау қабілетімізге қолдау көрсететін және талдау дағдыларымызды дамытатын тапсырмаларды шешу өнері болып табылады.

Ия, физика - бұл математикалық модельдер мен эксперименттер арқылы табиғат заңдылықтарын сипаттауға және түсінуге тырысатын ғылым. Бұл пән планеталардың қозғалысынан элементар бөлшектердің өзара әрекеттесуіне дейінгі әлемде болып жатқан барлық нәрселердің негізгі принциптерін зерттейді.

Мектептегі физика сабақтарында біз дене жылдамдығын анықтау немесе үйкеліс күшін есептеу сияқты қарапайым тапсырмалардан бастаймыз. Бұл есептер физиканың негізгі ұғымдарын түсінуге көмектесіп қана қоймайды, сонымен бірге нақты мәселелерді шешу үшін математикалық әдістерді қолдануға үйретеді.

Физикада нақты мәселелерді шешу үшін математикалық әдістерді қолдануға көмектесетін бірнеше негізгі ұғымдар бар:

1. Ньютон заңдары: олар денелер мен қозғалыстардың өзара әрекеттесуін сипаттайды, механиканы түсінуге және қозғалысқа қатысты көптеген мәселелерді шешуге негіз болады

2. Сақтау заңдары: мысалы, энергияның сақталу заңы және импульстің сақталу заңы. Олар бізге жүйенің уақыт бойынша күйінің өзгеруін талдауға және энергия мен қозғалысқа қатысты мәселелерді шешуге мүмкіндік береді

3. Электромагнетизм: электр және магнит өрістері зарядтар мен магниттердің әрекетін болжауға және электр және магнетизм мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін Максвелл теңдеулерімен сипатталады.

4. Термодинамика: ол жылу процестерін және жылу мен энергияның басқа түрлері арасындағы байланысты зерттейді. Термодинамика заңдары жүйелердің тиімділігін талдауға және жылу процестеріне қатысты мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Физиканың осы және басқа тұжырымдамалары табиғатты түбегейлі түсінуге, ал математикалық әдістерді қолдану ғылым мен техниканың әртүрлі салаларындағы нақты мәселелерді талдауға және шешуге мүмкіндік береді.

Алайда, физика мәселелеріне қызығушылық тек мектеп бағдарламасымен шектелмейді. Университеттің физикалық мамандықтарының студенттері кванттық механика, термодинамика және электромагнетизмге қатысты күрделі мәселелерді зерттейді. Бұл міндеттер оларға табиғат принциптерін тереңірек түсінуге және ғылымда немесе инженерияда болашақ мансапқа дайындалуға көмектеседі.

Оқуды аяқтағаннан кейін де көптеген физиктер өздерінің кәсіби қызметіндегі мәселелерді шешуді жалғастырады. Олар деректерді талдау, жаңа технологияларды құру және күрделі ғылыми мәселелерді шешу үшін физикалық модельдерді пайдаланады.

Физикалық модельдер деректерді талдау, жаңа технологияларды құру және күрделі ғылыми мәселелерді шешу сияқты әртүрлі салаларда шешуші рөл атқарады. Оған төмендегідей бірнеше мысалдар келтіруге болады:

Климатты модельдеу: атмосфера мен мұхиттың физикалық үлгілері ғалымдарға климаттың өзгеруі туралы деректерді талдауға, ауа-райын болжауға және климатқа әртүрлі факторлардың әсерін зерттеуге мүмкіндік береді;

Медициналық физика: физикалық модельдер медициналық кескіндерді талдау, ауруларды диагностикалау мен емдеудің жаңа әдістерін әзірлеу және дәрілік заттардың ағзамен өзара әрекеттесуін модельдеу үшін де қолданылады;

Энергияны үнемдеу технологиялары: физикалық модельдер инженерлер мен ғалымдарға күн батареялары, жел генераторлары және энергияны үнемдейтін көліктер сияқты энергияны үнемдейтін құрылғыларды жасауға көмектеседі;

Ядролық физика және энергетика: физикалық модельдер ядролық реакцияларды зерттеу, ядролық реакторларды жасау және ядролық материалдардың әрекетін болжау үшін қолданылады;

Занятия по программе «Театр на английском языке» проводятся 1 раз в неделю. На учебный год отводится 34 часа. Число воспитанников каждого творческого объединения составляет не менее 15-20 человек.

Примерные спектакли и постановки:

1. Интонационная отработка стихов английских писателей. Сонет 18 (У. Шекспир), "The Road Not Taken" (R. Frost.), Fire and Ice (R. Frost), An Old Story (E. A. Robinson), A Tree Song (R. Kipling),
2. Fairy tale "Aladdin and the Magic Lamp".
3. Постановка сказки «Snow White and Seven Dwarfs».
4. Инсценировка отрывка из пьесы "The Bremen Town Musicians".
5. Инсценировка пьесы "The Lion and the Mouse".
6. Спектакль "Halloween Party".
7. Инсценировка отрывка из сказки "Alice in Wonderland".
8. Инсценировка отрывка «Как мы красили забор» из произведения М. Твена «Приключения Тома Сойера».
9. Спектакль "Romeo and Juliet".
10. Творческие занятия.

Литература:

1. Школьный театр. Википедия
2. А. Зайцев. Школьный театр. Статья в «Учительская газета» от 19.04.2016г.
3. А. Никитина. «Школьный театр на иностранном языке и мировая культура». Статья в «Учительская газета» от 31.01.2012.
4. Школьный театр – Педагогический терминологический словарь. В помощь руководителю театрального кружка [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <https://nsportal.ru/shkola/dopolnitelnoe-obrazovanie/library/2012/12/06/v-pomoshch-rukovoditelyu-teatralnogo-kruzhka>.
5. В помощь руководителю театрального кружка [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://nsportal.ru/shkola/dopolnitelnoe-obrazovanie/library/2012/12/06/v-pomoshch-rukovoditelyu-teatralnogo-kruzhka>.

ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, СТУДЕНТТЕРДІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

А.А. Серикова
Астана қаласы әкімдігінің
«Жоғары көлік және коммуникация колледжі» ШЖҚ МКК

Аңдатпа. Бұл мақала бағдарламалау тілін үйрену кезінде ойын элементтерін қолдануға арналған, бұл оқу материалын меңгеруге және білім алушылардың жоғары мотивациясын сақтауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: функционалдық сауаттылық, оқытудың белсенді әдістері, ойын әдісі, білім, цифрлық технологиялар.

Соңғы жылдары ғылыми әдебиеттерде «мағыналы оқыту» деген сұрақ жиі туындайды, бұл студенттердің оқу процесіне белсенді қатысуын білдіреді. Мағыналы оқыту өзінің қорытындысы бойынша функционалдық сауаттылыққа ие болуы керек, яғни адамға сыртқы ортамен қарым-қатынас жасауға және оған мүмкіндігінше тез бейімделуге және жұмыс істеуге мүмкіндік беретін сауаттылық деңгейі.

Функционалдық сауаттылықты ойдағыдай қалыптастыру үшін әр мұғалім өзінің әдістерін, оқыту әдістерін және, әрине, оқушыларды белсенді қызметке ынталандыруға, әртүрлі сипаттағы мәселелерді шешуге шығармашылық көзқарасты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін технологияны іздейді.

Оқу процесін жоспарлау және іске асыру деңгейінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру жолдары қандай? Жалпылама түрде келесі тәсілдер туралы айтуға болады:

оқу міндеттеріндегі нақты өмірлік жағдайлардың көрінісі;

функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған толықтырулармен пәндік міндеттерді байыту;

екі немесе одан да көп пәндік салалардағы білімді пайдалану (беру) ;

ақпаратты өз бетінше іздеу, тексеру және қолдану;

оқу процесіне арналған стандартты емес құралдардың көмегімен жобаларды іске асыру немесе өнімдер жасау;

әр түрлі академиялық деңгейлерді есепке алу.

Жылдам өзгеретін әлемде қажетті мақсаттарға жету және қажетті нәтижелерге қол жеткізу үшін білім беру студенттерді дәстүрлі әдістерге қарағанда тереңірек тартуға ынталандыратын оқытудың белсенді тәсілдеріне көшуі керек.

Білім алушыларға цифрлық дәуір әсер етеді, технологиямен қоршалған және күнделікті көптеген сандық ақпаратпен жұмыс істейді. Олар интерактивті ортаға және

жылдам қарым - қатынасқа үйреніп, тәжірибеден үйренуді жөн көреді. Білім алу үшін әртүрлі технологиялық қосымшалардың мүмкіндіктерін пайдаланатын белсенді оқу орталарын қажет етеді. Қызықты, ынталандыратын және қызықты оқуға ұмтылады [1].


Бұған қол жеткізу үшін оқытушылар күнделікті қолданатын цифрлық құралдарға байланысты тәсілді табуы керек [2].

Соңғы онжылдықта ойын тәсілі білім алушыларға бағытталған оқу ортасын құруға ықпал ете отырып, білім алушылардың ынтасы мен белсенділігін арттыру әлеуетіне байланысты зерттеу қауымдастығында көбірек назар аударуда. Көптеген зерттеушілер цифрлық ойындарға негізделген оқыту білім беруде күшті құралға айналып, оқуды жағымды, қарапайым және тиімді ететінін көрсетеді [3;4].

Ойындар - білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын жақсартуға, жетілдіруге, өзекті практикалық білім беруге және ескірген жүйеден бас тартуға мүмкіндік беретін жаңартылған білім беру жүйесінің маңызды құралы.

Осындай құралдардың бірі ойын техникасы - геймификация.

Білім берудегі геймификацияға деген қызығушылық дәстүрлі әдістер студенттерге негізінен тек білім мен дағдыларды игеруге мүмкіндік беретіндігімен байланысты, ал практикалық дағдылар толық емес және білім алушылардың аз санынан ғана қалыптасады [5; 6; 7]. Зерттеулер [5; 8; 9; 10] геймификацияның келесі артықшылықтарын анықтайды (сурет. 1).



1-сурет. Геймификацияның артықшылықтары

Геймификация - бұл тиімді оқыту, ал ойын - бұл әдіс. Геймификация, ең алдымен, нәтижеге жетуге бағытталған.

Геймификация ойындарға тән тартымдылықты пайдалана отырып, мотивацияны, қатысуды және қатысуды арттыруға бағытталған. Интерактивті және ойын-сауық ойындарын әзірлеу, ең алдымен білім беру мақсаттары үшін, ойынға негізделген оқытуды енгізудегі алға жасалған қадам болып табылады. Маңызды ойындар ойыншыларға ойын барысында көптеген үзілістерді жеңе отырып, білімдерін жетілдіруге және дағдыларын жаттықтыруға мүмкіндік береді.

Геймификация (гейминизация, геймификация) – оқудың тиімділігін арттыру, оқушыларды ынталандыру және олардың оқу-тәрбие процесіне қатысуын арттыру мақсатында ойыннан тыс кеңістікте компьютерлік ойындарға, ойынды ойлауға тән тәсілдерді: білім беру, желілік, қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану; және қолданбалы мәселелерді шешуге тұрақты қызығушылық тудырады.

Геймификацияның негізгі қағидасы - пайдаланушының мінез - құлқын динамикалық түрде реттеуге және нәтижесінде барлық функционалдылықты тез игеруге мүмкіндік беретін тұрақты, өлшенетін кері байланыс алуы қамтамасыз ету.

Әлемде және елде IT-саланың қарқынды дамуын және қазіргі уақытта IT-саланы таңдайтын жастардың басым болуын ескере отырып, студенттерді геймификациялау арқылы оқыту педагогикалық тәсілде дұрыс таңдау болып табылатынына күмән жоқ, бұл мамандарды даярлаудың қазақстандық моделін дамытуға елеулі үлес қосуға мүмкіндік береді.

Ойын тәсілі білім алушыларға күрделі ұғымдар мен дағдыларды қызықты және интерактивті түрде меңгеруге мүмкіндік береді, сонымен қатар сыни тұрғыдан ойлау мен ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді.

Бұл әсіресе информатика саласында тиімді, мұнда білім алушылар алгоритмдер, мәліметтер құрылымы, желілер, бағдарламалық жасақтаманы тестілеу және бағдарламалау тілдері туралы біле алады. Сонымен қатар, ойынға негізделген оқыту білім алушыларға өз білімдерін нақты әлем контекстінде қолдануға мүмкіндік беру арқылы теория мен практика арасындағы алшақтықты жоюға көмектеседі.

Бағдарламалауды үйрену кезінде мұғалім геймификация мүмкіндігі бар әртүрлі компьютерлік бағдарламалық құралдарды да пайдалана алады.


Білім алушылар ынтымақтастық пен бәсекеге қабілеттілікті дамыта отырып, көңілді және интерактивті әрекеттер арқылы ойын ойнауға және бағдарламалаудың негізгі тұжырымдамаларын үйренуге мүмкіндік алады. Ойын сюжеттері, ұпай жинау және осы ойындар арқылы дереу жүзеге асырылатын кері байланыс студенттердің белсенділігін арттырады.

Бағдарламалауға қатысты тақырыптар ең көп таралған, бірақ бағдарламалауды үйрену көбінесе көңілсіз әрекет ретінде танылады. Объектіге бағытталған бағдарламалау тілдерін үйрену әсіресе студенттер үшін қиын, өйткені бағдарламалау тұжырымдамалары күрделі, когнитивті күш-жігерді қажет етеді, алгоритмдік ойлау мен проблемаларды шешу дағдыларын қажет етеді және ұзақ мерзімді процесс болып табылады. Ойынға негізделген оқыту белсенді оқуды ынталандырады және визуалды интерфейстер мен тартымды орталар арқылы бағдарламалау тұжырымдамаларымен қызықты танысуға мүмкіндік береді. Бұл тартымды және ынталандыратын орталар күрделі бағдарламалау тұжырымдамаларын жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Мысал ретінде біз «Лифтер» ойынын ұсынамыз. Бұл ойын арқылы білім алушылар JavaScript тілінде бағдарламалау бойынша білімдері мен дағдыларын тереңдете алады және оқу процесіне мотивация мен қатысуды арттыра алады. Ойынның тапсырмалары мен қиындық деңгейімен ерекшеленетін 19 деңгейі бар. 3 және 4 суретте «Лифтер» ойыны ұсынылды.



3 – сурет. «Лифтер» ойыны



4 – сурет. «Лифтер» ойынының деңгейлері

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылайтын болсақ, оқу процесінде геймификацияны қолдану ойынға әсер етпей, білім алушының оқуын біркелкі бағалау мүмкіндігі екенін атап өткен жөн.

Осылайша, бағдарламалау тілін үйрену кезінде ойын элементтерін пайдалану оқу материалын сәтті меңгеру үшін жағдай жасауға, білім алушылардың жоғары ынтасын сақтауға мүмкіндік береді және мұғалімдерді күнделікті тапсырмалардан босатуға және шығармашылыққа көбірек уақыт беруге мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Анастасиадис Т, Лампропулос Г. Сиакас К. (2018). Сандық ойындарға негізделген оқыту және білім берудегі маңызды ойындар. Ғылыми зерттеулер мен инженерия саласындағы халықаралық жетістіктер журналы., 4(12), 139-144. <https://doi.org/10.31695/IJASRE.2018.33016>

2. Виденовик М, Трайковик В, Кениг Л.В. және Вольд Т. (2020). Толықтырылған шындық оқу ойындарын пайдалану арқылы оқыту сапасын арттыру. Мультимедиялық құралдар мен қосымшалар, 79 (33-34), 23861-23885. <https://doi.org/10.1007/s11042-020-09046-7>

3. Бойл, Э. А., Хэйни, Т., Коннолли, Т. М., Грей, Г., Эрп, Дж., Отт, М., Лим, Т., Найнаус, М., Рибейро, К., & Перейра, Дж. (2016). Компьютерлік ойындар мен маңызды ойындардың әсері мен нәтижелерінің эмпирикалық дәлелдері туралы әдебиеттерге жүйелі шолуды жаңарту. Компьютерлер және білім, 94, 178-192. <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2015.11.003>

4. Хафиз, М. (2022). Тиімді оқу ортасын қамтамасыз етуге дәстүрлі оқытумен салыстырғанда ойын жаттығуларының әсері: салыстырмалы шолу. Қазіргі білім беруді зерттеу журналы, 12 (2), 89-105. <https://doi.org/10.18844/serj.v12i2.6374>

5. Білім алушылардың білім беру нәтижелерінің сапасын арттыру үшін Алгоритмдеу және бағдарламалау негіздерін зерделеуге геймификация элементтерін енгізу шарттарын зерттеу / Е. К. Герасимова, Н. В. Гавриловская, Е. В. Соболева, Т. Н. Суворова // ғылым мен білімнің болашағы. 2021. № 4 (52). 461-477 ББ. <https://doi.org/10.32744/pse.2021.4.31>.

6. Курчатова Н. Ю. білім берудегі Геймификация / / инновация және педагогтың тәуекелдік құзыреттілігі: он алтыншы Халықаралық сырттай ғылыми-әдістемелік конференцияның ғылыми еңбектер жинағы, Саратов, 13 наурыз 2019 ж. Саратов: Саратов дереккөзі, 2020. 2-бөлім. 22-27 б.

7. Білім берудегі Геймификация оқу материалын игеруге қызығушылықты арттыру факторы ретінде / Г. М. Мурзагалина, г. в. Тихомирова, О. в. Филиппова, Н.Ю. Корнеева, В. Н. Галиакберова // Мәскеу экономикалық журналы. 2022. Т. 7, № 4. Б.42. https://doi.org/10.55186/2413046X_2022_7_4_227.

8. Акчелов Е. О., Галанина Е. В. білім берудегі геймификацияға жаңа көзқарас / / әл-ауқат векторлары: экономика және қоғам. 2019. №. 1 (32). 117-132 ББ. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/novyy-podhod-k-geymifikatsii-v-obrazovanii/viewer>

9. Вяткина Г. Я. геймификация оқу мотивациясын басқару тәсілі ретінде / / қазіргі аграрлық ғылымның мәселелері: Халықаралық ғылыми конференция материалдары, Красноярск, 15 қазан 2021 ж. Красноярск: Красноярск. мемлекеттік аграр. ун-т, 2021. 464-468 ББ. URL: <http://www.kgau.ru/new/all/konferenc/konferenc/2021/Agro2021.pdf?ysclid=lmmk0cm9uz964336387>.

10. Климкович Е. В. Жоғары және қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру процесінде білім беруді геймификациялауды дамыту / / Заманауи педагогикалық білім беру. 2021. № 8. 23-26 бет.

«САПАЛЫ БІЛІМГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ЖОЛДАРЫ»

Каиржанова Толкын Жылкыбаевна
СҚО, Петропавл қаласы, «Ә.Бөкейхан атындағы №25 жалпы білім
беретін орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі



Сапалы орта білім алу- әрбір баланың мызғымас құқығы. Мұндағы түйінді сөз «сапа». Сондықтан білім сапасын арттыру мен мұғалімдер біліктілігін арттыру ауадай қажет. Білім сапасына әсер ететін фактор көп. Халықаралық зерттеулер мен тәжірибелер бойынша ең біріншіден ұстаздың рөлі зор болмақ. Осы тұрғыдан келгенде әрбір педагогтің өз пәнін терең білуге, тақырыпты шебер жеткізуге, балалардың психологиясын меңгере білуге, жас ерекшелігіне мән беруге тиіс. Домбыраны тартар алдында құлақ күйін келтіріп алу керек екені белгілі, сол секілді сабақты сапалы, жоғары деңгейде өткізу үшін ең бірінші баланың көңіл күйіне қарап алу қажет. Бала үйінен қандай көңіл күймен келді? Оқушының үйінде жайсыз жағдай болса, оны баланың бет-әлпетінен, сөйлеген сөзінен, жүріс-тұрысынан аңғара білетін әрбір педагогте кәсіби қабілет болуы керек. Екіншіден, баланың білім алатын ортасы өте жайлы әрі қауіпсіз болуға тиіс. Қаланың да, ауылдың да мектебінде де баланың саналы тәрбие, сапалы білім алуы үшін қолайлы жағдай жасалуы қажет. Бұл үшін мектеп ғимаратын қымбат жиһазбен қамту міндет емес. Жайлы ортаны қалыптастыруға бала, ата-ана, педагог — осы үштік одақ бірлесіп үлес қосуы керек.

Білімнің сапасын арттыратын үшінші фактор — физика, химия, биология секілді пән кабинеттері жаңа үлгіде модификациялануға тиіс. Оқушылар зертханалық жұмыстарды, практикалық тапсырмаларды орындау кезінде қажетті құрал-жабдықтарды тиімді пайдалануы керек. Кей мектептерде соңғы үлгідегі құрылғылар қолданылмай тұрып қалатыны рас. Мұғалімдер пайдаланбайды немесе пайдалану білмейді. Бұл — дұрыс емес.

Оқушылар сапалы білім алуы үшін, төртіншіден, мұғалімдер сабақты тек оқулықтағы материалдарды ғана пайдаланумен шектелмеуі керек. Әрбір педагог қосымша материалдарды ізденіп, өз пәнінің мазмұнын байыта түсуі, сабақты қызықты етіп өткізуге тиіс. Бұл ретте интернет ресурстарын мүмкіндігінше пайдалану қажет. Сапалы білім берудің бесінші талабы — сыныптағы барлық балаға бір деңгейде тапсырма бермей, әр баланың қарым-қабілетін ескере отырып, тапсырма беру керек. Бір бала оқу арқылы, біреуі тыңдау арқылы, тағы бірі зертханалық жұмыстарды жасау арқылы, енді бірі нақты мысалдарды айтып, түсіндіргенде ғана сабақты жақсы қабылдайды. Осы ерекшеліктеріне байланысты педагог әр баланың оқуға деген ынта-ықыласын, белсенділігін арттыра білуге тиіс. Оқушының сапалы білім алуы үшін балаға өз бетінше ізденуге мүмкіндік беру де маңызды. Алтыншы фактор білім сапалы болуы үшін мұғалімнің жүктемесі, сағаты да аздау болуы керек. Жүктемесі көп болса, мұғалімнің сабаққа дайындалуға мүмкіндігі болмай қалады. Соныңкесірінен білім сапасы төмендейді. Сабақ сапалы өтуі үшін оған жоғары деңгейде дайындалу қажет. Әрбір сабақтан кейін сол тақырыпты педагог әріптестерімен бірге талдау керек. Жалпы мұғалімдер бір-бірімен жиі пікір алмасып, тәжірибе алмасып тұрғаны жөн. Басылым беттерінде тәжірибелерімен бөліскен дұрыс. Сабаққа дейінгі дайындық, сабақ және сабақтан кейінгі талдау — осы үш кезең толық жүзеге асқан кезде сабақ жоғары деңгейде өткізіледі. «Оқу инемен құдық қазғандай» деген нақыл бар. Қазір адамдар ақпарат ағымының көптігіне байланысты білім мен ақпарат арасындағы айырмашылықты айыра алмай жатады. Ақпаратты оқи салып, соны оқумен ғана шектелу білім алғанға жатпайды. Білімді болу үшін қажырлы еңбек керек, сол кезде ғана ілім санаға қонып, білім болып қалыптасады. Яғни инемен құдық қазғанындай болмайынша, білім — білім болмайды.

Білім беру саласы қашан да асқан жауапкершілік, үлкен ынта мен өз саласының

үздіктері арқылы көрініс табады. Кез-келген жан ең алдымен мұғалімнің алдынан өтетіні анық. “Ұстазы жақсының — ұстамы жақсы” деген мақалды басшылыққа алатын болса, ұлт ұландарына сапалы білім, саналы тәрбие бару барысында мұғалімдерге артылатын жүктің салмағы ауыр. Ол өзінің іс-қимылы, білімі мен біліктілігі, тіпті киім кию әдебімен оқушыларға үлгі ретінде танылып, олардың дұрыс жолға бағыт алуына ықпал ете алады. Білім беру барысында тәрбиені қатар алып жүру шарт. “Тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың хас жауы”, деп ғұлама ғалым әбу-Насыр Әл-Фараби атамыз айтып кеткендей, оқыта отыра тәрбиелеу, тәрбиелей отыра мәдениетті ұрпақ қалыптастыру бізге жүктелген үлкен міндет. Әрине, бұл ең алдымен отбасында көрініс табатыны анық. Олай болса, ұстаздардың ата-аналармен тығыз байланыс орнатып, үнемі әлеуметтік жағдайды басшылыққа алып отыруы да үлкен маңызға ие. Кез-келген сабаққа деген ынта, ата-ананың қадағалауы, ұстаздың талабы арқылы көрініс табады. Сол себепті, әр шәкіртпен жекелей жұмыс жасау арқылы, қандай да бір туындаған мәселенің оң шешімін табуға болады. Әр бала бөлек әлем. Олардың бойындағы білімге деген ынтаны маздатып жағу үшін, қызығушылықтарының қай бағытта өрбитіндігін де біліп алған жөн. Ұстаздардың қолданатын әдіс-тәсілі, сабақ барысын ұйымдастыру ең маңызды шарттардың бірі. Бүгінгі таңда олардың түрлері сан алуан. Заман ағымына орай, жаңашылдықтың жаршысы болып, үнемі мұғалім өзін жетілдіріп отыруы тиіс. Әрине, әр педагогтың өзіне тән икемі, ұстанатын қағидасы мен алға қойған мақсаты бар. Алайда, бәріне ортақ міндет, оқу сапасын оңтайландыру мен оқушылардың зейінін ашу. Сол себепті, “мектептің жүрегі”, мейірімді мамандық иелерінің мәртебесін көтеру де ең маңызды тетіктердің бірі. Осы орайда, Мемлекет басшысы “Педагог мәртебесі туралы” Заңға қол қойып, қоғамда ұстаздың рөлі қаншалықты зор екендігін тағы бір дәлеледеп өтті. Егер мұғалімге деген мейірбандылық, сыйласымдылық, құрмет көрініс таппайтын болса, білім сапасының да айтарлықтай жоғары болуы екіталай. Сол себепті, ұстаз шәкірттерді сыйлап, оған қоса, өзін де сыйлата білуі керек. Ұлттың ұлылығын ұлықтайтын бүгінгі ұлт ұландары. Ел ертеңі бүгінгі жас буынның қолында. Мектеп партасында отырған бүлдіршіндер болашақтың іргесін қалайды. Сондықтан, бүгін біздің берген білім, болашақта олардың дамуына зор ықпалын тигізетіні анық.

Қазіргі таңда Қазақстанның білім беру жүйесі бір жолға қойылған. Ұстаздардың болсын, оқушылардың болсын біліктілігін арттырып, шеберліктерін шыңдау үшін түрлі байқаулар ұйымдастырылып, бағдарламалар дайындалуда. Озық елдермен иық тіресіп, әлем бойынша білім сынында алғашқы орындардан көрініп жүрміз. Бұл әрине, көңіл қуантады. Тәуелсіздікке қол жеткізген соңғы 30 жылда ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктеріміз жетіп артылады. Мұның бәрі Егемендіктің арқасы деп ойлаймын. Бүгінгі күннің ұрпақтары еркін ойға ерік бере алады, болашаққа деген жоспарлары айқын, кез-келген мамандықты таңдап, оны терең дамыту үшін қосымша білімін тереңдетуіне жағдай жасалған. Жыл артқан сайын білім беру жүйесі де терең зерттеліп, ең ұтымды тәсілдер басшылыққа алынуда. Тіпті, қиын-қыстау кезеңде де, еш мойымастан, бір кісідей білімді жалғастырып кете алдық. Әлемді әбігерге салған короновирустық инфекциясы салдарынан “қашықтан білім беру” жүйесі енгізіліп, бастапқыда қорқыныш тудырған өзгеріс, уақыт өте келе өзінің тиімділігін де байқатып үлгерді. Мұның бәрі ұстаздардың кемелдігі мен заманауи технологияларды еркін меңгеріп, кез-келген жағдайдан жақсы жолын тауып шығуға иекмді екендіктерін байқатады.

«Ұстаздың биігі ойлана қарасаң биіктей береді, үніле қарасаң, тереңдей береді, қол созсаң қарсы алдыңда, айналсаң артыңда тұрғандай» – деп Сократ айтқандай егеменді еліміздің алдыңғы қатарлы отыз елдің қатарына қосылуға табандылықпен жылжу қоғамымыздың барлық саласында түбегейлі өзгерістер енгізіп, жаңа талаптар мен жаңартылған бағдарламалар қойылып отыр. Соның ішінде болашақ ұрпаққа әлемдік деңгейде білім беру мақсатына орай білім мазмұнына жаңаша қарау – басты міндеттердің бірі. Қазіргі кезде білім берудің жаңа жүйесінің жасалынуы, білім мазмұны мен әдіс-тәсілдерінің жаңаруы бәсекелестікке қабілеті мол, шығармашылық бағытта еңбектенетін, ой қабілетімен ерекшеленетін азаматты тәрбиелеуді көздейді.

Сапалы білім – ел болашағын айқындайтын басты көрсеткіш болып табылады. Бүгін мектеп партасында отырған бүлдіршіндер ертең ел тағдырын шешетін азаматтар.

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады», -деп Абай атамыз айтқандай, озық ойлы білімдар адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне үлесін қосып келеді. Олардың сапалы білім алуын бүгін қамтамасыз ету – мұғалімнің басты міндеті. Осындай қоғамдық әлеуметтік мәдени өзгерістер, дамулар мектептің оқыту процесіне әсер ететіні сөзсіз. Кез келген оқыту белгілі мөлшерде адамды дамытады. Оқитын пән қаншалықты жаңа, бағалы болса да, мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болсын, мұғалім мен оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының адам ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі – баланың оқыта отырып, ой еркіндігін, белсенділігін, ізденімпаздығын қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Жыл артқан сайын білім беру жүйесі де терең зерттеліп, ең ұтымды тәсілдер басшылыққа алынуда. Тіпті, қиын-қыстау кезеңде де, еш мойымастан, бір кісідей білімді жалғастырып кете алдық. Әлемді әбігерге салған короновирустық инфекциясы салдарынан “қашықтан білім беру” жүйесі енгізіліп, бастапқыда қорқыныш тудырған өзгеріс, уақыт өте келе өзінің тиімділігін де байқатып үлгерді. Мұның бәрі ұстаздардың кемелдігі мен заманауи технологияларды еркін меңгеріп, кез-келген жағдайдан жақсы жолын тауып шығуға иекмді екендіктерін байқатады.

Жалпы, мұғалім мәртебелі мамандық иесі. Оның атқаратын қызметі мен сіңіретін еңбегі орасан зор. Біз, көзі ашық, көкірегі ояу, саналы ұлт ұландарын тәрбиелеу үшін бар жанымызды салып жұмыс жасай бермекпіз! Сауатты оқушыларымыз көп болсын!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://aqtobegazeti.kz/?p=134686#:~:text=%D0%A1%D0%B0%D0%BF%D0%B0%D0%BB%D1%8B%20%D0%B1%D1%96%D0%BB%D1%>
2. «Білім айнасы» газеті
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық, 3-деңгейлік;
4. Ә.Мәжитұлы «Халық даналығы»

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА КӨРКЕМ МӘТІНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Есенаманова Гулжанат Габусановна

«А.Тихоненко атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Көркем мәтінді оқыту ауызша сөйлеуді дамытуға, сөздік қорын байытуға, қазақ тілінің мәдениеті мен әдебиетімен таныстыруға, аналитикалық ойлауды дамытуға көмектеседі. Сондықтан оқу процесінде көркем әдебиет үзінділерін пайдаланатын сабақтар өте маңызды орын алады.

Оқу – қарым-қатынастың жазбаша түрін қамтамасыз ететін сөйлеу әрекетінің дербес түрі. Қолданылуы, қолжетімділігі және маңыздылығы бойынша барлық сыныпта негізгі орындардың бірін алады, өйткені дәл оқу дағдысының негізінде ауызекі сөйлеу және жазу дағдыларының дамуы жүзеге асады [2].

Көркем мәтін – бұл дәстүрлі түрде қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің кәсіби қызметінің ажырамас бөлігі, оның ерекше ғылыми-эстетикалық түрі, әдебиет туындысын жан-жақты талдау нұсқасы, мектепте әдебиетті шығармашылық оқытудың негізі. Мектептегі әдебиет сабағында проза жетекші орын алады. Өздеріңіз білетіндей, прозалық шығармалардың көпшілігі мәтіннің эпикалық түрі мен баяндау түріне жатады. Оның жанрлық нұсқалары әртүрлі, бірақ оларды көркем оқу өнерінде біріктіреді, бұл оқиганың артындағы оқиға оқырманнан оқиғалардың жарқын көрінісін, осы оқиғаларға байланысты кейіпкерлердің мінезіндегі өзгерістерді талап етеді. Прозалық әңгімелерді көпшілік алдында оқу орындаудың ерекше техникасын – баяндауды қамтиды. Бұл әңгіме тыңдаушымен жайбарақат сөйлесудің, оқырманның автор жазған шытырман оқиғаларға

қатысуының елесін тудыруы керек. Проза стилі күнделікті сөйлеу тіліне жақын, сондықтан, мысалы, поэтикалық сөйлеуге қарағанда, балалардың қабылдауы мен орындалуы қол жетімді.

Қазіргі мектептегі білім берудің басты мақсаты – жан-жақты дамыған тұлғаны мақсатты және жоспарлы қалыптастыру. Осы мақсатқа жетуде келесі міндеттерді шешетін әдеби оқу сабақтары үлкен рөл атқарады:

балалардың көркем шығарманы толыққанды қабылдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, оқығанына эмоционалды түрде жауап беру,

көркем мәтіндерде қолданылатын бейнелеу тілін түсінуге және сезінуге үйрету қабілеттерін дамыту;

оқушылардың поэтикалық есту қабілетін дамыту, оларда көркемдік талғамға тәрбиелеу, балалардың сөйлеуінің оңтайлы дамуын және сөйлеу дағдыларын, сондай-ақ оқу, әңгімелеу және тыңдау дағдыларын белсенді қалыптастыруды қамтамасыз ету;

балалардың сезімдік тәжірибесін, қоршаған әлем туралы шынайы түсініктерін байыту.[3]

Осылайша, көркем мәтіндерді оқытудың әдістемелік жүйесі, ең алдымен, оқушылардың оқу техникалық дағдыларын дамытуға және оқу процесінің алдында тұрған танымдық мәселелерді шешуге ғана емес, зерттелетін әдеби шығарманы эстетикалық қабылдауға ықпал етуі керек.

Қазіргі таңда мектеп жасына дейінгі балаларды көркем оқуға үйретуде әдеби білім беру мен дамыту басым бағыт ретінде белгіленіп отыр. Мария Павловна Воюшина бұл «бір жағынан көркем шығарманы толық қабылдайтын оқырманды, екінші жағынан әдеби шығармашылықты, өз ойын сөзбен адекватты жеткізе білу қабілетін дамытуға бағытталған екі жақты процесс» деп есептейді [4]. Әдеби білім оқу әрекетін қалыптастырудың арнайы ұйымдастырылған процесі, оның мақсаты өнермен толыққанды қарым-қатынас жасау үшін жағдай жасау болып табылады. Балалардың әдеби дамуына ықпал ететін оқу сабағының негізгі түйіні – көркем мәтінді талдау. Талдау мақсаты – шығарманы толық немесе идея деңгейінде қабылдау. Воюшинаның пікірінше, толық қабылдау деп оқырманның шығарма кейіпкерлері мен авторына жанашырлық таныту, эмоцияның динамикасын көре білу, жазушы жасаған өмір суреттерін өз қиялында жаңғырта білу, шығарманың мотивтеріне ой жүгірту деп түсінеді.

Мектеп тәжірибесінде «көркем мәтінді талдау» және «шығарма мәтінімен жұмыс» ұғымдары жиі кездеседі. «Мәтінмен жұмыс» термині бастауыш сыныпқа тән ғана емес, сонымен қатар оқу дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін әртүрлі жұмыс түрлеріне сілтеме жасай отырып, нақты мазмұн деңгейінде оқуды түсіну бойынша жұмысты білдіреді. Бастапқыда бала оқығаны туралы өз басынан кешкендері туралы қызығушылықпен әңгімелейді, өйткені ол мәтінде автордың бар екеніне, оның болып жатқан оқиғаға қатынасына күмәнданбайды, оны жазушы өз шығармасында қолданады. Балалар көбінесе өнер туындысын бұрыннан белгілі нәрсенің иллюстрациясы ретінде қабылдайды (мейірімді болу керек, сараң болу ұят, үлкендерді тыңдау керек және т.б.). Сабақтың кезеңдерін қарастырғанда, мұғалім үшін назар аударуға тұрарлық көркем мәтінді оқытуға дайындық кезіндегі басты белгілердің бірі – сынып оқушыларының жас ерекшеліктері екенін естен шығармауымыз керек. Мектепке келген балаларға аңғал реализм – әдебиет пен өмірді толық сәйкестендіру, шындық пен автор жасаған дүниені ажырата алмау тән екені белгілі. В. В.Виноградов оқырманның аңғал реализмі шамамен 6 жастан 11 жасқа дейінгі баланың табиғи және жемісті күйінде болады деп санайды [8]. Әдеби мәтіндерді оқудың басында бала тек «не туралы?» деген сұраққа жауап бере алады. Сөйтіп, шығарманың тақырыбын айтып, мазмұнын қайталайды. Әдебиетке деген аңғал-реалистік көзқарас жетілмеген, бірақ дәл соның арқасында баланың оқыған нәрсеге реакциясы тез және эмоционалды болғандықтан, ол мәтінді талдау және қайта оқу үшін бастапқы нүктеге айналады. Болашақта мұғалімнің әдебиетті тереңдетіп оқытудағы жұмысының арқасында бала «қалай?», «не?» деген сұрақтарға жауап бере алады.

Қазақ тіл білімінің негізін салушылар — А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбанов еңбектерінен мәтін туралы алғашқы ойларды кездестіреміз. А.Байтұрсынұлы мәтінді шығарма сөз деп атап, сөйлеудің бірлігіне жатқызады. Олай дейтін себебіміз, ғалым: «Сөз өнерінен

жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты шығарма» [5]. Оқушы оқуға жаттығуда оқулықты, ондағы мәтінді оқудан бастайды. С.Рахметова «Түсініп оқуда балалардың назары шығарманың идеялық мазмұнына аударылады. Түсініп оқу барысында оқушыларда елес, ұғым, бейне жоғары сезімдер пайда болады. Түсініп оқуды жүзеге асыруға алғашқы кезде балаларға жеңіл, өздері түсіне алатын сюжетті мәтіндер оқытылады» -деген. Көркем мәтінді оқытудың әртүрлі түрлері бар [6], олардың әрқайсысы арнайы оқу дағдыларын қалыптастырады және тиісті талдау әдістері арқылы жүзеге асырылады (1-кесте).

Кесте 1. Көркем мәтінді оқыту түрлері

Көркем мәтінді оқыту			
Стилистикалық талдау	Іс-әрекеттің дамуын талдау	Көркем бейнелерді талдау	Проблемалық талдау
Автордың тілдік құралдарды қолдануын талдау (көркем сөздермен жұмыс)	сюжет пен композиция бойынша жұмыс	образ-кейіпкер, образ-пейзаж, образ-тәжірибе, бейне-зағ	проблемалық жағдайды құру, оны бірлесіп шешу (бірлесіп іздеу)
Бейнелі тілді қабылдау қабілеті	іс-әрекеттің даму логикасын көре білу	автор жасаған суреттерді өз қиялында жаңғырта білу, образ-кейіпкерді, образ-тәжірибені тұтас қабылдау қабілеті	автордың бағасын көре білу, көркем мәтін идеясын меңгеру

1. Стилистикалық талдау

Дәстүр бойынша көркем мәтіннің тілі бойынша жұмыс балаға түсініксіз сөздердің лексикалық мағынасы нақтыланатын «сөздік жұмыс» деп аталатын жұмысқа дейін жалғасады. Өнермен толық қарым-қатынас жасау үшін сөзді көркем образ жасау құралы ретінде қабылдау қажет, т.б. [6]. Балалардың өздері автордың сөздері мен өрнектеріне сирек назар аударатындықтан, балалардың назарын оларға сәйкес сұрақтармен аудару қажет, өйткені «оқу қабілеті – сөздің мағынасы мен сұлулығына, оның нәзік реңктеріне сезімтал болу» [9].

неге автор: «...» деп жазады?

«...» сөзі нені білдіреді?

қандай сөздер бізге жарқын «...» елестетуге көмектеседі?

Автор қандай сөздерді қолданады?

бұл сөз сізде қандай ойлар мен сезімдерді тудырады?

«...» деген сөзді қалай түсінесіңдер?

«...» деген көзқарасын автор қай сөзбен көрсетеді?

автордың көңіл-күйін қандай сөздер мен өрнектер білдіреді?

Ақынның «...» деген көзқарасы неғұрлым анық көрсетілген салыстыруды табыңыз; сурет салуға көмектесетін сөздерді табыңыз.

2. Іс-әрекеттің дамуын талдау.

Эпикалық шығармалардың көпшілігі оқиғаларды дәйекті және егжей-тегжейлі сипаттауға негізделген, бұл балалардың қабылдауын жеңілдетеді. Ол үшін эпикалық мәтіндерді оқу сабағында мәтіннің бір бөлігі ғана емес, эпизодтары (негізгі көріністер) талданады. Әсіресе мәтін үлкен болса:

Не, қайда, қашан болды? Неліктен?

Мұның салдарынан не болды?

Бұған жол бермеуге болар ма еді?

Недіктен бұлай болды? Бұған кім кінәлі?

3. Көркем бейнелерді талдау.

Эпикалық шығармалардағы қаһарман – көркем ойды жеткізудің маңызды құралдарының бірі. Балада көркем образ арқылы автор бейнеленген нәрсеге, дәуірге, әлеуметтік жағдайға және белгілі бір тірі қаһарманға өз көзқарасын жеткізеді деген түсінік болуы керек. Біртұтас қабылдау оқырманның кейіпкерге деген эмпатиясын, оның іс-әрекетінің мотивтерін, жағдайларын және салдарын ой елегінен өткізуді, образдың дамуын қадағалап, автордың кейіпкерге деген көзқарасын көріп, өзінің және автордың бағасын салыстыруды болжайды. Бірте-бірте балаларда кейіпкерлерді бейнелеу әдістері, сезімдер мен тәжірибені білдіру тәсілдері (әрекеттер, сөйлеу, ойлар, эмоциялар, мимика, ым-ишара, интонация) туралы түсінік қалыптасады. Сонымен бірге балалардың сөздік қорын сезімдерді, күйлерді, мінез-құлық қасиеттерін білдіретін сөздіктермен байыту жұмыстары жүргізіледі.

4. Мәселені талдау

Талдаудың басында проблемалық сұрақ тұрады, оған жауап іздеуде оқиғалар мен кейіпкердің мінезін бағалауда әртүрлі көзқарастар туындауы мүмкін. О.В.Кубасова проблемалық мәселелердің репродуктивті мәселе-лермен салыстырғандағы өзіне тән белгілерін келесідей бөледі [7]:

- а) қарама-қайшылықтың болуы және балама жауаптардың мүмкіндігі;
- б) сыйымдылық, яғни. бір фактіні емес, автордың ниетін түсіру мүмкіндігі; в) қызықты;
- г) жеткілікті қиындық өлшемі.

Мұғалім бұл оқыту түрлерін балалармен жұмыс жасауда қолданады, сол арқылы оқу дағдысын қалыптастырады. Бала бірте-бірте автордың идеясын, оқиғаларды бағалауды көре бастайды, іс-әрекеттің даму логикасын көреді, өз қиялында шығарманың көркемдік әлемінің суретін жаңғыртады және бейнелеу өнерінде қолданылатын тілдің бейнелеу құралдарының ролін түсіне бастайды. Мәтінге байланысты ұйымдастырылатын жұмыстың тағы бір түрі - сөздік жұмысы. Оқу сабақтарында сөздік жұмысына әдейі кезең бөлінбейді. Алайда сөздік жұмысы сабақтың өн бойынан орын алады. Мәтінді дұрыс қабылдау үшін сөздік жұмысын жүргізбейінше мақсатқа жету мүмкін емес. Мысалы, бірқатар оқушылар әуежай, тікұшақ, теміржол, әуежолы, әуе т. с. с. сөздерді түсіндірмесе, ішінде осы сөздер кездесетін мәтіндерді дұрыс қабылдай алмайды, оларда елес тумайды. Оқу барысында түсініксіз сөздер ғана емес, сондай-ақ сөз тіркестері де кездеседі (Мысалы, әдісіңе ақылыңды жолдас ет т. б.). Сондықтан оқылатын шығармаларда кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіру жұмысы текстті дұрыс қабылдау шартының бірі болып табылады. Мәтінде кездесетін түсініксіз сөздер мен ұғымдарды түсіндіру үш кезеңде жүргізіледі: 1) мәтінді оқуға дайындық кезінде; 2) шығарманы оқу барысында; 3) оқып болғаннан кейін. Мәтінді оқуға дайындық кезінде шығарманың мазмұнын ұғынуға қиындық келтірілетін сөздер түсіндіріледі. Кейбір сөздердің мағынасы контекстке қарай өзінен өзі түсінікті болады және оқымас бұрын көп сөздер мен ұғымдарды түсіндіре бергенімен, ұмтылып қалады да оған қайта оралу керек болады.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында (ҚР Президентінің 26.02.2021 №521 Жарлығымен) Сапалы білімге байланысты: «Оқушылардың ойлау дағдыларын қарапайым деңгейден (білу, түсіну, қолдану) жоғары деңгейге дейін (талдау, синтездеу, бағалау) қалыптастыру, пәнаралық байланыстарды барынша тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін «өтпелі тақырыптардың» болуы маңызды болады» деп міндеттейді [1]. Сол себепті, оқушыларда көркем мәтінді оқыту процесі өздігінен жүрмейді, мұғалімнен белгілі бір педагогикалық жағдайларды сақтай отырып, осы бағытта жүйелі жұмысты ұйымдастыру талап етіледі. Бірінші шарт – әдеби шығармаларды саналы түрде таңдау, қарапайымдылардан бастап, олардың мазмұны, көлемі мен құрылымы біртіндеп күрделене түседі. Екінші педагогикалық шарт ретінде біз мәтінді талдау, оны қабылдау және қайталау бойынша бірлескен қызметті ұйымдастырудың ерекшеліктерін қарастырамыз. Сондай-ақ, заманауи педагогикалық практикада балалардың мәтінді қабылдауы бойынша терең жұмыс шеңберінде арнайы әдістер қолданылады, оларды қолдану балалардың ойлау операцияларын, есте сақтау қабілетін және зейінін дамытуға

ықпал етеді. Оқушылардың көркем мәтіндерді қабылдауды тиімді дамытуға ықпал ететін белгілі бір педагогикалық жағдайларды тұжырымдадым. Осы шарттар негізінде мынадай ұсыныстар ұсынылады: әдеби мәтіндерді олардың құрылымын, көлемін, семантикалық мазмұнын біртіндеп күрделендіре отырып таңдау; мәтінді құрылымы мен семантикалық мазмұны тұрғысынан міндетті түрде талдай отырып, қайта айту бойынша бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру; балалардың қабылдауын, зейінін, есте сақтау қабілетін және ойлауын дамытуға бағытталған арнайы әдістерді қолдану.

Осы әдістерді әр сабақ сайын түрлендіріп қолдансақ, оқушыларымыз бірте - бірте көркем шығармаларды оқуға қызығушылықтары артып, зейіндерін шоғырландыратымыз сөзсіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары. ҚР Перезидентінің 26.02.2021, №521 Жарлығы.
2. Анализ художественного произведения: стиль и внутренняя форма [Текст]: учебное пособие / И.Г. Минералова. – М.: Флинта: Наука, 2011 – 253 с.
3. Бабенко, Л.Г. Лингвистический анализ художественного текста / Л.Г. Бабенко, Ю.В. Казакин. – М.: Флинта, 2009. – 496 с.
4. Воюшина, М. П. Методика обучения литературному чтению / М. П. Воюшина. и др. – М.: Издательство «Академия», 2013. – 288 с.
5. А.Байтұрсынұлы Тіл тағылымы, -Алматы: Ана тілі, 1992.
6. Рахметова С. Бастауыш класс оқушыларының тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Пед.ғыл.док.дисс. Алматы,1994 ж.

БАСТАПҚЫ ХИМИЯЛЫҚ ҰҒЫМДАР

Елекенова Сауле Далеловна
Астана қаласы, Шәкәрім атындағы №56 мектеп-лицейі
химия пәні мұғалімі

Аннотация

«Бастапқы химиялық ұғымдар» атты авторлық бағдарлама 7-9 сыныптарда оқушылардың химия пәнінен алған теориялық білімдерін одан әрі дамытып, алғашқы химиялық ұғымдарды терең меңгеріп, практикалық есептер шығару дағдысын қалыптастыруға арналған.

Бұл бағдарлама химияны оқытудың маңызды бір құрамдас бөлігі – химиялық реакция теңдеулерін сауатты құрастыру және есептер шығару әдістемесіне арналған.

Мақсаты: оқушылардың химиялық білім негіздерін толық түсіну мен меңгеру арқылы шығармашылық қабілетін және химия пәні бойынша алған бастапқы химиялық ұғымдарды тиімді қолданып, теориялық білімдерін есептер шығару арқылы кеңейтіп, ойлау қабілеттерін дамыту. Оқушыларды жауапкершілікке, бастаған ісін аяғына жеткізуге, тиянақты болуға тәрбиелеу.

Міндеттері: химия пәнінен оқушылардың жалпыға бірдей білім стандартын меңгеріп және алгоритмдік деңгейге жетулеріне мүмкіндік жасау, оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытып, шығармашылық деңгейлерін көтеру, оқушыларды өз бетімен белсенді жұмыс істеуге үйрету, оқытуды өмірмен тығыз байланыстыру.

Өзектілігі: оқушы әртүрлі ғылым салаларынан алған білімін өзара ұштастырып, білім мен әрекеттің тұтастығы, ойлаудың әртүрлі әдістерін (пайымдау, жіктеу, жүйелеу, дәлелдеу, қорытындылау) қалыптастырады.

Нәтижесі: химияның негізгі түсініктері мен заңдылықтарды, химиялық терминдерді біледі, есептер шығару үшін математикалық амалдарды және есептердің шығару

алгоритмдерін меңгереді, есеп шартын және есептердегі физикалық шамаларды дұрыс жаза алады, химиялық реакциялар теңдеулерін жазып, коэффициенттерді қоя алады.

Бастапқы химиялық ұғымдар

Білім беру саласында негізгі талаптардың бірі – бәсекеге қабілетті білімді оқушыларды дайындау. Мектепке, мұғалімге қойылатын талаптар заман талабы өзгерген сайын өзгеріп отырады. Химия пәнін оқыту үдерісін жетілдіру оқушылардың танымдық белсенділігі мен ізденімпаздығын арттыруға негізделген.

Оқушылардың оқуы сонымен білім сапасы оқу барысында оқушының өзі сабаққа тікелей қатысуы, сабақ барысында тек мұғалімнің айтқанын ғана жазып, сызып қоймай өз бетінше білім алуға жағдай жасалғанда ғана оқушы білімге өзі ұмтылатыны және алған білімін одан әрі дамытуға қызығатыны анық. Сабақ барысында оқудың белсенді әрекет әдістерін қолданудың нәтижелілігін осыдан көруге болады.

Оқу - танымдық қызмет барысында оқушылар қажетті көлемдегі білімді игеріп қана қоймастан, танымдық қабілеті мен шығармашылық ойлауы да дамытылады. Химия пәнінен оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамыту мақсатында бастапқы химиялық ұғымдарды жақсы және жетік меңгеру өте маңызды. Оқушылардың пәнге деген терең қызығушылығын ояту үшін, олардың танымдық белсенділігін танытуда оқушылардың, жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, белсенділігін, дербестігін, жеке ынтасы мен шығармашылығын дамытуға жағдай жасайтын және бастапқы химиялық ұғымдарды меңгерту әдістерін іздестіру қажет. Оқушыларда танымдық қызығушылығының болуы - олардың сабақта белсенді, білімінің сапалы болуына, оқуға жағымды жағдай қалыптастыруға, оқыту үдерісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Химияда оқушыларды қызықтыратын құбылыстар аз емес. Қызығушылық адамның рухани және дене күшінің дамуының аса маңызды шарттары болып, ой-өрісін кеңейтіп білім алуға итермелейді. Оқушы қызықты сабақты зор ынтамен қабылдайды және жақсы оқиды.

Оқушылардың бастапқы химиялық ұғымдарды меңгеру барысында танымдық іс-әрекеттерін арттыру үшін ойын элементтерін кеңінен пайдалануға болады. Сабақта ойын элементтерін пайдалану сабақтың мақсатын түсіндіруге, игеру дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Ғылыми техникалық прогрестің өте шапшаң қарқынмен дамуы ой еңбегін және оқыту үрдісін сапалы түрде жетілдіріп, білім берудің жаңа түрлері мен тиімді әдіс-тәсілдерін тауып, оларды іс-тәжірибеге енгізу, оқушыларды өздігінен және шығармашылық оқуға үйретуге талап етіп отыр. Оқушыларды бастапқы химиялық ұғымдармен қаруландырып қана қоймай оларды қисынды ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту үшін «Дөңгелек үстел», «Брейн-ринг», «Бұл неліктен?», «Кім көп біледі?», «Көңілділер мен тапқырлар» ойындарын қолдану өте тиімді. Ойын элементтерін пайдаланып, деңгейлік тапсырмалар арқылы танымдық қызығушылығын арттыруға болады. Мысалы 7 сынып бойынша «Атом. Молекула», «Заттардың агрегаттық күйлері», 8 сынып бойынша «Оксидтердің жіктелуі, аталуы мен алу жолдары», «Тұздар, құрамы және химиялық қасиеттері», 9 сынып бойынша «Бейорганикалық қосылыстар», «Азот. Фосфор» тақырыптары бойынша пысықтау, үй тапсырмасын тексеру кезінде сұрақ- жауап ретінде миға шабуыл, кім жылдам, білімінді байқап көр, формулалар сайысы, бейне сұрақ, химик сараман, жарқыраған шың, банкомат ойын элементтерін қолданып, оқушылардың белсенділігін арттыруға болады.

Зертханалық жұмыстарды сабақты түрлендірудің және бастапқы химиялық ұғымдарды меңгерудің бір тиімді әдісі ретінде, оқушылардың өздігінен жұмыс істеуге дағдыландыру құралы деп сипаттауға, оқушылардың теориялық білімдерін өмірде қолдана білуге бағыттайтын іс-әрекеттің бірі деп те қабылдауға болады.

Зертханалық жұмыстар бастапқы химиялық ұғымдарды меңгеруде өте тиімді және маңызы зор. Зертханалық жұмыстарды сабақтың әр кезеңдерінде және әр түрлі оқыту формаларында қолдануға болады. Мысалы: жаңа тақырыпты өту кезінде, өтілген материалды бекіту мен қайталау кезінде, эксперименттік практикумдар мен эксперименттік есептер шығару кезінде, сабақтан тыс жұмыстарда (апталық өткізу кезінде қызықты химиялық тәжірибелер).

Егер оқушы бастапқы химиялық ұғымдарды жақсы меңгерсе, болашақта химиядан

есеп шығаруда, аралық бақылау жұмыстарын жазу барысында, ҰБТ-ға дайындық барысында қиналмайтын болады.

Осы тәсілдер мен әдістер сабаққа өзгерістер енгізуімен қатар, балаларды жүйелі жұмыс істеуге үйретеді және өздерінің тарапынан белсенді іс-әрекетке деген үздіксіз талапты күтуді қалыптастырады.

Жалпы білім беруді жетілдірудің басым міндеті оқушылардың білім, білік және дағдыларды меңгеру ғана емес, маңызды құзыреттіліктерін қалыптастыруды да талап ететін білім берудің қазіргі жаңа сапасы мен тиімділігіне қол жеткізуболып табылады. Инновациялық әдістер мен технологияларды пайдалана отырып жұмыс жасау арқылы оқушылардың коммуникативтік қабілеттерін, ақыл ойын, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, алған білімдерін тәжірибелік іс-әрекетке қолдана білуге үйренеді және функционалдық сауаттылықтарын қалыптастырады. Қорытындылай келе, орындалған жұмыстарының нәтижелерінің бағалануы негізінде әрбір оқушының жеке дара даму деңгейін анықтап беретін, ізденіс, зерттеушілік және шығармашылық қабілеттілігінің көрсеткіші ғана емес олардың жанжақты дамуы мен болашақтағы мамандығына дұрыс таңдау жасай алу жолдарында ерекше орын алады. Бұл оқушылардың уақыт талабына сай адам болып тәрбиеленуі мен білім алуына негіз болатыны сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Бекішев Қ. «Аудандық химиялық олимпиада есептері» Алматы: «Білім» 2012ж
2. Усманова М.Б. Сақириянова Қ.Н. «Сандық есептер шығару әдістемесі» Алматы: «Атамұра» 2004ж
3. Ахметжан А. Химия олимпиада есептері мен шешу жолдары. Астана-2017ж.
4. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A5%D0%B8%D0%BC%D0%B8%D1%8F>
5. <https://stud.kz/referat/show/78425>
6. <https://stud.kz/referat/show/32767>
7. https://ust.kz/materialdar/chemistry/esse_shigarma_angimeler.html

РАЗВИТИЕ МОТИВАЦИИ К ОБУЧЕНИЮ У ОБУЧАЮЩИХСЯ 5-6 КЛАССОВ

С.М. Рахимова, КГУ «Гимназия имени И.Алтынсарина отдела образования города Аркалыка» Управления образования акимата Костанайской области, город Аркалык, Республика Казахстан

Аннотация: Предметом исследования является мотивация учебной деятельности подростков общеобразовательной школы. Объектом исследования учащиеся 5-6 классов. В статье рассматриваются вопросы повышения мотивации к учебной деятельности учащихся 5-6 классов. В данной статье представлен теоретический обзор особенностей учебной мотивации подростков и осознаваемых мотивов учебной деятельности, а также их влияние на успешность учебно-познавательной деятельности школьников. Основными вопросами, рассматриваемыми в статье, являются условия для повышения мотивации учащихся 5-6 классов к учебе и как следствие, повышению качества знаний.

Аннотация: Зерттеу пәні жалпы білім беретін мектеп жасөспірімдерінің оқу іс-әрекетін ынталандыру болып табылады. Зерттеу нысаны-5-6 сынып оқушылары. Мақалада 5-6 сынып оқушыларының оқу іс-әрекетіне деген ынтасын арттыру мәселелері қарастырылады. Бұл мақалада жасөспірімдердің оқу мотивациясының ерекшеліктері мен оқу іс-әрекетінің саналы мотивтері, сондай-ақ олардың оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің сәттілігіне әсері туралы теориялық шолу берілген. Мақалада қарастырылатын негізгі мәселелер 5-6 сынып оқушыларының оқуға деген ынтасын арттыру және соның

сағдарынан білім сапасын арттыру шарттары болып табылады.

Ключевые слова: мотивация, учебная деятельность, успешность, мотив, геймификация.

Түйінді сөздер: мотивация, оқу қызметі, сәттілік, мотив, геймификация.

Новые образовательные стандарты, направленные на развитие самостоятельности, учебной и познавательной компетенции обучающихся 5-6 классов в обучении, требуют учитывать особенности учащихся данных классов. Эти классы характеризуются высоким объемом учебного материала, интенсивным темпом обучения и сложностью учебных программ. В связи с этим необходимо обеспечить развитие личности школьника на должном уровне.

Хотя важность мотивационного аспекта в образовательной деятельности школьников признается, теоретические подходы не всегда соответствуют требованиям практики. Педагоги сталкиваются с задачей поиска адекватных методов обучения, способствующих активизации мотивации учебного процесса обучающихся 5-6 классов.

Исследование мотивации достижения у школьников долгое время было в центре внимания отечественных и зарубежных исследователей, таких как А.Н. Леонтьев, М.М. Муканов, А.К. Маркова и других. Ученые изучали эту мотивацию в различных аспектах, включая ее связь с учебным процессом, интеллектуальным развитием и академической успеваемостью современных школьников, живущих в цифровую эпоху. Эти исследования помогли определить ряд задач, связанных с воспитанием, нравственным развитием и другими сферами. Наблюдается снижение мотивации достижения и успеваемости, особенно в подростковый период. Это является мировой тенденцией, вызванной растущими требованиями к уровню образования, что делает переход на рынок труда более сложным. Казахские психологи (О.С. Сангильбаев, М.А. Перленбетов и др.) подчеркивают важность развития мотивации достижения для воспитания творческих, успешных личностей, готовых к развитию и реализации своих способностей. Исследования в этой области подтверждают сложность и многоаспектность проблемы развития учебно-познавательной мотивации у учащихся, что способствует раскрытию их потенциала. Отечественные педагоги (Н.Д. Хмель, А.Б.И. Муканова и др.) внесли значительный вклад в решение этой проблемы, исследуя комплексный педагогический процесс. Диссертация А.К. Рысбаевой раскрывает важные факторы, влияющие на мотивационную сферу школьников, что является ключевым показателем эффективности системы образования.

Из анализа научных материалов выявляется противоречие между потребностью в использовании современных методов формирования учебных мотивов у обучающихся 5-6 классов и недостаточной эффективностью их применения в учебном процессе. Это приводит к постановке проблемы исследования: какие психолого-педагогические условия необходимы для формирования учебной мотивации у обучающихся 5-6 классов в процессе обучения.

Цель исследования заключается в выявлении педагогических условий, способствующих формированию учебной мотивации у обучающихся 5-6 классов.

Теоретико-методологическая основа исследования опиралась на следующие психолого-педагогические концепции:

Психолого-педагогические концепции развития личности, представленные работами Л. С. Рубинштейна, Р. С. Немова, И. П. Подласого, А. В. Коржуева, П. А. Медведевой. Эти авторы в своих трудах представляют фундаментальные исследования о психическом развитии личности, в том числе в контексте образовательного процесса, что позволит получить глубокое понимание психологических механизмов формирования мотивации учебной деятельности у обучающихся 5-6 классов.

Теория мотивации учебной деятельности, изложенная в работах Л. И. Божовича, Е.П. Ильина, А.А. Горчинской, И.П. Луксановой, также будет использоваться в качестве теоретической основы. Эти авторы представляют различные аспекты мотивации в контексте образовательного процесса и рассматривают различные методы и приемы формирования мотивации учебной деятельности.

Использование указанных концепций позволило провести более глубокий анализ

и выработать эффективные рекомендации по формированию учебной мотивации у обучающихся 5-6 классов.

